Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№51. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*	***№71. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№91. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***№2.1. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№51. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*
«ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАРЫ» КАРТОТЕКАСЫНАН Сауықтыру шаралары					
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, Бейнелеу әрекеті,кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Жыл мезгілдері»*** ***Мақсаты:*** *Суретте бейнеленген негізгі белгілері бойынша әр жыл мезгілдері жайлы түсініктерін бекіту.Балаларды жыл мезгілдерін ретін дұрыс көрсететін сөз қолдана отырып, талқылай білуге баулу.* ***Жүргізілу барысы:*** *Дайын суреттерге әр жыл мезгілінің ерекшеліктерін жапсыру немесе салу.* ***Құрал-жабдықтары:*** *Жыл мезгілдері көрсетілген суреттер, майда қима суреттер .*	***«Әдемі өрнектер»*** ***Мақсаты:*** *Балалардың геометриялық пішіндер мен түстер жайлы білімдерін бекіту, түсті таңдай білуге үйрету* ***Құрал-жабдықтар:*** *Геометриялық пішіндер, дайын өрнектер.* ***Жүргізілу барысы:*** *Дайын өрнектерге қарап отырып, берілген геометриялық пішіндерден қағаз бетінде геометриялық пішіндерден өрнек құрастырады.*	***«Тиінге саңырауқұлақ сыйлаймыз»*** ***Мақсаты:*** *Заттарды көріп сипаттау арқылы баланың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы білімін кеңейту* ***Құрал-жабдықтар:*** *Саңырауқұлақтар, себет* ***Дидактикалық ойын:*** *«Саңырауқұлақ жинау»* ***Ойынның барысы:*** *Баланы шеңберге отырғызады бірнеше саңырауқұлақ себеттің ішінде болады. Балаларға саңырауқұлақтың қайда өсетінін, қайда болатынын түсіндіре отырып, ортаға екі баланы шығарып ойын ережесін түсіндіру.*	***«Сиқырлы түстер» дидактикалық ойыны*** ***Мақсаты:*** *ойын барысында балалардың назарын және түрлі түстер мен реңктерге қызығушылығын, табиғат сұлулығын қабылдағанда қуаныш сезімін дамыту.* ***Материал:*** *түрлі түсті карточкалар.* ***Ойын барысы:*** *балаларға түрлі-түсті квадраттар-мен карточкалар беру. Содан соң педагог бір сөз айтады, мысалы, қайың. Қара, ақ және жасыл төртбұрыштары бар балалар оларды өсіреді.*	***«Керемет орман»*** ***Ойынның мақсаты:*** *балаларды өз қиялында олардың схемалық бейнелеуіне сүйене отырып, жағдай жасауға үйрету.* ***Материал:*** *бірдей қағаз парақтары, оған бірнеше ағаштар салынған және аяқталмаған, пішінделмеген кескіндер әр жерде орналасқан. Түрлі-түсті қарындаштар жиынтығы.*
Баламен	***Дидактикалық ойын:***	***Дид ойын:*** ***«Сиқырлы суреттер»***	***Отан» Ж. Әбдірашев.***	***Дид ойын: «Жаңбырлы ауа-***	***Мен де балғын гүлмін***

жеке жұмыс	***«Құлыпты аш»*** *Мақсаты:логикалық ой-лай алады, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата алады.*	***Мақсаты:*** *бірлесіп жұмыс жасайды достық қарым-қатынаста бола алады.*	*«Отан – әжем,* *Отан-анам!»* *«Туған ел!» деп,* *«Туған жер!» деп,* *Ол бекерге аталмаған...* *Атам,Әжем,Әкем,Анам –* *Төртеуі де «Отан!» маған.* *Төртеуі де «Ботам!» дейді,* *«Ер азамат атан!» дейді .*	***райы»*** *Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен сурет сала алады.*	***Автор. М. Байсариева*** *Арасында гүлдің* *Ойнап бүгін жүрдім* *Қызыл, көкшіл, сары* *Әп-әдемі бәрі* *Енді ғана білдім-* *Мен де балғын гүлмін!*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Таза ауада ұйымдастырылған ойындар «Кеме» жарысы*** ***Ойын шарты:*** *Екі дөңгелек сақина беріледі. Балалар отасына кіріп екі сакинаға кезек-кезек секіру арқылы мәреге жеті керек.*	***Таза ауада ұйымдастырылған ойындар «Жүйрік паравоз» жарысы*** ***Ойын шарты:*** *Әр топтан бір бала кедергілер арасына жүгіріп межеге барып кайта қайтып келіп өзімен бірге бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз атанады*	***Таза ауада ұйымдастырылған ойындар Жалаушаны жеткіз*** ***Ойын шарты:*** *Жалаушаны алып қойылған кедергілерден өтіп,жалаушаны келесі балаға береді,бірінші келген топ жеңімпаз болады.*	***Таза ауада ұйымдастырылған ойындар «Кім жылдам» жарысы*** ***Шарты:*** *Үрленген шармен кедергілер арасымен секіріп белгіленген межеден айналып келеміз. Бірінші жеткен топ осы бөлімнің жеңімпазы атанады.*	***Таза ауада ұйымдастыр-ылған ойындар «Допты жалғастыр»*** ***Ойын шарты:*** *барлық ойыншы бір қатарға тұрып допты жоғарыданжалғастырып, соңғы ойыншы аяқтың арасымен алға қарай береді, қай топ допты жоғарыға бірінші көтерсе сол топ жеңіске жетеді.*
Балалардың үйге қайтуы	***Ата-аналарға кеңес:*** *«Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру».*	***Кеңес:*** *мысалы:«Егер ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген жағдайда, өзін қалай ұстау қажет.*	*Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу.*	***Кеңес:*** *«Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы».*	*Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта*

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 08.07 – 12.07.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау . Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден саулығына назар аудару.* *Балалармен денсаулық туралы әңгіме жүргізу Медбикемен бірлескен жұмыс.* *Балалармен табиғат әлемі туралы әңгңме жүргізу.*				

Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	***Қимылды ойын: «Поезд»*** ***Ойынның мақсаты:*** *тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.*	***Қимылды ойын: «Күн мен түн»Ойын мақсаты:*** *балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету. Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.*	***Қимылды ойын: «Жел»*** ***Мақсаты:*** *қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.*	***Қимылды ойын: «Не жүреді және ұшады?»*** ***Мақсаты:*** *Әртүрліқимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализатор-ларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту.*	***Қимылды ойын: «Қолшатыр»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.*
Таңертең-гі гимнасти-ка	***Таңғы жаттығу кешені. Шілде айының 2 -аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық	*Достар , бері келіңдер, Қолдарыңды беріңдер. Шаттық толы шеңберге, Қуанышпен еніңдер!*	*Қуанамыз күлеміз, Бар әлемде сүйеміз. Қол ұстасып, қуанып, Достарымен бір жүреміз.*	*Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі Барлық бала саяласын*	*Достарым, кең тұрыңдар, Бақыт сонда ұғыңдар. Қол ұстасып , күліпдеп Шаттық шеңбер құрыңдар*	*Аманбысың ,алтын күн! Аманбысың, жарқын күн! Маған жылу, жарық бер, Қуаныш пен шаттық бер*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдасты рылған іс-әрекет.	***Балалар ағаштар өсу үшін не қажет? Күн, су, ауа.*** ***Күн – жарық көзі.*** *Ағаш жарықсыз өмір сүре алмайды. Ол суретші сияқты жапырақтарды жасылға бояйды. Олардың құрамында ағашқа арналған арнайы «тамақ» бар (жапырақты жасыл ететін хлорофилл дәндері) . Кейбір ағаштар жарық жерлерді жақсы көреді.* ***Күн – жылу көзі.*** *Ағаштардың кейбіреулері суыққа шыдаса, басқалары тек жылы жерде өмір сүре алады. Қыста өте қатты аяз болса, өсімдік өліп,*	***Таза ауада саяхат*** ***Қызығушылықты ояту.*** *Табиғат анадан хат келу. Балаларды табиғат патшалығына саяхатқа шақыру. Сиқырлы таяқша айнал, бізді табиғат патшалағына апар.* ***Табиғат бұрышы.*** ***Ғажайып дауыс.*** *Құрметті балалар! Табиғатта үлкен бір патшалық – өсімдіктер патшалығы бар. Өсімдіктер патшалығында үш қала бар. Бірінші қала – ағаштар. Екінші қала – бұталар. Үшінші қала – шөптер, гүлдер.* ***Сурет бойынша жұмыс***	***Тосын сәт*** ***Аула сыпырушы пакет әкеп беруі.*** *Балалар қараңдаршы бізге аула сыпырушыдан мына пакетті кім беріп жіберген. Мен таңғалып тұрмын. Бұл сендерге де қызықты болып тұр ма? Ендеше пакетті ашайық.* ***Телефон шырылдау.*** *Құрметті балалар, маған сендерден шұғыл көмек қажет. Орманға күн сәулесі дұрыс түспей тұр, орман тұрғындарына күн сәулесі өте қажет. Мына тапсырмаларды орындау арқылы күн сәулесін толық береді екен. Балалар Айболит атаға көмектесеміз бе? Айболит атаға бұл*	***Ой дамыту*** *Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді. Құстар ән айтуды үйретеді. Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді. Қар тазалыққа, күн мейірімділікке үйретеді. Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді. Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек. Бізді алда не күтіп тұрғаны және бүгінгі табиғат бізге не үйретететіні сендерді қызықтырады ма? Балалар: Иә, бізді қатты қызықтырады. Ендеше таза ауаға шығамыз.*	***Дид ойын: «Қай құстың дауысы»*** ***- Қарға қалай дауыстап жатыр ?*** *Қарға қарқылдап жатыр - Сауысқан не істеп жатыр (**Сауысқан** шықылықтайды - Торғай не істеп жатыр? (Торғай шықылдайды) -Тоқылдақ не істеп жатыр? (Тоқылдақ тоқылдатады)* ***Дид ойын: «Құстарды жина»*** *Музыка ақырын ойнайды* ***Шарты:*** *Балалар қиылған суреттерден құстардың бейнесін құрастырады, әрқайсысы өз құсын атайды* ***«Менің кім екенімді тап?»*** *(Балаларға құстардың*

	қатып қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда болуының басталуы жылудың мөлшеріне байланысты. ***-Ағаштар да адамдар сияқты су ішеді.*** *Кейбір ағаштар көп ылғалды қажет етеді , ал басқалары аз мөлшерде сумен өмір сүреді. Ағаш суды жаңбырдан алады , жаңбырдан басқа жауын-шашын түрлері бар : қар, шық, қырау, бұршақ. Қар - тамырларды жылы тон сияқты жауып, қатудан сақтайды. Көктемде қар еріген кезде ағаш еріген сумен қоректенеді .* ***- Ағаштар да адамдар сияқты тыныс алуды қажет етеді.*** *Біз сияқты өсімдіктерге таза ауа қажет. Олар кірден өледі . Сонымен қатар, ағаштардың өзі ауаны тазартады .* ***-Жел – өсімдіктердің тозаңын тасымалдайды****. Шырша, қарағай, сонымен қатар тұқым таратады* ***-Құстар - әртүрлі ағаштардың өмірінде әртүрлі рөл атқарады .*** *Құстар жемістерді жеп, тұқым таратады, ағашта мекендейтін жәндіктермен қоректенеді .* ***-Аралар, көбелектер және басқа да жәндіктер*** *гүлдерден шырын - шырын ішеді және оларды тозаңдандырады.* ***-жауын құрттары***	*Көше бойы аралас* *Қаптап өскен қара ағаш.* *Жемісі жоқ болса да,* *Саясы көп дара ағаш.* ***Дид ойын: «Қайсысы ағаш, қайсысы бұта?»*** *Олардың ұқсастығы мен ерекшелігі неде?* ***Тәрбиеші:*** *ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді.* *Ағаштардың діңі болады.* ***Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады.*** *Олардың бірнеше жіңішке сабақтары болады. Діңі болмайды.* ***Сергіту сәті:*** *Ағаштар, міне,* *Мұныңда үні – ш-ш-ш.* *Кейде жұмсақ, кейде шу, шу (2 рет)* *Кейде дауыл – гу де гу.* ***Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер.*** *Олардың сабақтары жіңішке. Олар ұзақ өмір сүрмейді.* *Ағаштарда тамыр, бір дің және жапырақтар бар екенін анықтап, дәлелдейді.* *Бұталарда тамырлар, көп сабақтар және жапырақтар бар.* ***Дид ойын: «Қандай ағаш?»*** *Қайыңның түсі қандай?* *Қайынның діңін сипайды, ол қандай (Жұмыр, майда).* *Түсі қандай? (Мұндай ақ-қара дің тек қайыңда ғана болатынын түсіндіру).* ***Эксперимент алаңы*** ***№1 тәжірибе*** ***«Ылғалға төзімділік»*** *Біз суда жатқан ағаш кесегін шығарайық.* *Оған не болғанын қараңыз. Ол*	*тапсырмаларды қалай орындағанымызды суретке түсіріп жіберейік.* ***Пакетті ашу. 4 конверт алу.*** ***Дид ойын: «Күн саулесін толықтыр»*** ***1-ші конверттің тапсырмасы: Гигиена деген не?*** *Балалардың жауаптары.* ***Дид ойын: «Гигиена заттары»*** ***Шарты:*** *Гигиена заттарын атау* ***2-ші конверт : таза ауа.*** ***Дид йын: «Таза ауа беретін заттар»*** ***Шарты:*** *Таза ауа шығатын заттарды құрастыру.* ***3-ші конверт: Дәруменді тағам.*** *Дәрумен тағамдарды атау.* ***4-ші конверт : дене жаттығулары не үшін керек?*** *Балалардың жауаптары.* ***Денешынықтыру*** ***І.Кіріспе бөлім.*** *Сәлемдесу.* *Бір қатар сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен)*** ***1.*** *Қол мен иыққа арналған жаттығулар:* ***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* ***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.* ***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.* ***б)*** *солға тербелу.* ***2.*** *Денеге арналған жаттығулар:*	*Балалар көңіл күйлерің қалай? (балалардың жауаптары)* ***Ой қозғау.*** *Аспанға қарайықшы.* *Біз күн сәулесінен ләззат аламыз ба?* *Бүгін жел соғып тұр ма?* *Ағаштар қандай көйлек киген?* *Бізге осы ағаштардың қандай пайдасы бар?* ***Тәрбиеші: Балалар сендер кішкентай ғалым болғыларың келе ме?*** ***Эксперимент алаңы*** ***Танымдық және зерттеушілік әрекеттер.*** ***Тәжірибе №1*** ***«Жылу өткізгіштік» тәжірибесі*** *Үстелдерде ағаш және металл қасықтар бар. Терезе алдына салқын жерге ағаш қасық пен металл қасықты қояйық.* *Қайсы қасық мұздай?* *Қорытынды жасау.* *Сонымен, ағаш жылуды сақтайды, суықты өткізбейді, сондықтан одан адамдар ағаш үйлер салады.* ***Дид ойын: «Қасықтар»*** ***Шарты:*** *Ағаш қасықты сары ермексаздан, темір қасықты қоңыр ермексаздан мүсіндеу.* ***№ 2 «Сынады, өңделеді» тәжірибесі*** *Тәрбиеші: Ағашты ұстаңдар. Жұмсақ па, қатты ма? (Ағашты ұстау қиын.)* *Оны алып, сындыруға тырыс..* ***Балалар: Сынбайды..*** *Тәрбиеші : Сонымен, бұл не?* ***Балалар: Төзімді.*** *Тәрбиеші: Балалар, сіріңке де ағаштан жасалған.Оны сындырып көр. Не деуге*	*маскаларын тарату)* *Шарты: Жұмбақ құрастыр қай құс туралы жұмбақ болады, сол құс шеңберге ұшып шығады.* *Секіргенді, ұшқанды ұнатас* *Нан мен дәнді дақылдар қорегі.* ***(Шеңберге торғайлар ұшады)*** *Сен кімсің? Торғаймын шық-шық торғаймын.Мен ән тыңдағанды ұнатамын. Ме туралы ән етігім келеді.* *Балалар мына кішкентай досымызға ранап ән айтып берейік. Бұл құс кішкентай болғанмен бізге таза ауа беретін ағашты құрт-құмырсқадан қорғайды.* ***Музыка*** ***Тақырыбы: Торғай*** *Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер!* *Торғай ұшып келіпті,* *Үй үстіне қоныпты.* *(Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).* *Шық-шық етіп дыбыстайды Ешбір құстан қалыспайды.* *Тұмсығымен жер шоқып,* *Тары,бидай береді.* ***Музыкатыңдау:****«Құстарж шоқиды»(Е. Тиличеева).* *Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.* ***Ән айту:****«Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалы тыңдалады. Әнді қайталап айтып,балаларға мәтінге са өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды.* *Келесі кезекте* *Балаларға торғай*

	топырақты қопсытып, өсімдіктің дамуына қолайлы етеді. *Міне әр нәрсенің өз қызметі бар* *Ал біз өсуіміз үшін, жақсы тамақтанып, тазалық пен шынықтыру жұмыстарын жасауымыз керек.* ***Денешынықтыру*** ***I.Кіріспе бөлім.*** *1Амандасу.* *2. Негізгі бөлім:* *Шеңбер бойымен жүру, жүгіру.* ***Негізгі бөлім*** ***Жалпы даму жаттығулары*** ***Жалаушамаен*** ***1.** Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.* ***2.** Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/* ***3.** Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек.* ***4.** Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет* ***5.** Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды,*	*қарайып ісініп кетті.* *Неліктен бұлай болды? Ағаш суда ұзақ жатып, суды сіңіреді.* ***Қорытынды: ағаш ылғалды сіңіреді және одан нашарлайды.*** *Сондықтан ағаштан жасалған заттар сыртқа қарағанда үй ішінде жақсырақ қолданылады. Ағаш заттардың бұзыл-мауына қалай көмектесуге болады?* *Балалар : Олар боялған кезде қалпын жақсы ұстайды..* *Сондықтан біздің бақшада, орындықтар, құмсалғыш, сырғанақ боялған* ***Тәжірибе № 2*** ***Ағашты өңдеу оңай.*** *Қайрауышты алып, ағаш қарындашты қайрап көрейік. Қалай ойлайсыз, егер сіз қарындашты оңай қайрай білсеңіз, бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?* *Балалар: Ағашты арамен кесуге, жонуға қайрауға болады.* *Біз ағаштың қандай қасиетін білдік?* ***Балалар: ағашпен жұмыс істеу оңай. Ағашты өңдеуге болады.*** ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау.*	***«Бағыттаушы»** Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* ***а)** қолдағы гүлдерді жоғары көтеру.* ***ә)** алға созу.* ***б)** екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу.* ***в)** екі қолды жанға созу.* ***г)** б.қ.келу.* ***3. Аяққа арналған жаттығулар:*** ***«Алақай!»** Б.қ: тік тұру, қол төменде.* ***а)** екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.* ***ә)** бір орында секіріп, қолды жанға созу.* ***б)** б.қ. келу.* ***Тыныс алу:** «Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу)* *. Бастапқы қалыпқа келу.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Тепе-теңдікті сақтап жүру.* *2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.* ***Қимылды ойын:*** *«Қасқырмен қояндар» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.* ***Айболит атаға тапсырмаларды жіберу.*** *Балаларды мадақтау*	*болады?* *Балалар: Сіріңке нәзік, демек ағашты сындыруға болады.* ***Қорытынды :** ағаштар мен ағаш заттар сынады, өңделеді Сындырмас үшін сақ болу керек.* *Ағаш металлға қарағанда жұмсақ және оңай өңделеді. Сондықтан адамдардың ағаштан әртүрлі заттар, оюланған қызықты заттар жасағанын көруге болады.* *(Иллюстрацияларды қарау).*	*атрибуттары кигізіледі.* ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:**«Қолшатырла биін» қайталау, әуенге ілесежапырақтардыжоғары көтеретербелекозғалуын,ес сақтауғаүйрету.* *«Мысық пен торғайлар» ойыны(«Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағым ілесеқолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықтыкөрсетіл Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды,Торғайды аңдыл шатырдан күні бойы шықпайды.* *Мияу-мияу... – деп балаларды–торғайларды сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, сымдарға ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.*

	қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады. ***Бастапқы қалыпқа келу.*** *Балаларды мадақтау.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *Құрсаудан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық»*** *Шарты. Ойын кейіпкерлерін рольге бөліп ойнау.* ***Қорытынды:*** *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/*				
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №1*** *Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.*	***Картотека №3*** *Ауа – райын бақылау.*	***Картотека №5*** *Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.*	***Картотека №7*** *Бақбақ гүліне бақылау жасау.*	***Картотека №8*** *Бағдаршамды бақылау.*
	Эстафеталық ойындар ***«Кім жылдам»*** *Тәрбиешінің белгісі бойынша белгіленген жерге допты жерге ұрып барып,қайтарында жүгіріп келеді.* *Допты келесі ойыншыға береді.* *Ойын осылай жалғасып,бірінші келген команда жеңімпаз болады.* ***5.«Жұптасқан ұстаушылар»*** *Тәрбиешінің белгісі арқылы топ мүшелері екеуден жұптасып белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.*				
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.*** ***Педагог жоспары бойынша сауықтыру шаралары. -Су процедураларын өткізу***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.****Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№51. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*	***№61. Ояну*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***№71. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№81. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***№91. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*

Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Пейзажды құрастыр» дидактикалық ойын*** ***Мақсаты:*** *Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту* ***Ойын барысы:*** *балаға белгілі бір маусымның (қыс, көктем, күз , жаз) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек*	***Дид ойын: «Ағаш өсіру»*** ***Шарты:*** *Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру. Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:*** *А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Салынған А3 форматта ағаш макетінің үстіне Күн суретін салу.* ***3-топ:*** *Ағашқа судың жатқанын ермексаз арқылы жағу.* ***Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз*** *Музыка жетекшісімен бірлескен көңілді әуен ойындары.* ***«Көңілді ноталар»***	***«Татуласу»*** *Әкел, досым қолыңды Татуласқан орынды Өкпелесіп не таптық Көрсет, кәне соныңды Баққа бірге кірейік Қол ұстасып жүрейік Татулықтың белгісі Кел, қосылып күлейік.* ***Дид ойын «Не деу керек?»*** *Не деу керек? Апаң сағаң базардан, Алма сатып әкелді. Ең үлкенін тәттісін, Саған таңдап әперді. Не деп барып, жеу керек? «Рақмет» деу керек.*	***«Тамшылар мен бұлт» (балалар тамшы қалпақ киеді).*** *Тамшылар жерге ұшты (секіру). Олар жалғыз секіре отырып, жалықтырды. Екеуі жиналып, шағын ағынмен ағып кетті (қол ұстасып). кездесіп, үлкен өзенге айналды (бір тізбекке қосылған). Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, саяхат. - өзен ағып, үлкен мұхитқа айналды. (олар дөңгелек биге қайта салынып, шеңбер бойымен қозғалады). Олар жүзді, мұхитта жүзді, содан кейін олар анасы Бұлттың үйге оралуын бұйырғанын есіне алды. Дәл осы кезде күн шықты. Тамшылар жеңіл болып, жоғары қарай созылды (олар еңкейіп, баяу тұрады, қолдарын жоғары көтереді). Олар күн сәулесінің астында буланып, анасы - Бұлтқа оралды..*	***Қызығушылықты ояту. Дид ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру.*** *Өсіп тұрған бұл не? Жаз болса жайнап, Саясында ән салып. Құстар жүрген сайрап, Салқын түссе-шешіліп, Қалады өзі жайрап. (ағаш) Мағынасын түсіндіру.* ***Ой қозғау*** *Жаз мезгілі және жазғы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.* *- Сұрақ – жауап.* *-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?* *-Қазір ағаштар қандай?* ***Үлгіні талдау.*** *- Суретте не көріп тұрмыз* *-Түсі қандай?* *-Қай мезгілдің ағашы?* ***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.*** *Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін ескерту. Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу.Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.*
Баламен жеке жұмыс	***«Саулеге арналған киім»*** *Мақсаты: сызық бойынша қия білу қабілеттерін бекіту.*	***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету*	***Дидактикалық ойын: «Белгілері арқылы ата»*** *Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атау білімдерін бекіту..*	***«Бұл қай мезгіл?»*** ***Мақсаты:*** *жаз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын*	***«Жаңылтпаштар»*** *Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әр жылдам айтуға үйрету.*

				байыту.	
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.* ***Арнайы массаждар:*** *Түрлі гимнастикалық жолдарменжүру*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* ***Арттерапиясы:*** *мүсіндеу* ***Аюға тоқаш береміз***	*Таза ауада серуен Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:*** *балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.* ***Арнайы массаждар:*** *-майтабандарға арналған жаттығулар;*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Жер, су, ауа»*** ***Мақсаты:*** *балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.* ***Арттерапиясы:*** *сурет салу Ғажайыптар әлемі.*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Музыка терапиясы:*** *би,гимнастик алық жаттығулар*
Балалардың үйге қайтуы	*Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі туралы айту*	*Ата – аналармен төлем ақылары жөнінде әңгімелесу.*	*Ата – аналарға жол ережесі туралы мағлұмат беру.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта*

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 15.07 – 19.07.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу	*Таза ауада балаларды қабылдау. Денсаулығына, тазалығына назар аудару. Балаларды қабылдау,дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату Балалармен Денсаулық туралы әңгіме жүргізу.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	*Тереңдет ойыңды, Тік ұста бойыңды. Құстарға ұсайық, Қалықтап ұшайық. Шық алға оң қанат, Шық алға сол қанат, Шаршаған кездерде Қонайық жорғалап. (Б.Бөрібаев)* Қим ойын: ***«Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:*** *балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.*	*Бір, екі – еңкей, Бүгілмесін тізең. Үш-төрт шалқай Иілмесін тізең. Қолды көтер аспанға Саусақты сөз, жасқанба. (Б.Бөрібаев)* ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.*	*Біз балдырған баламыз, Құстай қанат қағамыз. Дүниені аралап, Оқып білім аламыз. Көзді салып қараңыз, Былай қанат қағамыз. (Б.Бөрібаев)* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.*	*Сәлеметсің бе, табиғат! (тізе бүгіп, иіліп сәлем беру) Сәлеметсіңдер ме ормандар, өзен мен көлдер, теңіздер мен таулар! (Тұрып екі қолын бұлғалайды) Сәлеметсіңдер ме құстар! (Қолдары екі жанында, құс сияқты қанат қағады) Сәлеметсіңдер ме аңдар! (Орындарында тұрып, аю сияқты жүреді, қоян сияқты секіреді)* ***Қимылды ойын: «Қолшатыр»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.*	*Еркін ұста денеңді, Тарсылдатпай еденді Орнымыздан тұрып ап Жүгірейік бір уақ. Бір, екі, үш, бір, екі, үш. Аяқты алға созайық Тік көтеріп, қозғайық. Тым сылбыр да болмайық Алға қарай озбайық. Бір, екі, үші, бір, екі, үш.* ***Қимылды ойын: «Көбелегім ұш!»*** ***Ойын мақсаты :****балаларды ауыз арқылы ұзақ дем шығаруға үйрету.*
Таңертеңгі гимнастика	***Таңғы жаттығу кешені. Шілде айының 3 -аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету. Рахмет айтуға тәрбиелеу.*				

Ұйымдас-тырылған іс-әрекетке дайындық	*Отбасында гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң!» деп айтамыз, Бір болып кеште қайтамыз.*	*Кәне, кәне тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Тұрсақ егер шеңберге, Алақанды ұрайық*	*Ерте тұрып күнде мен Тереземді ашамын. Сәлем деймін күнге мен Шаттық әнге саламын.*	*Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік!*	*Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша Ұйымдас тырылған іс-әрекет.	***Миға шабул.*** ***Дид ойын: «Кім жылдам»*** *Шарты: Қима суреттермен топтық жұмыс. (әдептілік туралы суреттер жинағы)* *Шыққан суреттерге сипаттама беру.* ***Ой дамыту.*** ***«Мен тәртіпті баламын» өлеңді оқу.*** *Мен тәртіпті баламын, Айтқан тілді аламын. Анам нанға кеткенде, Үйде ойнап қаламын. Шкафтарды ашпаймын, Кітаптарды шашпаймын. Текшелерден үй жасап, Қызық ойын бастаймын.* ***Өлең жолдарының мағынасын түсіндіру.*** ***Сұрақ-жауап.*** ***Дид ойын: «Допты қағып ал»*** *-Әдепті бала қандай болу керек? -Көмектесу деген не? -Көшеде қалай жүру керек? Сен қандай баласың* ***Балаларды мадақтау*** ***Дене шынықтыру.*** ***Кіріспе бөлім*** ***Балалармен амандасу***	***Таза ауада жүргізілетін жұмыс*** *Ермек Өтетілеуұлының «Біздің шаңырақ» өлеңін Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар, Ең жақын адамдар: Әкем мен анам бар, Бір туған ағам бар, Бір туған апам бар. Бәрін жақсы көремін, Еркелеймін,еремін.* ***-Ой қозғау:*** *Балалар, айналамызға қарасақ, көптеген үйлерді көреміз. Ол үйлерде кімдер тұрады деп ойлайсыңдар? -Бір үйде тұратын адамдарды қалай атаймыз? -Балалар сендер «Отбасы» дегеніміз не екенін білесіңдер ме? Балалардың жауаптары* ***Ой дамыту.*** ***«Отбасы аялдамасы»*** *- Балалар отбасы деген не? - Ең алдымен отбасында не болуы керек? /Отбасы мүшелері бірін-бірі сыйлау керек/ -Әр бала бақытты болуы үшін өзінің сыйластыққа толы отбасы болуы керек.* ***Сахналық көрініс. Алдын ала жүргізілуі тиіс жұмыс . тақпақты жаттату.*** ***Сейфолла Оспановтың «Бақыт деген не өзі?»*** ***1-бала:****Айтшы білсең егер де, Бақыт деген не өзі ?* ***2-бала:*** *Бақыт деген, шырағым*	***Балалармен әңгімелесу.*** *Қазір жылдың қай мезгілі?Жаз мезгілінің ерекшеліктерін атап шығайықшы?Олай болса балалар балабақша ауласына саяхат жасайық.* ***Ой дамыту.*** *Не көріп тұрсыңдар? Ағаштарды, гүлдерді, тастарды, құмдарды т.б.Ия балалар біздер бұлардың барлығын көзімізбен көріп тұрмыз, егер көзіміз болмаса біз айналаны көрмес едік. Қолымызбен көзімізді басып көрейікші, ағаштар көрінеді ме?* ***Шарты:*** *Үнтаспадан құстардың дауысын естіледі. Құстардың дыбысын не арқылы естіп тұрмыз?Әрине құлағымыз арқылы дауыстарды естиді екенбіз. Кәне, құлағымызды қолымызбен басып көрейікші.Құстардың дауыстыры естілді ме?* ***Сергіту сәті.«Көңілді күн» әуені*** ***Ойын алаңына оралу.*** *Ой, балалар қараңдаршы ойыншықтарымыз шашылып қалыпты. Қәне оларды,*	***«Қамқорлық» әңгіме*** ***М.Төрежанов*** ***«Ой шақыру» әдісі.*** ***Суретпен жұмыс.*** *– Суретте не көріп тұрсыңдар? -Суреттегі балаға ат қойыңдар. -Қай баланың ісі сендерге ұнады? – Осы суреттен не байқадыңдар? -Қай балаға ұқсағың келеді? -Не үшін ол балаға ұқсайсың?* ***Дид ойын: «Жақсы деген немене, жаман деген немене »*** *Шарты: Сурет арқылы жалқау бала мен еңбекқор баланы ажыратып жинау* ***Қызығушылықтарын ояту.*** *Тосын сәт. Айсұлу қуыршақ келеді. Өзімен бірге кітап алып келгенін айтады. Кітаптағы М.Төрежановтың «Қамқорлық» әңгімесін оқып, түсіндіру. Әңгіме не туралы? -Нақысбек қандай іс істеді? -Оның істегені неге дұрыс деп ойлайсың- дар? -Назымбек Нақысбекке неге көмектеспеді? -Сендер олардың орнныда болсаңдар не істер едіңдер?* ***Сергіту сәті.*** *Біз кішкентай баламыз, Өніп өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып,*	***Дид ойын:*** ***" Көңілді доп"*** *Шарты : Сұрақ қою арқылы жауап алу. - Отбасы мүшесін ата. - Отбасында кімді жақс көресің? - Отбасында кімге сыйлы жасайсың?* ***Дид ойын:«Отбасыңды неге теңейсің?»*** ***Ойынның шарты:*** *Біздерге бірнеше суретт берілген, отбасын қанда жақсы нәрсеге теңегіміз келсе,сол суретті көтер көрсетеміз.*   ***Дид ойын: «Ретімен орналастыр»*** *Шарты: Сурететн отбасы мүшелерін ретімен қоя білу.* ***Музыка*** ***Тақырыбы:«Отбасым – бақытым»*** ***ҰІӘ өтілу барысы:*** *Балалар көңілді музыка әуенімен келеді.*

	Шеңбер бойымен жүру,жүгіру. *«Орман аңдары»* *1. «Аю»* *Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі»* *Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек»* *Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* *4. «Қасқыр»* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.* *Балаларға әр түсті екі текшелерден беріп,бірінің соңынан бірін жүргізіп, шеңберге тұрғызу.* ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары.*** *1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.* *2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.* *3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.* *4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.* *5.Тыныс алу.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1.Тақтай үстіне шығу және бойымен жүру* *2.Құрсаудан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын:*** *«Торғайлар мен мысық»* *Ойын шартын түсіндіру.* ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау*	*Мынау әсем тұрағың.* *Ну ормандар, гүл бағы,* *Күннің күліп тұрғаны* *БАҚЫТ- дәні далаңның.* *«Ботам» деуі әжеңнің,* *Тыныштығы әлемнің.* ***3-бала:*** *Қайда бақыт мекені,* *Қалай оған жетеді?* ***4- бала:****Адал еңбек етесің* *Сонда ғана жетесің.* ***Сезім:*** *Көрінбейтін көзіңе,* *Сонда оның өзі не?* ***5- бала:****Бақыт деген, сөзім шын* *Айналайын, өзіңсің!* *Суретпен жұмыс.* *Суреттен кімдерді көріп тұрсыңдар?* *- Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?* *-Отбасындағы ең үлкен адамдарды қалай атаймыз?* *-Ал, отбасындағы ең кішкентай мүшелерін қалай атаймыз?* *-Дастархан басында ата мен әже қай жерде отырады? (төрде)* *- Ал, шәйді кім құйып береді? (ана)* *-Балалар дастархан басында қалай отырамыз?* ***Ыстық орындық.*** *өз отбасы туралы айтып береді?* ***Ж.Мұхамеджановтың «Сыйлаймын» өлеңін жаттау*** ***Сыйлаймын*** *Ата менен ананың* *Айтқан тілін аламын.* *Үлкен кісі жұмсаса,* *Қайда болсын барамын.* *Төсекті өзім жинайымын,* *Ешкімді де ұрмаймын.* *Ешкім маған тимейді,* *Мен де бәрін сыйлаймын.* ***Бір қадам әдісі*** *бойынша жаттау.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.*	*орындарына жинайық.* *(балалар жинайды)* *Балалар ненің көмегі арқылы ойыншықтарды жинадық?* *Әрине қолымыздың көмегі тиді. Сонда қол болмаса еш нәрсе жасай алмайды екенбіз.* ***Суретпен жұмыс.*** *Суретке мұқият қараңыз.* *Сурет бойынша қолмен орындалып тұрған әрекеттерді айтып беріңдер.*  ***Дид ойын: «Неге керек?»*** ***Шарты:*** *Киім, заттарды ажырату, қайсы мүшеге керек екенін айту.* *Мыс: карандаш қолмен жазуға..т.б* ***Ой қозғау.*** *Балалар бүгін біз не туралы әңгімелестік?* *Дене мүшеміздің не үшін керек екенін білдік.* *Енді дене мүшеміздің сау болуы үшін біз жаттығу жасап, шынығып тұру керекпіз.* ***Дене шынықтыру.*** ***Кіріспе бөлім*** ***Амандасу.*** *Сапқа тұру. Қол жоғарыда, аяқтың ұшымен шеңбер бойымен жүгіру.* *Қол жанда, өкшемен жүру.* *Шеңбер бойы ауыстырмалы*	*Көкке қолды созамыз.* *Қанат қағып ұшамыз,* *Қарлығаштай самғаймыз.* ***Дид ойын: «Көмектесе білейік»*** *Шарты:Бала қолындағы жүректі бір-біріне өзінің беретін көмегі туралы айтады.* ***«Ыстық доп» әдісі арқылы қорытындылау.*** *«Кімнің іс-әрекеті саған ұнады?»* *Айсұлу қуыршақ балаларды мадаақтап қоштасады.*	*Педагогпен әндетіп амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, би қимылдарынан элементтер жасайды.* *– Балалар, «отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер* *– Отбасыларыңда кімдер бар?* *– Сендер ұйықтар алдында аналарың әндетіп ұйықтатады, сол әнді «бесік жыры» деп атайды.* *Бүгінгі әніміз де, тыңдайтын әуеніміз де осы тақырыпта болмақ. Әуеннің қарқынын, динамикасын, регистрін талдап, түсіндіру* ***Музыка тыңдау:*** *«Бесік жыры» (муз. И. Нүсіпбаев, сөзі С. Жиенбаев). Әнде не туралы айтылғанын, алған әсерлерін сұрау.* *Балаларға «бесік жыры» туралы мәлімет беріңіз.* *Балалардан бұл ән күннің қай мезгілінде орындалатынын сұрау.* ***Ән айту:*** *«Әже тілегі» Т. Қоңыратбай).* *Педагог әнді сүйемелдеумен орындап, балаларға мәтінін қайталатып үйретеді.* *Ән кім туралы айтылып отырғанын естеріне салып, сезіммен айтуды ұсынады. Ән айту барысында сүйемелсіз балаларға қайталатып, есту қабілетін тексеріңіз.* ***Ой қозғау.*** *Ән кімдер туралы? Анаң мен әкеңнің анасын қалай*

			қадаммен жүру.Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары.*** *1.Екі қолмен допты ұстап,алға созу.* *2.Б.Қ.Допты қос қолмен ұстап,жоғары көтеру.* *3.Б.Қ отыру.Допты қос қолмен ұстап,аяққа тигізу.* *4.Б.Қ.Допты ұстап секіру.* *5.Тыныс алу.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *1.Тақтай үстіне шығу және бойымен жүру* *2.Құрсаудан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын:*** *«Торғайлар мен мысық»* *Ойын шартын түсіндіру.* ***Қорытынды*** *Балаларды мадақтау*		*атайсың? Өз отбасың туралы әңгімеле. Суретт мұқият қарап, әженің киімдерін сипатта. Музыкалық аспаптарды ата.* ***Қортынды*** *қорытындылау, бағалау. Смайктер беру*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №10*** *Күннің көзін бақылау.*	***Картотека №11*** *Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)*	***Картотека №13*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.*	***Картотека №14*** *Құстарды бақылау. Түрлерін айыра білуге үйрету.*	***Картотека №15*** *Ауа-райын бақылау.*
	ЖАЗ СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН ***Ойын жаттығулары.*** ***1. «Пингвиндер».*** *Ойыншылар шеңбер құрып тұрады. Әркімнің қолында бір дорба бар. Педагогтің белгісі бойынша балалар сөмкені тізе арасына қысып, шеңбер бойынша екі аяқпен секіреді (балалар арасындағы қашықтық бір-біріне кедергі келтірмеуі үшін кемінде 0,5 м болуы керек). Алдымен секірулер бір бағытта орындалады, содан кейін тоқтайды, бұрылады және тапсырма қайталанады* ***2. «Өткізіп алмаңыз».*** *Балалар екі-үш шеңберге тұрады, әрқайсысының қолында дорба бар. Шеңбердің ортасында балалардан 2,5 м қашықтықта құрсау бар. Педагогтың белгісі бойынша балалар сөмкемен ішке кіруге тырысып, оны құрсауға лақтырады. Педагог отырғандарды белгілейді, іште отырған балалар сөмкелерді алып қашады, балалар сөмкелерді артынан жүгіреді (сізде екі немесе үш сөмке болады).*				
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру.*** ***-Су процедураларын өткізу.*** ***Түскі асқа дайындық.***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				

Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№91. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*	***№101.Ояну*** *Көзімізді ашайық* *Бойымызды жазайық* *Терезеге қарап* *Күн жылуын алайық.*	***№111. Ояну*** *Көзімізді ашайық* *Аунап, қунап алайық ,* *Самал жел бізге желпісін,* *Ұйқымызды ашайық*	***№ 12 1. Ояну*** *Күнге қарап күлімдеп* *Көзімізді ашамыз* *Бойды түзе, көтер басты* *Сергіп ұйқы ашамыз*	***№13. 1.Ояну*** *Ұйқымызды ашайық* *Қолымызды созайық* *Енді қане бәріміз,* *Жаттығуды жасайық.*
ҰЙҚЫ АШАР ЖАТТЫҒУЛАР КАТРОТЕКАСЫНАН (Картотека қосымша тіркелген)					
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
	Дәстүрден тыс сурет әдістерімен жұмыс				
	Сурет.Трафаретпен жұмыс ***«Көше шамдары»*** ***Қызығушылықты ояту.*** *Жұмбақ жасыру* *«Үйде бар бір жұлдыз,* *Ол бар да түн күндіз.* ***(элек шамы)*** ***Ой дамыту.*** *Шам туралы түсінік беру.* *Шам не үшін керек?* *Оны қай кезде пайдаланамыз?* *Май шам мен электр шамын салыстыру.* ***Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету*** *Қағаз бетіне трафаретті қоя отырып, бояуды дұрыс жағуды үйрету.* *Балалар жұмысын қадағалау, көмектесу.* ***Біздің көрме*** ***Дид ойын: «Түстерін ата»*** ***Қортынды.*** ***«Сиқырлы тәжірибе»*** ***Шарты:*** *Шыны ыдысқа әдемі моншақтар, тас салынады. Үстіне су құйылады. Ыдыстың ішіне май шамды жағамыз. Топ бөлмесіне әдемі жарық сыйлаймыз. Шапалақ әдісімен аяқтау.*	***Жазғы ағаштар.*** *Графикалық техниканың жаңа түрімен - «өсімдік басуымен» таныстыру. Композиция, түстерді қабылдау сезімдерін дамыту* *Бақшамызда көп ағаш* *Өскен жақсы балалар* *Ең әдемі меніңше* *Құс ұясы бар ағаш*	***«Жаңбырлы ауа-райы»*** *Мақта таяқшаларымен сурет салу техникасымен танысу үшін біз қағаздың бүкіл бетіне нүктелік, ритмикалық және біркелкі қолдану қабілетін қалыптастырамыз.* ***Жаңбыр. Алмат Исәділ*** *Жаушы жаңбыр, жау жаңбыр,* *Табиғатты жандандыр!* *Жайнап өссін құлпырып,* *Шөлдеп, солып қалған гүл.* *Жауды жаңбыр, ән жаңбыр,* *Шөлін басты орман, қыр.* *Ал балалар өздерін,* *Қолшатырмен қорғап жүр.*	***Балық*** *Балықтар туралы толық түсінік беру, балықты бейнелеуге деген қызығушылығын ояту. Балықтың түрлерімен таныстыру. Балықты дұрыс бейнелеуге үйрету.* ***Тұзбен салу. Бояулар, қылқалам, су ыдысы, қол сүлгі*** ***Балықтар*** *Су астында балықтар* *Сазан, шортан, бекіре,* *Неше түрлі балық бар* *Шошытасың секірме.*	***Әдемі гүлдер*** ***щетка әдісі*** *Тіс щеткасы мен тамшыларды шашырату техникасын енгізу. бояуды кішкене алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу* ***Тақпақ*** *Қызыл жасыл гүл егіп,* *Баптап, күттік,* *түрлеттік.* *Қалмасын деп қуарып,* *Апта сайын суардық.* *Гүлдендірдік ауланы,* *Аулада гүл қаулады.*

Баламен жеке жұмыс	***Достық*** *Ортақ мекен жер шары,* *Төбемізде бір аспан.* *Барлық ұлттың баласы,* *Достығымыз жарасқан*	***Тақпақ жаттау.*** ***Отан Е.Өтетілеуұлы*** *Отан деген - Атамекен,* *Отан деген - туған жер.* *Отан - ана, Отан - үлкен,* *Қазақстан - туған ел.*	***Санамақ*** *Бір үйде біз нешеуміз?* *Кел санайық екеуміз.* *Бас бармағым - атам,* *Балан үйрек - апам,* *Ортан терек - әкем,* *Шылдыр шүмек - анам,* *Кішкентай бөбек - мен.* *Біз үйде нешеуміз?* *Біз үйде – бесеуміз*	***Отан*** *Бақытты боп жүргенім* *Сенің арқаң, Ұлы Отан.* *Елім менің –тірегім,* *Құшағында гүл атам.* *Шығысыңнан арайлы,* *Күліп атқан құба таң.* *Сененбақыттарайды* *БаршамызғаҰлы Отан.*	***Туған өлкем .*** ***<u>ӨтебайТұрманжанов</u>*** *Көгінде күн нұрын төккен* *Жерінде гүл жұпар сепкен* *Неткен сұлу, неткен көркем!* *Осы менің туған өлкем!* *Алтын дәнді даласы бар* *Ақ күмістей қаласы бар.* *Неткен сұлу, неткен көркем!* *Осы менің туған өлкем!*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	***Картотека №10*** *Күннің көзін бақылау.* ***Таңғы жаттығуды бекіту***	***Картотека №11*** *Табиғатты өзгерістерді бақылау (жел, салқын, жаңбыр, т.б.)* ***Таңғы жаттығуды бекіту***	***Картотека №13*** *Аула сыпырушының еңбегін бақылау.* ***Таңғы жаттығуды бекіту***	***Картотека №14*** *Құстарды бақылау.* *Түрлерін айыра білуге үйрету.* ***Таңғы жаттығуды бекіту***	***Картотека №15*** *Ауа-райын бақылау.* ***Таңғы жаттығуды бекіт***
	Ойын жаттығулары. ***«Қуыспақ» ашық ойыны.*** *Балалар алаңның бір жағында сызықтың артында тұрады. Ауланың екінші жағында да сызық сызылады. Бүйірінде қақпан бар. Педагогтың сөзіне: «Б екі, үш - жүгір!» - балалар ойын алаңының екінші жағына өтіп кетеді, ал қақпан сызықтан өтіп үлгермей тұрып (қолымен атып алады). Балық ауланады, ал сызықша қайталанады. Екі-үш жүгіруден кейін қолға түспегенептілік пен шапшаңдықтың арасынан тағы бір қақпан таңдалады.* ***«Ұстап алушылар» ойыны (ленталармен).«Кетті, кетті орамал».*** *балалар шеңбер бойымен құрастырылған; әрқайсысында белдің артқы жағына бекітілген түрлі-түсті лента ба Шеңбердің ортасында қақпан бар. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - ұста!» - балалар ойын алаңының айналасына шашырайды. Ұстаушы лентаны біреудің қолынан тарты алуға тырысып, ойыншылардың соңынан жүгіреді. Педагогтың белгісі бойынша: «Бір, екі, үш - шеңберге тез жүгір!» - барлығы шеңбер бойымен тұрады. Педагог лентаны жоғалтқандарға, қолдарын көтеруді ұсынады және оларды санайды. Ұстаушы ленталарды балаларға қайтарады, ал ойын жаңа жүргізушімен қайталанады.*				
Балалардың үйге қайтуы	*Ата –аналармен балалардың тазалығы жөнінде әңгімелесу*	*Ата-анаға балаларының балабақшадағы достарымен қарым –қатынасы туралы әңгімелесу.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Кеңес: Бала өміріндегі ертегінің маңызы.*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы *1- апта*

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 22.07 – 26.07.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***
Балаларды қабылдау Ата-аналар-мен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау, дене қызуын өлшеп, көңіл -күйлеріне назар аударып, жағымды жағдай орнату. Балалардың дене тазалығын тексеріп қабылдау. Баланың денсаулығы, көңіл- күйі туралы білу.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	*Отбасы туралы әңгіме жүргізу. Сұрақ –жауап.* ***Қимылды ойын: «Сақина салу»*** ***Мақсаты:*** *балаларды байқағыштыққа, жылдамдыққа, ұжыммен тату, қарым-қатынасқа тәрбиелеу.*	*Балабақша туралы әңгіме жүргізу. Жаз мезгіліндегі балабақшадағы қызықты сәттерден сұрақ-жауап.* ***Қимылды ойын: «Айғөлек»*** ***Мақсаты:*** *жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу, көңілдерін көтеру.*	*Балалармен Денсаулық туралы әңгіме жүргізу.* ***Қимылды ойын: «Көбелегім, ұш!»*** ***Ойын мақсаты****: балаларды ауыз арқылы ұзақ дем шығаруға үйрету*	*Балалармен табиғат туралы әңгіме жүргізу.* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту*	*Балалармен табиғат аясында әңгіме. Табиғат біздің досымыз тақырыбында әңгіме жүргізу.* ***Қимылды ойын: «Поезд»*** ***Ойынның мақсаты:*** *тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.*

тағы басқа әрекеттер					
Таңертеңгі гимнасти-ка	***Таңғы жаттығу кешені. Шілде айының 4-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тамақ үстінде жан жағына алаңдамауды, бір – біріне кедергі келтірмеуді үйрету.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық	*Мына аспан астында* *Жақсы дос көп табылар* *Мен де соның бірімін,* *Сыйлығымды ал!*	*Ашық менің жүрегім* *Ылғи күліп жүремін.* *Бірге ойнапғ бір жүрер* *Достарым көп, білемін!*	*Сиқырлы айнадан* *Өзімді көремін.* *Бақыттан жайнаған.* *Көзімді көремін*	*Шақырамын сендерді* *Жолдастарым кел бері* *Толтырайық шаттыққа,* *Дөгеленген шеңберді.*	*Бақыт толы шеңберге,* *Шаттық толы шеңберге,* *Қол ұстасып келдік біз,* *Жан достармыз енді біз.*
	Құрастыру	Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді орналастыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. Құрастыру дағдыларын дамыту, негізгі құрылыс бөлшектерін қолдануға үйрету, бұрын алынған дағдыларды: төсеу, бекіту, қою қолдана отырып, жаңа ғимараттар және әр түрлі бейнелерді құрастыру.
	Сурет салу	Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
	Мүсіндеу	Көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып, ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
	Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету. Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Балалардың жасы: 3 жас
Жоспардың құрылу кезеңі : 2024-2025 оқу жылы Тамыз айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Тамыз	**Дене шынықтыру**	Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер, сүт өнімдері) және зиянды тағамдар (тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Күнделікті өмірде гигиеналық дағдыларды сақтау қажеттігін білу. Тамақтанар алдында қолды жуу, таңертең және кешке тісті тазалау дағдыларын қалыптастыру. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.
	Көркем әдебиет	Балаларды тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету. Кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдану, таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту. Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету. Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету). Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау саңырауқұлақтар мен жидектерді жемеу, жануарларға тиіспеу, ойын алаңында және құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын

		қалыптастыру - оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау.
	Құрастыру	Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, алдын ала келісе отырып, құрылыс бөліктерін жеке дайындау, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату.
	Сурет салу	бейнелейтін затқа өзінің қатысын, көңіл-күйін бере білуге баулу, бейнелеу түрлерімен және тәсілдерімен эксперимент жүргізу; Заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.
	Мүсіндеу	Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру. Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға, ұқыпты болуға баулу.
	Музыка	Ересектердің орындауындағы және аудио-бейнежазбадан музыка тыңдауға үйрету. Музыкалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұңды, көңілді) байқауға үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қимылдарды орындау, қимылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбаңдап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 03.06 – 07.06.2024ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***

Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	*Балаларды қабылдау . Балаларды ата-анадан қабылдау барысында ден саулығына назар аудару.* *Балалармен денсаулық туралы әңгіме жүргізу Медбикемен бірлескен жұмыс.* *Балалармен табиғат әлемі туралы әңгіме жүргізу.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер	***Қимылды ойын: «Поезд»*** ***Ойынның мақсаты:*** *тыныс алуын жақсартып, ұжымда әрекет жасауға, дыбысқа жауап беруіне дағдыландыру.*	***Қимылды ойын: «Күн мен түн»Ойын мақсаты:*** *балаларды әртүрлі қимыл-қозғалысын үйрету.Ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.*	***Қимылды ойын: «Жел»*** ***Мақсаты:*** *қимылдардың үйлесімділігі, оң, сол, жоғары, төмен түсініктерін қалыптастыру.Терең ырғақты дем алуын дамыту.*	***Қимылды ойын: «Не жүреді және ұшады?»*** ***Мақсаты:*** *Әртүрліқимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализатор-ларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту.*	***Қимылды ойын: «Қолшатыр»*** ***Мақсаты:*** *балалардыептілікке, жылдамдыққа баулу, ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.*
Таңертең-гі гимнасти-ка	***Таңғы жаттығу кешені. Маусым айының 1 -аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тіркелген*** ***Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету***				
Таңғы ас	*Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру.* ***Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйымдасты рылған іс-әрекетке дайындық	*Достар , бері келіңдер,* *Қолдарыңды беріңдер.* *Шаттық толы шеңберге,* *Қуанышпен еніңдер!*	*Қуанамыз күлеміз,* *Бар әлемде сүйеміз.* *Қол ұстасып, қуанып,* *Достарымен бір жүреміз.*	*Күн жылуын аямасын,* *Шуағымен аяласын.* *Достық деген бәйтеректі* *Барлық бала саяласын*	*Достарым, кең тұрыңдар,* *Бақыт сонда ұғыңдар.* *Қол ұстасып , күліңдеп* *Шаттық шеңбер құрыңдар*	*Аманбысың ,алтын күн!* *Аманбысың, жарқын күн!* *Маған жылу, жарық бер,* *Қуаныш пен шаттық бер*
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдасты рылған іс-әрекет.	***Балалар ағаштар өсу үшін не қажет? Күн, су, ауа.*** ***Күн – жарық көзі.*** *Ағаш жарықсыз өмір сүре алмайды. Ол суретші сияқты жапырақтарды жасылға бояйды. Олардың құрамында ағашқа арналған арнайы «тамақ» бар (жапырақты жасыл ететін хлорофилл дәндері) . Кейбір ағаштар жарық жерлерді жақсы көреді.*	***Таза ауада саяхат*** ***Қызығушылықты ояту.*** *Табиғат анадан хат келу.* *Балаларды табиғат патшалығына саяхатқа шақыру.* *Сиқырлы таяқша айнал, бізді табиғат патшалағына апар.* ***Табиғат бұрышы.*** ***Ғажайып дауыс.*** *Құрметті балалар!* *Табиғатта үлкен бір патшалық – өсімдіктер патшалығы бар. Өсімдіктер*	***Тосын сәт*** ***Аула сыпырушы пакет әкеп беруі.*** *Балалар қараңдаршы бізге аула сыпырушыдан мына пакетті кім беріп жіберген. Мен таңғалып тұрмын. Бұл сендерге де қызықты болып тұр ма?* *Ендеше пакетті ашайық.* ***Телефон шырылдау.*** *Құрметті балалар, маған сендерден шұғыл көмек қажет. Орманға күн сәулесі дұрыс түспей тұр, орман тұрғындарына күн*	***Ой дамыту*** *Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді.* *Құстар ән айтуды үйретеді.* *Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді.* *Қар тазалыққа, күн мейірімділікке үйретеді.* *Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді.* *Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек.* *Бізді алда не күтіп тұрғаны*	***Дид ойын: «Қай құстың дауысы»*** ***- Қарға қалай дауыстап жатыр ?*** *Қарға қарқылдап жатыр* *- Сауысқан не істеп жатыр?* *(**Сауысқан** шықылықта йды)* *- Торғай не істеп жатыр? (Торғай шықылдайды)* *-Тоқылдақ не істеп жатыр? (Тоқылдақ*

	Күн – жылу көзі. *Ағаштардың кейбіреулері суыққа шыдаса, басқалары тек жылы жерде өмір сүре алады. Қыста өте қатты аяз болса, өсімдік өліп, қатып қалуы мүмкін. Жапырақтардың пайда болуының басталуы жылудың мөлшеріне байланысты.* ***-Ағаштар да адамдар сияқты су ішеді.*** *Кейбір ағаштар көп ылғалды қажет етеді , ал басқалары аз мөлшерде сумен өмір сүреді. Ағаш суды жаңбырдан алады , жаңбырдан басқа жауын-шашын түрлері бар : қар, шық, қырау, бұршақ. Қар - тамырларды жылы тон сияқты жауып, қатудан сақтайды. Көктемде қар еріген кезде ағаш еріген сумен қоректенеді .* ***- Ағаштар да адамдар сияқты тыныс алуды қажет етеді.*** *Біз сияқты өсімдіктерге таза ауа қажет. Олар кірден өледі . Сонымен қатар, ағаштардың өзі ауаны тазартады .* ***-Жел – өсімдіктердің тозаңын тасымалдайды****. Шырша, қарағай, сонымен қатар тұқым таратады* ***-Құстар - әртүрлі ағаштардың өмірінде әртүрлі рөл атқарады .*** *Құстар жемістерді жеп, тұқым таратады, ағашта мекендейтін жәндіктермен қоректенеді .*	*патшалығында үш қала бар. Бірінші қала – ағаштар. Екінші қала – бұталар. Үшінші қала – шөптер, гүлдер.* ***Сурет бойынша жұмыс*** *Көше бойы аралас* *Қаптап өскен қара ағаш.* *Жемісі жоқ болса да,* *Саясы көп дара ағаш.* ***Дид ойын: «Қайсысы ағаш, қайсысы бұта?»*** *Олардың ұқсастығы мен ерекшелігі неде?* ***Тәрбиеші:*** *ағаштар – ең үлкен өсімдіктер. Олар көп жыл өмір сүреді. Ағаштардың діңі болады.* ***Бұталардың бойы ағаштардан төмен болады.*** *Олардың бірнеше жіңішке сабақтары болады. Діңі болмайды.* ***Сергіту сәті:*** *Ағаштар, міне,* *Мұныңда үні – ш-ш-ш.* *Кейде жұмсақ, кейде шу, шу (2 рет)* *Кейде дауыл – гу де гу.* ***Ең кішкентай өсімдіктер – шөптер.*** *Олардың сабақтары жіңішке. Олар ұзақ өмір сүрмейді.* *Ағаштарда тамыр, бір дің және жапырақтар бар екенін анықтап, дәлелдейді.* *Бұталарда тамырлар, көп сабақтар және жапырақтар бар.* ***Дид ойын: «Қандай ағаш?»*** *Қайыңның түсі қандай?* *Қайынның діңін сипайды, ол қандай (Жұмыр, майда).* *Түсі қандай? (Мұндай ақ-қара дің тек қайыңда ғана болатынын түсіндіру).*	*сәулесі өте қажет. Мына тапсырмаларды орындау арқылы күн сәулесін толық береді екен.* *Балалар Айболит атаға көмектесеміз бе?* *Айболит атаға бұл тапсырмаларды қалай орындағанымызды суретке түсіріп жіберейік.* ***Пакетті ашу. 4 конверт алу.*** ***Дид ойын: «Күн саулесін толықтыр»*** ***1-ші конверттің тапсырмасы: Гигиена деген не?*** *Балалардың жауаптары.* ***Дид ойын: «Гигиена заттары»*** ***Шарты:*** *Гигиена заттарын атау* ***2-ші конверт : таза ауа.*** ***Дид йын: «Таза ауа беретін заттар»*** ***Шарты:*** *Таза ауа шығатын заттарды құрастыру.* ***3-ші конверт: Дәрумендi тағам.*** *Дәрумен тағамдарды атау.* ***4-ші конверт : дене жаттығулары не үшін керек?*** *Балалардың жауаптары.* ***Денешынықтыру*** ***I.Кіріспе бөлім.*** *Сәлемдесу.* *Бір қатар сапқа тұру.* *Шеңбер бойымен тұру. Қолды жоғары көтеріп, аяқ ұшымен жүреді,қолды жанға созып, өкшемен жүреді.* *Баяу жүгіру, жылдам жүгіру* ***Негізгі бөлім:*** ***Жалпы дамыту жаттығулар: (гүлдермен)*** ***1.*** *Қол мен иыққа арналған жаттығулар:* ***«Тербелу»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ,*	*және бүгінгі табиғат бізге не үйрететіні сендерді қызықтырады ма?* *Балалар: Иә, бізді қатты қызықтырады.* *Ендеше таза ауаға шығамыз.* *Балалар көңіл күйлерің қалай? (балалардың жауаптары)* ***Ой қозғау.*** *Аспанға қарайықшы.* *Біз күн сәулесінен ләззат аламыз ба?* *Бүгін жел соғып тұр ма?* *Ағаштар қандай көйлек киген?* *Бізге осы ағаштардың қандай пайдасы бар?* ***Тәрбиеші: Балалар сендер кішкентай ғалым болғыларың келе ме?*** ***Эксперимент алаңы*** ***Танымдық және зерттеушілік әрекеттер.*** ***Тәжірибе №1*** ***«Жылу өткізгіштік» тәжірибесі*** *Үстелдерде ағаш және металл қасықтар бар. Терезе алдына салқын жерге ағаш қасық пен металл қасықты қояйық.* *Қайсы қасық мұздай?* *Қорытынды жасау.* *Сонымен, ағаш жылуды сақтайды, суықты өткізбейді, сондықтан одан адамдар ағаш үйлер салады.* ***Дид ойын: «Қасықтар»*** ***Шарты:*** *Ағаш қасықты сары ермексаздан, темір қасықты қоңыр ермексаздан мүсіндеу.* ***№ 2 «Сынады, өңделеді» тәжірибесі*** *Тәрбиеші: Ағашты ұстаңдар. Жұмсақ па, қатты ма? (Ағашты ұстау қиын.)* *Оны алып, сындыруға тырыс..*	*тоқылдатады)* ***Дид ойын: «Құстарды жина»*** *Музыка ақырын ойнайды* ***Шарты:*** *Балалар қиылған суреттерден құстардың бейнесін құрастырады, әрқайсысы өз құсын атайды.* ***«Менің кім екенімді тап?».*** *(Балаларға құстардың маскаларын тарату)* *Шарты: Жұмбақ құрастыру, қай құс туралы жұмбақ болады, сол құс шеңберге ұшып шығады.* *Секіргенді, ұшқанды ұнатады* *Нан мен дәнді дақылдар қорегі.* ***(Шеңберге торғайлар ұшады)*** *Сен кімсің? Торғаймын шық-шық торғаймын.Мен ән тыңдағанды ұнатамын. Мен туралы ән етігім келеді.* *Балалар мына кішкентай досымызға ранап ән айтып берейік. Бұл құс кішкентай болғанмен бізге таза ауа беретін ағашты құрт-құмырсқадан қорғайды.* ***Музыка*** ***Тақырыбы: Торғай*** *Балалар, мұнда келіңдер, Қызықты көріңдер! Торғай ұшып келіпті, Үй үстіне қоныпты. (Үнтаспадан торғайлар дауысы естіледі).*

	-Аралар, көбелектер және басқа да жәндіктер *гүлдерден шырын - шырын ішеді және оларды тозаңдандырады.* ***-жауын құрттары*** *топырақты қопсытып, өсімдіктің дамуына қолайлы етеді.* *Міне әр нәрсенің өз қызметі бар* *Ал біз өсуіміз үшін, жақсы тамақтанып, тазалық пен шынықтыру жұмыстарын жасауымыз керек.* ***Денешынықтыру*** ***І.Кіріспе бөлім.*** *1Амандасу.* *2. Негізгі бөлім:* *Шеңбер бойымен жүру, жүгіру.* ***Негізгі бөлім*** ***Жалпы даму жаттығулары Жалаушамаен*** ***1.*** *Аяқтары иық мөлшерінде. Жалаушаны жоғары созып ұстайды. Жалаушаны және басты оң – сол жаққа қисайту.* ***2.*** *Аяқтары алшақ қойылған, жалаушалар төменде. Жалаушаларды артқа- алдыға қарай сермеу. /6 рет қайталау/* ***3.*** *Аяқтарын алшық қою, жалаушалар екі жақта жерде. Қолдары төменде. «Ал», «қой» - дегенде тез алып, қою керек.* ***4.*** *Аяқты бірге, денені тік ұстау. Жалауша белде. Орнында секіріп аяқты және жалаушаны жанға созу орнында секіріп аяқты біріктіру және жалауша-ны белге қою 6-рет*	***Эксперимент алаңы*** ***№1 тәжірибе*** ***«Ылғалға төзімділік»*** *Біз суда жатқан ағаш кесегін шығарайық.* *Оған не болғанын қараңыз. Ол қарайып ісініп кетті.* *Неліктен бұлай болды? Ағаш суда ұзақ жатып, суды сіңіреді.* ***Қорытынды: ағаш ылғалды сіңіреді және одан нашарлайды.*** *Сондықтан ағаштан жасалған заттар сыртқа қарағанда үй ішінде жақсырақ қолданылады. Ағаш заттардың бұзылмауына қалай көмектесуге болады?* *Балалар : Олар боялған кезде қалпын жақсы ұстайды..* *Сондықтан біздің бақшада, орындықтар, құмсалғыш, сырғанақ боялған* ***Тәжірибе № 2*** ***Ағашты өңдеу оңай.*** *Қайрауышты алып, ағаш қарындашты қайрап көрейік. Қалай ойлайсыз, егер сіз қарындашты оңай қайрай білсеңіз, бұдан қандай қорытынды шығаруға болады?* *Балалар: Ағашты арамен кесуге, жонуға қайрауға болады.* *Біз ағаштың қандай қасиетін білдік?* ***Балалар: ағашпен жұмыс істеу оңай. Ағашты өңдеуге болады.*** ***Қорытынды***	*қол төменде.* ***а)*** *қолдарды жоғары көтеру.* ***ә)*** *екі жанға тербелу, оңға тербелу.* ***б)*** *солға тербелу.* ***2.*** *Денеге арналған жаттығулар:* ***«Бағыттаушы»*** *Б.қ: аяқ арасы алшақ, қол төменде.* ***а)*** *қолдағы гүлдерді жоғары көтеру.* ***ә)*** *алға созу.* ***б)*** *екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкелу.* ***в)*** *екі қолды жанға созу.* ***г)*** *б.қ.келу.* ***3. Аяққа арналған жаттығулар:*** ***«Алақай!»*** *Б.қ: тік тұру, қол төменде.* ***а)*** *екі қолдағы гүлдерді кеуде тұсына әкеліп, тізені сәл бүгіп отыру.* ***ә)*** *бір орында секіріп, қолды жанға созу.* ***б)*** *б.қ. келу.* ***Тыныс алу:*** *«Әдемі гүлдің иісі, Гүл ашады қауызын» (қолдарындағы гүлдерді иіскеу)* *. Бастапқы қалыпқа келу.* ***Негізгі қимыл-жаттығулары:*** *1. Тепе-теңдікті сақтап жүру.* *2.Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу.* ***Қимылды ойын:*** *«Қасқырмен қояндар» ойыны: Ойын шартымен таныстыру.* ***Айболит атаға тапсырмаларды жіберу.*** *Балаларды мадақтау*	***Балалар: Сынбайды..*** *Тәрбиеші : Сонымен, бұл не?* ***Балалар: Төзімді.*** *Тәрбиеші: Балалар, сіріңке де ағаштан жасалған.Оны сындырып көр. Не деуге болады?* *Балалар: Сіріңке нәзік, демек ағашты сындыруға болады.* ***Қорытынды :*** *ағаштар мен ағаш заттар сынады, өңделеді Сындырмас үшін сақ болу керек.* *Ағаш металлға қарағанда жұмсақ және оңай өңделеді. Сондықтан адамдардың ағаштан әртүрлі заттар, оюланған қызықты заттар жасағанын көруге болады.* *(Иллюстрацияларды қарау).*	*Шиқ-шиқ етіп дыбыстайды, Ешбір құстан қалыспайды. Тұмсығымен жер шоқып,* *Тары,бидай тереді.* ***Музыкатыңдау:****«Құста ржемшоқиды»(Е. Тиличеева).* *Аспапта орындалған шығарманы тыңдап, сипатын анықтайды.* ***Ән айту:****«Торғай» (А. Райымқұлова) әні орындалып, тыңдалады. Әнді қайталап айтып,балаларға мәтінге сай өз беттерінше қимылмен көрсетулерін сұрайды. Келесі кезекте Балаларға торғай атрибуттары кигізіледі.* ***Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:****«Қолшатылар биін» қайталау, әуенге ілесежапырақтардыжоғары көтеретербелеқозғалуын ,ескесақтауғаүйрету.* *«Мысық пен торғайлар» ойыны(«Құстар» Л. Банников) әуенінің ырғағымен ілесеқолдарын созып, «ұшуларын» сұрайды. Үйшік шатырында отырған ойыншық мысықтыкөрсетіп: Ала мысық пырылдап, жалықпайды, ұйықтайды,Торғайды аңдып шатырдан күні бойы шықпайды. Мияу-мияу... – деп*

	5. *Аяқтарын алшақ қою, жалаушалар белде; 8- рет маршпен жүру, 10- рет секіру.* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Үйшік» - тік тұрып, аяқты бір - бірінен алшақ ұстайды, қолды бастан асыра көтеріп, «үйшік» сияқты біріктіреді, демді ішке тартады, қолды төмен түсіріп, денені босатып демді шығарады.* ***Бастапқы қалыпқа келу.*** *Балаларды мадақтау.* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары.*** *Құрсаудан еңбектеп өту.* ***Қимылды ойын: «Торғайлар мен мысық»*** *Шарты. Ойын кейіпкерлерін рольге бөліп ойнау.* ***Қорытынды:*** *Бір саппен шеңбер бойы жүру. /жалаушаларды себетке салу/*	*Балаларды мадақтау.*			*балаларды–торғайларды сақтандырады. Ойын барысында торғайлардың мысықтан қашып, сымдарға–ұзын жіпке тізіліп, қонып үлгерулерін қадағалайды.*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, аяқ киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №1*** *Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.*	***Картотека №2*** *Ауа – райын бақылау.*	***Картотека №3*** *Ағаштың жапырақтарын салыстыра бақылау.*	***Картотека №4*** *Бақбақ гүліне бақылау жасау.*	***Картотека №5*** *Бағдаршамды бақылау.*
	Эстафеталық ойындар ***«Кім жылдам»*** *Тәрбиешінің белгісі бойынша белгіленген жерге допты жерге ұрып барып,қайтарында жүгіріп келеді.* *Допты келесі ойыншыға береді.* *Ойын осылай жалғасып,бірінші келген команда жеңімпаз болады.* ***5.«Жұптасқан ұстаушылар»*** *Тәрбиешінің белгісі арқылы топ мүшелері екеуден жұптасып белгіленген жерге жүгіріп барып,кейін қайтады.*				
Серуеннен оралу	***Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. Педагог жоспары бойынша сауықтыру шаралары. -Су процедураларын өткізу***				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ****. .Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету.. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.****Тәтті тамақ жейміз, Рақмет аспаз дейміз***				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				

Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№1. Ояну*** *Оянайық балалар* *Маған тезірек қарандар* *Шапалақты ұрайық* *Орнымыздан тұрайық.*	***№2. Ояну*** *Балалар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Қолымызды созып* *Шынығып бір алайық.*	***№3. Ояну*** *Балапандар тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Жан-жаққа біз қарайық* *Бір күлімдеп алайық.*	***№4 Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрамыз* *Көзімізді ашамыз* *Жан-жағымызға қарайық* *Төсектен біз тарайық*	***№5. Ояту*** *Ұйқыдан біз тұрайық* *Көзімізді ашайық* *Анда- мында созылып* *Тарқасайық, тұрайық*
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары. Бейнелеу әрекеті, кітап тарқарау және тағы басқа әрекеттер)	***«Пейзажды құрастыр» дидактикалық ойын*** ***Мақсаты:*** *Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту* ***Ойын барысы:*** *балаға белгілі бір маусымның (қыс, көктем, күз , жаз) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек*	***Дид ойын: «Ағаш өсіру»*** ***Шарты:*** *Ағаш өсу үшін керек заттарды орналастыру.* *Балаларды топқа бөлу.* ***1-топ:*** *А3 форматта салынған ағаш суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Салынған А3 форматта ағаш макетінің үстіне Күн суретін салу.* ***3-топ:*** *Ағашқа судың жатқанын ермексаз арқылы жағу.* ***Тыныс алу жаттығуы: Ауамен демаламыз*** *Музыка жетекшісімен бірлескен көңілді әуен ойындары.* ***«Көңілді ноталар»***	***«Татуласу»*** *Әкел, досым қолыңды* *Татуласқан орынды* *Өкпелесіп не таптық* *Көрсет, кәне соныңды* *Баққа бірге кірейік* *Қол ұстасып жүрейік* *Татулықтың белгісі* *Кел, қосылып күлейік.* ***Дид ойын «Не деу керек?»*** *Не деу керек?* *Апаң сағаң базардан,* *Алма сатып әкелді.* *Ең үлкенін тәттісін,* *Саған таңдап әперді.* *Не деп барып, жеу керек?* *«Рақмет» деу керек.*	***«Тамшылар мен бұлт» (балалар тамшы қалпақ киеді).*** *Тамшылар жерге ұшты (секіру). Олар жалғыз секіре отырып, жалықтырды. Екеуі жиналып, шағын ағынмен ағып кетті (қол ұстасып). кездесіп, үлкен өзенге айналды (бір тізбекке қосылған). Тамшылар үлкен өзенде жүзеді, саяхат. - өзен ағып, үлкен мұхитқа айналды. (олар дөңгелек биге қайта салынып, шеңбер бойымен қозғалады). Олар жүзді, мұхитта жүзді, содан кейін олар анасы Бұлттың үйге оралуын бұйырғанын есіне алды. Дәл осы кезде күн шықты. Тамшылар жеңіл болып, жоғары қарай созылды (олар еңкейіп, баяу тұрады, қолдарын жоғары көтереді). Олар күн сәулесінің астында буланып, анасы - Бұлтқа оралды..*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Дид ойын: «Кім тапқыр?»*** ***Жұмбақ жасыру.*** *Өсіп тұрған бұл не?* *Жаз болса жайнап,* *Саясында ән салып.* *Құстар жүрген сайрап,* *Салқын түссе-шешіліп,* *Қалады өзі жайрап.* *(ағаш)* *Мағынасын түсіндіру.* ***Ой қозғау*** *Жаз мезгілі және жазғы ағаштар келбеті туралы түсінік беру.* *- Сұрақ – жауап.* *-Ағаштардың бізге қандай пайдасы бар?* *-Қазір ағаштар қандай?* ***Үлгіні талдау.*** *- Суретте не көріп тұрмыз?* *-Түсі қандай?* *-Қай мезгілдің ағашы?* ***Жұмыс жасауда сурет дәстүрден тыс әдіс-тәсілін түсіндіру, көрсету.*** *Жұмысқа қатысты материалдарды атау, қауіпсіздік ережелерін*

					ескерту. Қырыққабат жапырағына бояуды губкамен жағу.Бояу жағылған жапырақты қағаз бетіне бастыру.
Баламен жеке жұмыс	***«Саулеге арналған киім»*** *Мақсаты: сызық бойынша қия білу қабілеттерін бекіту.*	***«Айырмашылығын тап»*** ***Мақсаты:*** *Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету*	***Дидактикалық ойын: «Белгілері арқылы ата»*** *Мақсаты: Бөлме өсімдіктерін атау білімдерін бекіту..*	***«Бұл қай мезгіл?»*** ***Мақсаты:*** *жаз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Ойын түрлерін түсіндіру. Сөздік қорын байыту.*	***«Жаңылтпаштар»*** *Мақсаты: балаларды жаңылтпаштарды дұрыс әрі жылдам айтуға үйрету.*
Серуенге дайындық	*Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.*				
Серуен	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Шар жарылды»*** ***Мақсаты:*** *Мұрын арқылы тыныс алуын жақсарту, демнің дұрыс шығуын қадағалау. Еріннің дұрыс ырғақты беттесуін дамыту.* ***Арнайы массаждар:*** *Түрлі гимнастикалық жолдарменжүру*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ақ қоян»*** ***Мақсаты:*** *балаларды ептілікке, жылдадыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.* ***Арттерапиясы:*** *мүсіндеу* ***Аюға тоқаш береміз***	*Таза ауада серуен Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Ұшты-ұшты»*** ***Мақсаты:*** *балаларды аңғарымпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.* ***Арнайы массаждар:*** *-майтабандарға арналған жаттығулар;*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Қимылды ойын: «Жер, су, ауа»*** ***Мақсаты:*** *балалардың ойлау қабілетін жетілдіру.* ***Арттерапиясы:*** *сурет салу Ғажайыптар әлемі.*	*Таза ауада серуен. Шынықтыру шаралары* ***Музыка терапиясы:*** *би,гимнастик алық жаттығулар*
Балалардың үйге қайтуы	*Ата – аналарға мезгілге байланысты бала киімі туралы айту*	*Ата – аналармен төлем ақылары жөнінде әңгімелесу.*	*Ата – аналарға жол ережесі туралы мағлұмат беру.*	*Ата-аналарға сауалнама тарату. Психолог кеңесі (жеке балаларға)*	*Ата –аналарға: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру*

Жазғы сауықтыру кешеніне арналған тәрбиелеу – білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы (балабақша/шағын орталық,мектепалды сыныбы)

Топ: Орта топ.

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 10.06 – 14.06.2024 ж

Күн тәртібі	***Дүйсенбі***	***Сейсенбі***	***6Сәрсенбі***	***Бейсенбі***	***Жұма***


Балаларды қабылдау *Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру*	*Балаларды қабылдау кезінде ата-анамен әңгімелесу арқылы баланың үйдегі көңіл-күйін, денсаулығын сұрау.* *Қабылдау кезінде тазалық шарларына мән беру. Ата-анаға демалыс күні тазалық шаралары жайында ескерту. Шаш, тырнақ тазалығы*				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстел үсті ойындары, Бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқаәрекеттер	*Шыныққсаң шымыр боласың,* *Сауығып айдай толасың.* *Спорттысерікетебіл,* *Жақсыазаматболасың.* ***Картотека №1*** ***« Айгөлек »*** ***Мақсаты:*** *балаларды шапшандыққа, ұйымшылдыққа үйрету.*	*Салауатты өмір салтын сақтаймыз,* *Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз* ***Картотека №5*** ***«Қасқырлар мен лақтар »*** ***Мақсаты:*** *Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.*	*Спорт – көркі өмірдің,* *Спорт - досың, серігің.* *Жаттықсаң шымыр боларсың,* *Шыныгып, өсіп, толарсың,* ***Картотека № 6*** ***«Сұр қоян жуынады»*** *Мақсаты: Қимыл қозғалыс қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ептілікке тәрбиелеу.*	*Ойнайық, ойнайық та ойлайық!* *Қатардан артта қалып қоймайық,* *Белсенді болайық ортада,* *Уақытты тектен - тек жоймайық!* ***Картотека № 8*** ***«Қайда жасырылғанын тап»*** *Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу*	*Шымыр, сергек денеміз,* *Спорт сүйер өренбіз!* *Біз биіктен самғаймыз,* *Қарсыластан қалмаймыз.* ***Картотека № 13*** ***Торғайлар мен автомобиль»*** ***Мақсаты:*** *балалардың зейінің дамыту, шапшандыққа үйрету.*
	Физикалық дамыту қимылды ойындар каротекасынан				
Таңертеңгі гимнастика	***Таңғы жаттығу кешені*** *Жаттығу түрі - сылдырмақ , әуенмен. Мақсаты: Жалпы даму жаттығуын жасай отырып, баланы шыңдау.* ***Маусым айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені қосымша тігілген***				
Таңғы ас	***Тәтті тамақ жейміз.*** ***Рақмет аспаз дейміз.*** *Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру.* *Әдептілік ережелерін түсіндіру.*				
Ұйымдастырыл-ған іс-әрекетке дайындық	*Біз гүлдерше өсеміз,* *Жапырағы жайқалған.* *Сабақтары салалы,* *Желмен бірге жайқалған.*	*Бойыңды сергек тік ұста* *Емін – еркін тыныста* *Деміңді ішке тез алда,* *Сол қолыңды соз алға.* *Оң қол да бос тұрмасын,* *Шеңбер жасап зырласын*	*Топ-топ басайық,* *Жалаудан күн жасайық.* *Жаса, жаса алтын күн* *Жаса, жаса жарқын күн*	*Бір, екі, үш,* *Қане, қанат қағамыз.* *Бір, екі, үш,* *Қарлығаш боп ұшамыз.* *Бір, екі, үш,* *Жинап алдық күш.*	*Жел улейді у-у* *Құйын келіп билейді зу-зу* *Қатты, қатты жел соқты гу-гу* *Жапырақтар қол соқты ду-ду*
Мектепке дейінгі ұй-ым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері	***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлім.*** *Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.* *«Орман аңдары»* *1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.*	***Қызығушылықты ояту.*** *Балалар сендер табиғатпен, оның сырларымен, тосын сыйларымен танысқыларың келе ме?* ***Ой дамыту*** *Табиғат бізге жылдың қай мезгілінде де өзінің кереметін үйретеді.* *Құстар ән айтуды үйретеді.* *Егістік пен бақшадағы аралар бізге еңбек етуді үйретеді.* *Қар тазалыққа, күн*	***Тосын сәт.*** *Балалар, маған Топырақтан хат келді. Ол бізден көмек сұрайды. Ол өзіне қауіп төніп тұрғанын айтады. Егер ол ауырып қалса, онда барлық ағаштар, өсімдіктер, гүлдер мен шөптер өсе алмайды, олар тамақты топырақтан алады. Топырақ неден қорқуы мүмкін* *Тәрбиеші: Топырақ ластанудан қорқады. Қалай ойлайсыңдар, біз жерді қалай*	***Қызығушылықты ояту.*** ***Жаз жайдары,алақай!*** ***Жатыр жайнап даламыз.*** ***Жүр, қанекей, балақай,*** ***Серуенге шығамыз.*** *Сұрақ –жауап* *Балалар өлең не туралы айтылған?* *Серуен жасаған ұнай ма?* *Серуен кезінде қауіпсіз ережелерді білеміз бе?* ***Ату.*** ***Ғажайып сәт.*** ***Телефон шырылдау. Аудио.***	***Қызығушылықты ояту.*** *Педагог топқа сөмке әкеледі. «Балалар, сендерге бара жатып мен сөмке тауып алдым. Және ол бос емес. Онда не бар екенін бірге көрейік».* ***Ой қозғау.*** *Педагог сөмкеден қиыршық тастарды алып, балалармен бірге қарайды. Сұрақтар: «Барлық қиыршық тастар бірдей ме?» (жоқ). Олар қалай*

	4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру. ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары:*** *(Доптармен).* ***1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*** *Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ.* ***2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу* ***3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.* ***4. Қос аяқпен секіру.*** *Б. қ. келу* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Алақандағы допты үрлеу».* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы*** *1.Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу.* *2.Еңіс тақтай үстімен жүру.* ***Қимылды ойын:*** ***«Қяндар мен қасқыр»*** ***Мақсаты:*** *Балалар ойын арқылы шапшаңдықты, ептілікті үйреніп, денсаулықтарын шынықтыруды біледі.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.* ***«Мақта қызбен Тастар»***	*мейірімділікке үйретеді. Барлық орман тұрғындары берік достыққа үйретеді. Жыл бойы табиғаттан көп нәрсені үйрену керек. Ендеше серуенге шығамыз.* ***Ауа райын бақылау*** *Балалар көңіл күйлерің қалай? (балалардың жауаптары)* *Ауа райы қалай болып тұр?* ***Тосын сәт*** *Телефон шырылдау, аудио дыбыс.* *Саламатсыңдар ма балалар. «Балалар, сендердің топтарыңда қандай бөлме өсімдіктері бар. Және олардың бәрі өте әдемі және жасыл ма?* *Мен гүл отырғыздым, оны күнде суарам ол бірден құрап, құрап қалды. Ал мен неге екенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Мына суреттегі менің өсімдігім Мен білмесбекпін.* ***Ой қозғау.*** *Балалар мына суретті қарайық Білмесбек гүлді қайда отырғызды.* *Балалар, қараңдаршы, өсімдік неліктен құрап қалды деп ойлайсыңдар? Ол өсімдікті кастрюльге отырғызды.* *Ал сонда бізге топырақ не үшін керек?* ***Біз кішкентай ғалымға айналып, Білмесбекке көмектесейік.*** ***Эксперимент №1*** ***«Топырақ бізге не үшін керек?»*** ***Мақсаты:*** *балалардың жердің жұмсақ, ұсақ түйіршіктерден тұратын, суды оңай өткізетін, құрғақ*	*ластаймыз? (балалардың жауаптары).* *Көбінесе біз қоқысты жерге тастаймыз, көгалдарды таптаймыз»* ***Біз серуенге шығып топырақтың ластануы туралы зерттеу жұмысын жүргізейік.*** ***Ғажайып алаң. (таза ауада өткізу)*** ***Эксперимент :*** ***«Топырақтың ластануы қалай пайда болады?»*** ***Мақсат.*** *«Топырақтың ластануының зардаптары».* ***Міндеттері:*** *эксперимент нәтижелерін салыстыру, рефлексиялау, жалпылау, гипотеза құру және оларды тексеру қабілеттерін дамыту. Табиғат әлеміне құрметпен қарауға тәрбиелеу.* ***Ресурс.*** *Топырақ салынған ыдыс, таза және сабынды су құйылған банкалар, картон, таяқшалар.* ***Эксперимент №1.*** *«Қараңдаршы, алдарыңда екі банкі топырақ тұр. Бір банкіге мен жаңбыр суын құйамын, екіншісіне – сабынды су құямын Банкілерді салыстырыңыз. Топырақтар не болды. (Дымқыл). Бірдей ме немесе басқа.* ***Жаңбыр суы құйылған топырақта қандай да бір өзгерістер бар ма?*** *(Жоқ).* ***Сабынды сумен құйылған топырақтан не көрінеді?*** *Сабын көпіршіктері, жолақтар.* ***Эксперимент №2.***	***Сәлеметсіңдер ме балалар. Мен орман тұрғыны тиінмін.*** *Біз түлкіге қонаққа барғанда , түлкінің күшігі дастархан басында өзін ұстау ережелерін ұмытып, қыбырлап, анасының сүйікті кесесін сындырды. Ыдыс неден жасалады? — деп таба алмай ойланып мыршай уайымдап отыр. Кішкентай түлкіге оны анықтауға көмектесіңдерші.* *Оның анасына жаңа кесе жасауға көмек керек.* ***Ой қозғау.*** ***Балалар көмектсеміз бе?*** ***Дид ойын: «Түлкіге кесе»*** ***Тәжірибе*** *«Саздың қасиеттерін анықтау: құрғақ, қатты, ұнтақ түріндегі саз, сазды қалай жұмсақ ету керек»* ***Мақсаты:*** *балаларды саздың қасиеттерімен, оның қолданылуымен таныстыру.* ***Материалдар мен құрал-жабдықтар:*** *саз ұнтағы, модельдеу тақталары, дестелер, су, майлықтар, алжапқыштар.* ***Эксперимент № 1.*** *Педагогпен балалар өз бетінше ұнтақтан саз дайындайды.* *Оны зерттеу, сұрақтарға жауап беру:* *-Сіздің ойыңызша саздың түсі қандай? Қоңыр.* *-Балшық қатты ма, жұмсақ па? Жұмсақ.* *- Балшық неге ұқсайды?* *- Бір кесек сазда құмның жеке түйірлері анық көрінеді ме? Құрғақ және дымқыл балшық*	*ерекшеленеді? (түсі, пішіні, өлшемі). Олар қандай сезімде? (тегіс). Қандай жерлерде қиыршық тастарды көп көруге болады? (Аквариум, құмсалғышта, жолдарда).* ***Диди ойын: «Үлкен кіші тастар»*** ***Шарты:*** *Тастарды үлкен және кіші қиыршық тастар деп бөлу.* ***Менің сүйікті бұрышым.*** ***Ертегі бұрышы.*** *Ертеде бір көлдің жағасында кішкентай тас болды. Су бетінде қалқып тұрған әдемі лалагүлдерге қарап: «Олар қандай бақытты, олар қайықтай жүзеді. Менің де жүзгім келеді деді тастар» Сәлден соң бір бала көл жағасына келіп, тасты алып суға лақтырып жібереді. Тас қуанып: «Ақыры менің арманым орындалды! Мен жүземін алақай деп қуанды, бірақ салмағы тым ауыр болғандықтан жүзе алмайтын болып шықты. Солай малтатас көлдің түбіне батып кеткен. Басында ол қатты ренжіді. Содан кейін мен айналада қанша күлкілі балықтар, басқа қиыршық тастар мен әдемі өсімдіктер бар екенін көрдім. Тас мұңайып, балықтармен достасып кетті.* ***Тәжірибе№1. Ауыр-жеңіл.*** *«Малтатастарды ал. Қандай тастар ауыр, қайсысы*

	Тастарды зерттеу: мөлшері, салмағы, түсі тәжірибесі ***Мақсаты:*** *балаларға тастар туралы әңгімелеу, олардың қасиеттерін анықтауға үйрету.* ***Материалдар мен құрал-жабдықтар:*** *әртүрлі пішіндегі, түстердегі, өлшемдегі тастар, үлкейткіш әйнек.* ***Қызығушылықты ояту.*** *Бір күні Мақта қыздың мысығы қазына тауып алады. Ол қазынаны Мақта қызға әкеледі. Мақта қыз қораптағы қазынаны ашқанда, онда түрлі түсті және әр түрлі пішіндегі қиыршық тастарды көреді. Ол өзінің сырын достары бізбен бөліскісі келеді. Балалар Мақта қызға көмектесеміз бе?* ***Дид ойын: «Кішкентай ғалымдар»*** ***Эксперимент барыс:*** *Тастарды зерттей отырып, олардың түсі, өлшемі және пішіні қандай екенін анықтау. Балаларға әр тасты сипауды ұсыну.* ***Сұрақ-жауап:*** *Тастардың беттері бірдей ме, әлде әртүрлі ме? Қандай? Балалар өз ойларымен бөліседі.* *Педагог балаларға ең тегіс және ең кедір-бұдыр тасты*	*және ылғалды қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.* ***Міндеттері:*** *сөйлеу тілін, алға қоя білуді дамыту жорамалдар және тәрбиешінің көмегімен қорытынды жасау.* ***Ресурс:*** *Топырақ, таяқша, су құйылған ыдыс, елеуіш, құм салынған ыдыс және оның ішінде құрап қалған өсімдік өскіні бар.* *Балалар гүлдерді қайда өсіру керек ? гүл біздің құм жәшігімізде өседі .* ***Ойын әрекеті : Кесекті сындырамыз.*** *Мына жерде топырақ тұр. Жер әртүрлі кесектерден тұрады. Кесектерді бөлшектейік.* *Қол тигізгенде топырақта қандай түйіршіктер пайда болады? Жұмсақ* ***Зерттеу: «Елеуіш»*** *Мына топырақтарды ыдыстарға салып, електен өткіземіз.* ***Қортынды: Топырақ електен өтті ме?*** *Барлығы өткен жоқ. Електің түбінде не қалады?* ***Кесектер.*** ***Эксперимент №2*** ***«Сиқырлы таяқша»*** *Тәрбиеші: Таяқшаларды құрғақ жерге тығып көреміз. Таяқша топырақ жабыса ма? (Жоқ). Құрғақ топырақ жабыспайды.* *Енді мен топыраққа су құямын . Су қайда кетті? Құрғақ топырақ қандай болды?* ***Құрғақ топырақ суды***	*Мына картондарды аламыз.. Оны кішкене бөліктерге бөліңдерде оны топыраққа араластырыңдар. Қолдарыңа таяқшаларды алып, таза топырақ пен картон араласқан топыраққа тығамыз.* *Таяқшаны қай топыраққа салу оңай? (таза жерге).* *Таза жерде ауа көбірек болады .* ***Түсініктеме:*** *«Жерде тек ағаштар мен өсімдіктер өспейді, сонымен қатар көптеген жәндіктер мен жануарлар да өмір сүреді. Жерді ластау арқылы біз оларды құртамыз».* *Қорытынды сұрақ: «Жерді қалай сақтауға болады?* *Қоқыстарды қайда қою керек?* *Лас суды төгеміз бе?* ***Қорытынды. «Топырақ қоқыс пен лас сумен ластанғанда онда тіршілік болмайды»*** ***Құммен ойын*** ***Ғажайып сәт. Аудио дыбыс.*** *Орман тұрғындары өте көңілсіз, олар саяхатқа шығып енді қайтуға жолдарын таба алмай жүр екен. Оларға өз іздерін салып, суретке түсіріп жіберейік. Көңілсіз тұрғындарға көмектесейік.* ***Дид ойын: «Ненің ізі»*** ***Ойын шарты:*** *балалар суретке қарап ненің ізі екенін тауып, саусақтардың көмегімен құмға бейнелей білу керек.*	*доптарды салыстыру: біреуін ұста бірнеше күн бұрын жасаған, екіншісін мен қазір жасадым. Доптар бірдей ме, әлде әртүрлі ме?* *Қандай айырмашылық бар? Қандай допты сығып ұстауға болады? Доптарды еденге лақтырсаң не болады?* ***Біреуі пішінін өзгертеді, екіншісі бөліктерге бөлінеді*** *Түсініктеме: «Саз дымқыл және құрғақ. Біз дымқыл саздан затты мүсіндей аламыз, ол жұмсақ ал, құрғақ саз қатты және ыдырап кетуі мүмкін.* *Ой дамыту.* *Біз түлкіге қайсы саздан кесе жасаймыз.* ***Жұмсақ саздан*** *Олар жұмсақ саздан кесе жасайды.* *Олар алынған ыдысқа су құяды.* *Жасаған жұмысты кептіріп қою, кепкен соң себетке салып түлкіге беріп жіберу.* ***Қорытынды:*** *саз дымқыл, жұмсақ, тұтқыр, оның пішінін өзгертуге, бөліктерге бөлуге, мүсіндеуге болады.* ***«Жел» ойын жаттығуы.*** ***Шарты:*** *Құм мен сазды үрлеп көру.* *Не жеңіл? Неліктен?* *Қортынды: Құм жеңіл, ұнтақ; сазда кесек бар. Сондықтан құм тез үрленеді. Балаларды мадақтау.*	*жеңіл? Неліктен? (үлкендері кішілерінен ауыр). Бір қолыңызға тас, екінші қолыңызға қауырсын алыңыз. Не ауыр? (қиыршық тас)».* ***Сергіту сәті: «Құм, тас, су»*** *«Құм «дегенде әр жерде шашыранқы болып отыру. «Тас» дегенде өз қолымен мүсін жасап тұра қалу, «Су» дегенде толқын жасап қозғалу.* ***Тәжірибе№2*** *«Тастарды суға сал» ойын тапсырмасы. Сұрақтар: «Тастар не істеді? Барлық тастар батады ма? Неліктен? (қиыршық тастар ауыр). Қауырсын суға батады ма? Тексерейік. Неліктен қауырсын суға батпайды?* ***Қорытынды:*** *Малтатас ауыр, сондықтан суға батады* ***Балалар сөмкеде түбінде тағы да бір конверт жатыр. Конверттің сыртында өзен. Балықтар, тастардың суреттері тұр. Демек бізге тапсырма берілген. Ашып қарайық. Балаларды топқа бөлу.*** ***1-топ:*** *А3 форматта өзен суретін құрастыру.* ***2-топ:*** *Өзен суын бояу.* ***Тақпақ айту.*** ***«Ақ тас, қара тас,*** *Құлағымның суын аш!»* *Деп секеңдеп балалар,* *Алақанын соғады.* ***3-топ:*** *Өзенге балықтар қиып жапсыру* ***4-топ:*** *Өзенге тастар*

	көрсетуді сұрайды. Біз тастардың бетін одан да жақсы көруіміз үшін ұлғайтқыштарды пайдалануымыз керек. Балалар лупа арқылы өздерінің барлық тастарын тексереді. Балалар кезекпен алақандарына тастарды ұстап, ең ауыр және ең жеңіл тасты анықтайды. ***Қорытынды:*** *Олар тастар түсі мен пішіні және көлемі жағынан әртүрлі деген қорытындыға келеді.* *түсі, пішіні, өлшемі бойынша тастар, тегіс және кедір-бұдыр болуы мүмкін; салмақтары әртүрлі – жеңіл, ауыр.*	***сіңіріп, дымқыл болды.*** *Енді таяқшамызды дымқыл топыраққа тығып көреміз. Таяқша не болды? (Лас). Неліктен?* *Ылғал топырақ таяқшаларға жабысты. Ылғалды топырақтың түсі қандай? Қара. Ылғалды топырақты електен өткізейік.* *Топырақ еленіп жатыр ма? (Жоқ). Топырақ дымқыл, електен өткізілмейді, ыдырамайды.* *Енді Білмесбекке осы жасаған жұмысымызды түсіріп жіберейік, гүлді топыраққа отырғызу керек екенін білсін.* ***Қорытынды:*** *Топырақ өсімдіктер тіршілігіне қажет; Өсімдіктер қорегін топырақтан алады.* ***Дид ойын: «Құм су ішеді»*** ***Мақсаты:*** *Құммен жұмыс істеуге, тәжірибе жасауға қызығушылықтарын дамыту.* *Ойын барысы:* *Балаларға құрғақ құмнан үлкен төбе жасап көрсету. Төбенің жоғарғы бөлігінне жұдырықпен ойпат жасап, оған мұқият жұқа ағынмен су құямыз. Төбеде тағы бір ойпат қалыптасады, ондағы су бірте-бірте жағаларға сіңіп кеткен көлге ұқсайды.* ***«Кішкентай аспаз» ойыны*** ***Мақсаты:*** *Тактильді-кинестетикалық сезімдерді, ұсақ және жалпы моториканы дамыту.*	***Денешынықтыру*** ***Кіріспе бөлім.*** *Тәрбиешінің артынан шеңбермен жүру.* ***«Орман аңдары»*** *1. «Аю» Қолды белге қойып, (қорбандап) табанды нық басып жүру.* *2. «Түлкі» Қолды жанға ұстап, (қуланып) бір сызықпен жүру.* *3. «Көжек» Қолды кеуденің алдында иіп, қос аяқпен секіру.* *4. «Қасқыр» Баяу жүгіру, жылдам жүгіру.* ***Негізгі бөлім.*** ***Жалпы даму жаттығулары*** *(Доптармен).* ***1.Қол мен иық бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.*** *Б.қ.: тік тұру, аяқ бірге, доп кеудеде. Допты алға созу. Жоғары көтеру. Алға созу. Б. қ.* ***2.Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: аяқ иық көлеміндей алшақ, қол төменде. Допты алға созу. Отыру, тұру. Б. қ. келу* ***3. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:*** *Б. қ.: Аяқ арасы иық көлеміндей алшақ, доп кеуде тұсында. Допты алға созу. Еңкею, допты тізеге тигізу. Б. қ. келу.* ***4. Қос аяқпен секіру.*** *Б. қ. келу* ***Тыныс алу жаттығулары:*** *«Алақандағы допты үрлеу».* ***Негізгі қимыл қозғалыс жаттығуы***		*мүсіндеп жапсыру.* ***Тақпақ айту.*** ***Жарыстырып құлашты,*** *Тас атуға тоймайды.* *Қызықтырып су асты,* *Қайта жалақ ойнайды.* ***Балаларды мадақтау.*** ***Музыка*** ***Тақырыбы: «Мен әдепті баламын»*** ***Дид ойын: «Тату достар».*** *Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.* *-Кімнің қандай өнері бар?* *-Кім билегенді ұнатады?* ***Дауыс жаттығулары:*** *Ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.* ***Ән үйрену: «Мен әдепті баламын»*** *Дауыс диапазондарын ескеріп, дикциясына көңіл бөледі. Сөздің анық айтылуын қадағалайды. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді. Әннің әуенін үйреніп, бірге қосыла айтуға икемдейді. түсінеді.* *Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, қосылып айтады.* ***Сергітужаттығуы:*** *Ойна, ойна, ойнайық,* *Биле, биле, билейік.* *Ойынойнапкөңілді,* *Қызыққатоймайық!* ***Қим ойын: «Досыма гүл сыйлаймын»*** *Шарты: Шеңберде тұрып, гүлді қатарға берген сайын, гүлдерді*

		Балалар (ойыншық) Жануарларға, қуыршақтарға тағамдар ұсынамыз. Бұл ойын үшін пішіндерді қолдануға болады.Құмды суарғышпен суарамыз. Дымқыл құмнан әртүрлі кондитерлік өнімдерді, пирогтарды, рогаликтерді және торттарды жасап көрсету.	*1.Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеу. 2.Еңіс тақтай үстімен жүру.* ***Қимылды ойын: «Қояндар мен қасқыр»*** ***Мақсаты:*** *Балалар ойын арқылы шапшаңдықты, ептілікті үйреніп, денсаулықтарын шынықтыруды біледі.* ***Қорытынды.*** *Балаларды мадақтау.*		*толықтырып отыру.. Қортынды. Сұрақ – жауап Балаларды мадақтау*
Серуенге дайындық	***Әңгіме жүргізу. Серуенге шыққанда қауіпсіздік ережелері туралы ескерту.*** ***Киіну:*** *Серуенге шығу, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.*				
Серуен:	***Картотека №1*** *Ауа райын бақылау*	***Картотека № 2*** *Күнді бақылау*	***Картотека № 3*** *Желді бақылау*	***Картотека № 4*** *Аспанды бақылау*	***Картотека № 5*** *Бұлтты бақылау*
	Жаз серуен картотекасынан				
	Эстафеталық ойындар: ***№1.«Жүйрік паравоз» жарысы*** ***Ойын шарты:*** *Әр топтан бір балакедергілер арасына жүгіріп межеге барып кайта қайтып келіп өзімен бірге бір баланы ала кетеді осылайша вогондар болып құралады. Бірінші болып келген топ жеңімпаз атанады* ***№ 2. Жалаушаны жеткіз*** ***Ойын шарты:*** *Жалаушаны алып қойылған кедергілерден өтіп,жалаушаны келесі балаға береді,бірінші келген топ жеңімпаз болады.* ***№3. «Жаңа орын»*** ***Ойын шарты:*** *бірінші бала айналып жүгіреді, екінші баланың қолынан ұстап, орындыққа отырғызады.*				
Серуеннен оралу	*Балаларға ойын киімдерін шешуді, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру (тәрбиешінің ұйымдастыруы бойынша) Түскі асқа дайындық.*				
Түскі ас	***ӘҢГІМЕ ЖҮРГІЗУ***. *.Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүртінуді, сүлгілерін өз ұяшықтарына ілуді үйрету. Ұқыпты тамақтану дағдыларына асты аздан алып ішуге, ас құралдарын дұрыс қолдануға тәрбиелеу. Үстелге дұрыс отырып,тамақтануға , нан қиқымын жерге түсірмей, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
Ұйқы	***Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау.***				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары.	***№ 3*** *«Саусақтар амандасады.» массаж жасаймыз –«қолды жуамыз». - «Қайырлы күн, көздерім!» Қабақты сипаймыз. «Оянамыз, құлақтар!» - құлақты сипаймыз, - «Қайырлы таң, қолым!» -*	***№4.*** *Бір – көтер кәне қолыңды Екі – төмен ұста қолыңды Үш, төрт – жаныңа соз қолыңды Бес дегенде секір көрсет бойыңды.*	***№5.*** *"Құстар оянды" - қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр». 2. «Құстар достарын іздеп жатыр» - Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «шип-шип» деп айту. 3. "Құстар көңілденіп жатыр" – қолды шапалақтау*	***№6.*** *арқамен жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. - арқамен жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын*	***№7.*** *«Күннің оянуы» - «Міне күн де оянады»- балалар тізе бүгіп отыр, қол төменде. - Биік, биік, биікке - қолдарын жоғары қарай көтереді. - Түнге қарай батады-*

	алақанды сипаймыз. *- «Оянамыз, қолымыз!» - шапалақтаймыз.* *- «Қайырлы таң, аяғым!» - аяқты сипау.* *- «Оянамыз, аяғым!» - қаз - қаз басамыз.*	*Керілеміз, созыламыз, төсектен біз тұрамыз.*		*көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.* *- арқамен жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау*	*Балалар тізе бүгіп отырады.* *басты төменге – жоғарыға – төменге еңкейеді.* *«Күлімдейді күн» керемет, керемет - алақан соғады.*
	Ұйқы ашар жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	*Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.*				
– Сөз асылы – шешендік – «Әжелер мектебі» жұмысын жандандыру – Алдын ала дайындалған «Ерте, ерте, ертеде… әжемнің ертегісін тыңдайық» челлендж бейнематериалдарын тамашалау – «Ертегілер әлеміне саяхат»: балаларға сүйікті ертегілерін айтқызу – Дидактикалық ойын: «Мен бастаймын, сен жалғастыр»	19.08.2025
– Алуан-алуан кейіпкер бар	20.08.2025

– «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында ермексаздан мүсіндеу немесе суретін салу – Өз қолымен жасаған кейіпкер бейнесіне еніп, оның даусымен сөйлеу (тіл дамыту жаттығулары) – Ертегі тыңдату, ондағы кейіпкерлер туралы өз ойларын айтқызу	
– Өнерлі өрге жүзер – Ата-аналармен бірлескен әрекет: алдын ала үйде әзірленген ұлттық оюлар көрмесін тамашалау, жасалған бұйымдар туралы әңгімелесу – Тақырыпқа сәйкес жұмбақтар шешу – Бұрыннан білетін әндерді айтқызу, билер билету	21.08.2025
– Ел іші – өнер кеніші – Педагогтар мен балалардың бірлескен театрландырылған қойылымдар байқауын ұйымдастыру – Қойылым қоюға қажетті атрибуттарды орналастыру – Қойылым желісін бірге ойластыру – Рөлдерді ортақ келісіммен бөлісу – Қойылымды сахналау	22.08.2025
Тамыз айы 4 апта **Ғажайыптар әлемінде**	
– **Балабақшам – өз үйім** – «Менің балабақшам» тақырыбында жазғы сауықтыру кезеңінде алған әсерлері туралы балалармен серуен кезінде әңгімелесу – Асфальтқа ұжымдық сурет салуға жұмылдыру, салған суреттері бойынша өз ойларын айтқызу – Тәрбиеші, медбике, тәрбиеші көмекшісі, музыка жетекшісі, денешынықтыру нұсқаушысы, аспазшы және басқа мамандықтардың рөлдеріне бөлініп, балалардың рөлдерді өз еркімен таңдап ойнауына мүмкіндік беру	25.08.2025
– **Бір, екі, үш – бойға жинап күш!** – Дене шынықтырудың пайдасы туралы әңгімелесу	26.08.2025

– Балалардың өздеріне ұнайтын жаттығуларды жасата отырып, бірлесіп спорттық ойындар таңдау және ойнау – Серуен кезінде қарапайым еңбекке баулу: гүл суару, ойын алаңын жинастыру, т.б. – Ұлттық ойын: «Бәйге» ойнату	
– **Менің Қазақстаным** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, туған өлкенің көрікті жерлері мен табиғаты туралы әңгімелесу – «Елім менің» тақырыбына арналған «Мен бастаймын – сен жалғастыр» ойыны – Алдын ала дайындалған ата-аналар мен балалардың оқыған өлеңдерінің бейнематериалдарын көру және балаларға ұнағандарын бірлесіп таңдау	27.08.2025
– **Алтын сақа** – «Мен атамның көмекшісімін» тақырыбында әңгімелесу – «Жеті атасын білу – тектіліктің белгісі» сайысын ұйымдастыру – Ұлттық асық ойыны «Ханталапайды» ойнату – Асықтармен жасалған «Денсаулық жолымен» жаттығу жүргізу – Асық тізілген қолғаптар арқылы балаларға сергіту массажын жасау	28.08.2025
– Конституция күні – Адалдық, достық, тәртіп туралы әңгімелесу – Тақырыпқа сай балаларға ойын жағдаяттарын ұсынып, дұрыс шешім табуға бағыттау – Қазақстан байрағының бейнесін жұмсақ қағаз қиындыларымен безендіру (ұжымдық шығармашылық жұмыс) – «Айбары асқақ – Ата заң» тақырыбында Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне арналған мерекелік концерт ұйымдастыру	29.08.2025

Жазғы сауықтыру кезеңінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
Топ: «»
Балалардың жасы:
Жоспардың құрылу кезеңі:

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 02.06.2025**	**Сейсенбі 03.06.2025**	**Сәрсенбі 04.06.2025**	**Бейсенбі 05.06.2025**	**Жұма 06.06.2025**
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б. **Еңбек:** алаңды ұсақ бұтақтардан тазалау. Мақсат-міндеттер: жалпы жұмысқа қатысу, мәселені соңына дейін жеткізе білуді тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)Еңбек:** отырғызылған өсімдіктерді күту (суару, қопсыту, арамшөптерден тазарту) Мақсат-міндеттер: өсімдіктерге қамқорлық жасауға деген құштарлықты тәрбиелеу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)"Өзіңе жұп тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша, мәтіннің сөзіне сай қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру, зейіндерін, байқағыштықтарын, жүгіру мен жүру дағдыларын дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші ойнаушыларға негізгі түстен бір-бір жалаудан таратады. Даңғыраның белгісімен, шапалақпен – жалауын көтеріп алаңда жүгіреді. Келесі белгімен – даңғыраны бірнеше ұрғылаумен, шапалақпен, "Өзіңе жұп тап" - деген сөзбен, түстері бірдей жалаулары бар балалар жұп құрады. Әр жұп өз беттерімен фигура жасайды. Жұпсыз қалғандарға ойнаушылар мынадай сөздер айтады: "Арман, Арман, аузыңды ашпай, тезірек жұбыңды таба ғой". Содан кейін белгі бойынша барлығы алаңға жүгіріп келеді: 5-6 рет ойын қайталанады. Ұсыныс: ойында тақ сан ойнаушылар қатысады, тәрбиеші де қатысады. Тәрбиешіде әртүрлі түсті жалаулар болуы керек: ойын қайталанғанда балалардың жалаулары ауысады. Ойыншықтар белгі бойынша өздеріне жұп таңдайды. **(дене шынықтыру)**				

Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығуы.** Оянындар, тұрыңдар! Мұнда мойын бұрыңдар, Жаттығулар жасайық, Терезені ашайық. Таза ауа пайдалы, Қане, биге басайық. Шынықса жас денеміз, Жылдам өсе береміз. **(дене шынықтыру)** Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені. 1."Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2-жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу. 2. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2-бастапқы қалып, сол жаққа орындау. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру. 1-2-сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4-бастапқы қалып. 4."Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1-жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2-оңға еңкею. 3-бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау.

	5. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3-артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4-бастапқы қалып. **(дене шынықтыру)**
Гигиеналық шаралар	**дағдылар** Мақсат-міндеттер: дағдыларды жетілдіру: шанышқыны бас бармақпен және ортаңғы саусағыңызбен ұстап, үстіңгі жағынан сұқ саусағыңызбен ұстау. Шеберлікті шыңдаңыз: майды нанға пышақпен жағу. *Көркем сөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі – жиі жуын сен. Таңертең де, кешке де, Жуын күндіз – түсте де. Су - тіршілік негізі, Онсыз өмір сүрмейсің. Гигиена егізі, Су деп және білгейсің. Су - табиғат байлығы, Өзен - көлге барғайсың. Кемі екі рет әр күні, Суға түсіп алғайсың. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер: тамақтану кезінде балаларға ескерту: ұқыпты ішу, тамақпен ойнамау, тамақ ішкен кезде сөйлеспеу. *Көркем сөз* Үсті-басым ұқыпты, Таза жүрем әрдайым. Жолатпаймын кірді мен, Тазалықты таңдаймын! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-

	жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. *Көркем сөз* Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**Балаларды қорғау күні** Балалар күні мерекесін ұйымдастыру: -балалар шығармашылығынан концерт; - асфальтқа сурет салу байқауы **Балабақшадағы дұрыс мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: нәтижелі ойлау және әрекет етуге дағдыландыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Сиқырлы тон" қазақ халық ертегісі. Мақсат-міндеттер: Балаларға қазақ	**Жаңылтпаштарды қайталау.** Мақсат-міндеттер: артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Гимнастикалық орындық үстінде еңбектейміз" Мақсат-міндеттер: Балаларды гимнастикалық орындық үстінде ішпен еңбектеу; балаларда тізеден бүгілген аяқты жоғары көтеріп жүру; аяқтың ұшымен, өкшемен, табанмен, табанның ішкі жағымен, тізені жоғары көтеріп, ұсақ және алшақ адымдап жүру; жұптасып бір қатармен жүгіру; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру.	**Рәміздер күніне орай танымдық сағатын өткізу.** Мерекелік іс-шара (флешмоб, тақпақтар, ән) **«Көлеңкесін тап», «Ұлттық рәміздер», «Тәуелсіз Қазақстан», т.б. ойындарын ойнату.**Бір тұтас тәрбие **«Күн» күні** Шығармашылық іс-әрекеттер дәстүрден тыс сурет салу үллгілері бойынша күннің суретін салу (**жапсыру, құрастыру, сурет салу, мүсіндеу**) **"Кім не істеп жатыр?" сөздік ойыны.**	«**Мен елімнің ұланымын**» Отан туралы өлеңдерді жатқа айту челленджі. Балалар шығармашылығынан суреттер көрмесін ұйымдастыру. Таза ауада ұлттық ойындар сайысын өткізу. Бір тұтас тәрбие **Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлау жаттығулары **(дене шынықтыру)** **Мнемокесте бойынша отбасы туралы өлеңдер жаттау.** Мақсат-міндеттер: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)Құрастырудан ойын-жаттығу** "Балалық шаһар" Мақсат-міндеттер: Балаларды әр түрлі ғимараттарды сызба бойынша салуға үйрету,	**«Менің әлемім»** «Менің жақындарым», «Менің үйдегі сырласым», «Менің бауырларым», «Менің отбасым» тақырыптарында балалармен серуенде әңгімелесу; балалардың отбасында ата-анасымен, бауырларымен немесе жақындарымен бірге уақыт өткізгенде ойнайтын ойындары, спорттық жаттығулары, сайыстарының ішінен

	ертегілерімен таныстыруды жалғастыру; өз пікірлерін ашықта, еркін жеткізе білуге үйрету; ертегі тыңдауға деген қызығушылықтарын арттыру, сөздік қорларын, тілін дамыту; алғырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Балақан да алақан" Мақсат-міндеттер: Балалардың жеке қасиеттерін дамыту, өлеңдерді, әндерді нақышына келтіре айтуға дамыту. Бір-бірін сыйлауға, адамгершілік қасиеттерін жоғалтпауға тәрбиелеу. **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ" жаттау. Шәймерген Әлдибекұлы. Мақсат-міндеттер: Балаларды көркем шығарманы мұқият	**Ғимараттарды неден салады?" сұрақ жауап жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың құрылыс материалдар туралы түсініктерін тиянақтау; ой шапшаңдығын жетілдіру. ғимараттар түрлерін ауызша айтуға немесе ғимараттар салынған суреттерді көрсетуге болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Менің қаламдағы жаз" Мақсат-міндеттер: Балалардың жаз белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру, сұрақтарға толық жауап беру қабілетін дамыту, жұмбақтарды шешуге үйрету, балаларды табиғаттағы жазғы өзгерістерді атап өтуге үйрету; есте сақтау, ойлау, өз ойларын дұрыс және сауатты айту қабілетін дамыту; жазда	Мақсат-міндеттер: балаларды өз ойы мен пікірімен бөлісуге машықтандыру; сыни ойлауды дамыту. **(қарым-қатынас іс-әрекеті) Дене шынықтырудан ойын-жаттығу.** "Жаз келді алақай!" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір қатармен жүгіру; алға қарай 3-4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру; биіктігі 40 см жіптің астынан қолды еденге тигізбей еңбектеу іскерліктерін жетілдіру; балаларда аяқтың ұшымен, өкшемен жүру дағдыларын қалыптастыруды жалғастыру; спорттық ойындар арқылы кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру дағдыларын	сөздік қорды кеңейту, ғимараттардың мақсаттары туралы және олардың адам өміріндегі маңызы туралы әңгімелесу арқылы, балалардың танымдық іс-әрекетін дамыту, топта жұмыс істеу және дос құруға қамқорлық жасау дағдыларын тәрбиелеу. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Жұмбақтар әлеміне саяхат" Мақсат-міндеттер: Балаларға жұмбақтар туралы түсінік беру; жұмбақты толық тыңдап, жауабын табуға үйрету; есте сақтау қабілетін жетілдіру; балалардың ой-өрісін дамыту; өз ойын еркін айтуға үйрету, адамгершілікке тәрбиелеу. **"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; отбасына деген сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс	көпшілігіне таныс ойын түрін бірге ойнап көру және алған әсерлерімен бөлісу; тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беру, ән тыңдату және қалауы бойынша балаға айтқызу. **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Қызыл телпек" орыс халық ертегісі Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегіні түсіндіру арқылы, мазмұндап айтуға үйрету; өз ойларын толық айтуға,

	тыңдауға; қойылған сұрақтарға жауап беруге; сұрақтар қоя білуге үйретуді жалғастыру; өлеңді мәнерлеп айта білу қабілеттерін әрі қарай жалғастыру; есту, қабылдау, есте сақтау қабілетін дамыту; ойлау қабілеттерін дамыту: талдау, синтез, жинақтау; монологтық сөйлеуді дамыту; көркем шығармаларға деген қызығушылықты тәрбиелеу; ұжымда жұмыс істеуге үйрету; достарына қамқоршы болуға тәрбиелеу. **«Бақытты балалық шақ»** Балалар шығармашылығынан концерт. Асфальтқа сурет салу Ойын:«Күн шұғыласы (сәулесі)» Айнаның көмегімен күн шұғыласын қабырғаға түсіру. Мақсаты:балалардың	табиғатта мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу	дамыту. **Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу** "Кемпірқосақ жолымен" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді, айлардың атаулары және олардың реттілігі туралы білімдерін тиянақтау , берілген дыбысқа арналған сөздер ойлап табуға, жалпылау мен жіктей білу дағдыларына жаттықтыру; логикалық ойлау қабілетін, сөйлеу қабілетін, зейінін дамыту; достыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түрлі-түсті доғалар" Мақсат-міндеттер: Балаларды дәстүрден тыс тәсіл «дымқыл» бетте сурет салумен	материалдардан түрлі үйдерді құрастырады. Құралдары: құрылыс материалдар жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. Сондай-ақ; "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары. **(құрастыру)** **"Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк машинасы, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл машина т.б. Балаларға кезекпен жеке суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік: жерде жүрсе - аяқтарымызды топылдатамыз, суда жүзсе - қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз, аспанда ұшса -	әңгімелеуге дағдыландыру; есте сақтау қабілетін дамыту, тілін, сөздік қорын молайту; кейіпкерлердің қарапайым қарым-қатынастарын бағалауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Жол ережесі сақтайық!" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам

	ептілігін жетілдіру. Д.о: «Бұл не?» Мақсаты: сенсорлық , көркем шығармашылық қабілеттерін дамыту.Өзіндік іс - әрекет «Біз көңілді баламыз» Әуенмен би қимылдарын жасау		таныстыру; акварель бояуын қолдану дағдыларын бекіту; өз түсінгендерін, әдемі құбылыстарды түрлі бейнелеу құралдарымен, шығармашылық таныта отырып суреттеу біліктіліктерін дамыту; сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, ұқыптылыққа тәрбиелеу.)	қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды, екі командаға бөлініп, ойнауға болады. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)**	жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу. .
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Күндізгі серуен	Серуен №1 Жаздың белгісін байқау Мақсаты: балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқай білу және оны анықтап айта білу дағдыларын дамыту. (күннің ұзаруы, өсімдіктер дүниесінің әсемдігі, ауа-райының өзгешелігі т.б.).Бақылау барысы Көркем сөз: «Жаз» С. Оспанов Ауыл қонды жайлауға,	Серуен №2 Табиғатты бақылау Мақсаты: қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Табиғатқа, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Жаз» Ә. Ахметов Нұр тұнып, құлпырып,	Серуен №3 Жәндіктерді бақылау Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Жәндіктерге нелер жатады? Жәндіктер қандай табиғатқа жатады?	Серуен №4 Бағдаршам жұмысына бақылау Мақсаты: бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Сұрақтар: 1. Бағдаршамның қандай белгісіне жаяу жүргіншілер жүре бастайды? Машина	Серуен №5 Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар:

	Дала жатыр жадырап. Қой қаптады қойнауда, Қозы, лақтар жамырап. Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, қанекей, балақай, Шомылуға барамыз. Балаларға сұрақтар Көктем мен жаздың қандай айырмашылықтары бар? Жазда ауа-райы қандай болады? Біз жазды не үшін жақсы көреміз? Айналаны қарағанда қандай көрністерді көреміз? Зерттеу жұмысы Балалармен көктемгі ағаштар бейнесі салынған суреттермен, қазіргі ағаш бейнесін салыстыру. Еңбек Гүл отырғызатын гүлзардағы еңбек (жерді тазалау, қопсыту). Мақсаты: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» Максаты: денесін тепе – тең ұстап, бір аяқпен бірнеше рет секіруге	Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш бақтағы. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Балаларға сұрақтар Бүгінгі ауа-райы қандай? Жазда жан-жануарлар қалай тіршілік етеді? Майда жәндіктер қалай тіршілік етеді? Жәндіктердің қандай пайдасы бар? Жазғы ағаш бейнесі туралы не айтуға болады? Жаз несімен қызықты? Зерттеу жұмысы. Балалардың назарын жәндіктерге аудару.олардың тіршілік әрекеттерін бақылау. Еңбек Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: топырақты қалай қопсыту керек екенін көрсету, маңызын түсіндіру.	Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. Еңбек: Алаңшаны	жүргізушілер қандай белгі берілгенде жүреді? 2. Бағдаршамның төрт жағындағы шамдар қалай жанады? 3.Неге бағдаршамның екі жағынан қызыл шамдары, екі жағынан жасыл шамдары жанады? Бұл нені аңғартады? 4.Бағдаршамның неше жағы бар? 5. Бағдаршамның сары шамы бір сәтте барлық жағына жанады. Бұл нені аңғартады? Бағдаршам дұрые жұмыс істеп тұрса, бір белгі келесі белгімен алмастырылады. Барлығы соған бағынады, сондықтан көшеде тәртіп болады. Көркем сөз: «Бағдаршам» Ә. Табылдиев Ашса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін. «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа	Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын. Аралап орман арасын, Көрсең де қашан, қай түні, Түспейді аттан бұл кісі. Айтатын сөзі әйгілі: Шырылдатып шыбығын, -Қалың ну-халық саулығы! Аңыратпайды ағашын.

	үйрету. Ойын тәртібін бұзбау. Жаттығу ойындары: Доппен жаттығу: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу Мақсаты: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу. **Эколоиялық тәрбие**	Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру,жылдам дықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту Мақсаты: екі аяқпен бірдей бір орында секіре білуге, тұрған жерінде секіруге жаттықтыру. **Эколоиялық тәрбие**	тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын : «Аққу - қаздар» Мақсаты: белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. Халық болжамы: өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі; бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады. **Эколоиялық тәрбие**	алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! Зертеу жұмысы: балалармен бағдаршам жұмысын және жол реттеуші жұмысын бақылау. Не көргендерін, не ұққандарын әңгімелеу. Еңбек: алаңшада, жол қиылысындағыдай белгі жасау, оны тазалап, сыпырып, жөнге келтіру. Мақсаты: жұмыла еңбек етіп, бастаған істі аяғына дейін жеткізу. Қимылды ойын: «Бағдаршам». Мақсаты: бағдаршамның белгілері туралы балалардың білімдерін бекіте түсу. Жеке жұмыс: «Көңілді жолаушылар» тақырыбына шағын әңгіме құрастыру **Эколоиялық тәрбие**	Көк орман-Отан байлығы! Дидактикалық ойын: «Қай ағаш екенін тап» Мақсаты: тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. Еңбек: ағаштар түбінің топырағын қопсыту. Мақсаты: балаларға ағаш түптерін не үшін қопсыту керектігін түсіндіру, ағаштарды күтуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Кім ағашқа бұрын жетеді». Мақсаты: Берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. Еңбек: ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту. Мақсаты: балаларды допты баскетбол ойынындағыдай қимылмен алып жүруге және лақтыруға жаттықтыру. Мақал-мәтел: -

					Адамның құдыреті жүрегінде, Ағаштың құдыреті түбірінде. Қалың ну-халық саулығы, Көк орман-Отан байлығы **Эколоиялық тәрбие**
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесу ге баулу.				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Гигиеналық дағдылар** Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. *Көркемсөз* Дос бол сабын, сумен сен, Жиі-жиі жуын сен, Таңертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	«Тәтті ұйқы»	«Қазақтың	Жағымды қазақ	«Тәтті ұйқы»	«Қазақтың

	Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату
Ұйқыдан тұру	Балаларды ұйқысынан ояту. Балалар ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыру мақсатында ояту гимнастикасын жасату Төсек жапқышын ауыстыруға қатыстыру: таза жайма салу, таза жастық қапшықты ауыстыру. **Көркем сөз** Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**Әр баланың көңіл-күйін көтеріңіз, сөздермен ояту. **Көркем сөз** Ұйқымыздан тұрайық, Көзімізді ашайық. Бізді күтіп тұрмайды, Жылдам алға басайық! **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Гигиеналық дағдыларды қалыптастыру (жуыну, тамақты шаю). Гигиеналық емшараларды орындау технологиясының алгоритмін сақтау. Үстел басында өзін әдепті ұстауға қалыптастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар**).				

Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	**"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. Ойын барысы. Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады, әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар. Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады (мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала) т.б. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Дауысынан таны".** Ойын барысы. Шеңберде тұрған ойыншылардың	**Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Сазбалшықтан жасалған «Ат» Дымково ойыншығы". Мақсат-міндеттер: Дәстүрлі халық өнерінің иесі ретінде Дымково жердімекен ойыншығымен таныстыру; ойыншықтың пайда болуы туралы, эстетикалық ерекшеліктері туралы таныстыру; балалардың танымдық белсенділігін және шығармашылығын, көзбен өлшеуін, ұсақ қол маторикасын, нсте сақтау қабілетін дамыту. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, бастаған ісін соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу. **(шығармашылық іс-әрекет)** **"Табиғат**	**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін бекіту, жүйелеу. Ойын барысы. Педагог балалармен әңгімелесу барысында айналамыздағы заттардың адам қолынан шыққаны немесе табиғатта сол күйінде кездесетіні, оларды адамдардың пайдалануы туралы балалардың білімдерін анықтайды. Мәселен, орман, көмір, мұнай, газ табиғатта сол күйінде болады, ал үрейлерді, зауыттарды, көлік құралдарын адам жасайды. "Адам қандай заттарды жасаған?" - деп тәрбиеші сұрақ қойып, ойынға қатысушылардың біріне бір затты береді (немесе доп лақтырады). Балалардың бірнеше жауабынан кейін ол жаңа сұрақ қояды:	**"Менің ғажайып бұлтым" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қиялды, эмоционалдық сфераны, табиғатты елестетіп қабылдауды дамыту (ойын релаксациялық кідіріс рөлін де атқарады). Ойын барысы. Балалар шабындықта ыңғайланып жайғасады, тынышталып, көздерін жұмады. Тапсырма. Шабындықта демалып отырғандарын елестету. Құстардың дауысы естіледі, шөптер мен гүлдердің иісі шығады, бұлт аспанда қалықтайды. Аспандағы бұлтты таңдап, оның неге ұқсайтынын айтып беруді ұсынады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Күн мен түн".** Мақсат-міндеттер: балаларды ептілікке,	**"Төртінші артық" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жәндіктер туралы білімдерін бекіту. Тәрбиеші төрт сөз айтады, балалар артығын атау керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **"Ұшты - ұшты" аз қимылды ойыны.** Мақсат-міндеттер: ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелейді. Ойынның мазмұны. Ойынды үй ішінде де сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс не зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады.

	бәрі ортаға шығып көзін байлайды да, ойын басқарушы болады. Ал қалғаны: "Секір,секір" деген кім, білгіш болсаң таба ғой. Тауып ал да, өзің кеп, сол орынды ала ғой, деген өленді айтып, шеңберді айнала жүгіреді. "Секір, секір" деген сөзді мұғалім белгілеген оқушы айтады. Балалар осыны айтып болған соң, ойын бастаушы көзін ашады да, "секір" деп айтқан баланы табуға тырысады. Тапса, айтқан бала ортаға шығады да, ойын басқарушы болады. Ойын осы ретпен жүргізіле береді. **(дене шынықтыру)**	**құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: қассиетіне қарай-қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Ойын барысы. Балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп,олардың бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	"Табиғат нені жаратқан?". Ойын барысында тәрбиеші балалармен адамзат табиғатты адамдар жақсы өмір сүру үшін пайдаланатыны, сонымен қатар орманды өрттен қорғап, су тоғандарын, өзендер мен көлдерді тазартып, құстар мен жануарларды күзетіп, табиғатты аялайтыны туралы қысқа әңгіме өткізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **Қимылды ойын: "Жер, су, ауа"** Мақсат-міндеттер: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, ауада, суда не төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу; шапшаңдыққа баулу. **(дене шынықтыру)**	жылдамдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы. Балалар бірі "Күн", екіншісі "Түн" тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші "Күн" деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма - кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді. **(дене шынықтыру**	Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы ойынды былай жүргізеді. Ұшты - ұшты сұңқар ұшты (қол көтереді) Ұшты - ұшты қарға ұшты (қол көтереді) Ұшты - ұшты арба ұшты (қол көтермейді) Ұшты - ұшты дауыл ұшты (қол көтермейді) Ұшты - ұшты ұшақ ұшты (қол көтереді) **(дене шынықтыру)**

Серуенге дайындық	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Киінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Бір-біріне көмек көрсету (тәрбиешінің және белсенді балалардың көмегі), серуенге мотивация (мазмұны, проблемалық жағдаяттар), көркем сөзбен ынталандыру (мақал-мәтелдер, жаңылпаштар, жұмбақтар, өлеңдер). Көтеріңкі көңіл-күй сыйлау.				
Серуен	**"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті, ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек,	**Еркін ойын: "Ыстық картоп". (дене шынықтыру)** Ойынның мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету. Ойын барысы. Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады. Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам жүргізушінің допты алып кетуіне жол бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім	**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру. Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін. Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады.	**"Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады.	**"Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әрбір бала, ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде, өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. **"Кім жылдам?"**

	Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек, - дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.	жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады. Ойын ережелері. Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу. «Не істеуге болмайды?» **Мақсаты:** Балалардың табиғаттағы тәртіп ережелерін меңгерту, қауіпсіздік дағдыларын бекіту. **Ойын шарты:** Тәрбиеші әртүрлі жағдаяттарды дауыстап оқиды, ал балалар: Дұрыс болса – алақан соғады; Қате/қауіпті болса – орнында отырып «жоқ-жоқ» деп басын шайқайды. **Мысал жағдаяттар:** «Орманда қоқыс тастауға болады ма?» «Табиғатқа шыққанда ересекпен жүру керек пе?» «Танымайтын саңырауқұлақты	**"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.	Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Балалардың тәжірибесі: желдің күші, бағыты. «Желді ұста», «Жылы және суық жел», «Желді өзіміз жасайық» ойын-тәжірибелері. Балалардың еркін әрекеті.	**(доппен) қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ептілікті дамыту, қимылдарды үйлестіру. Балалардың еркін әрекеті.

		жеуге бола ма?» «Жануарды көрсең тыныш тұру керек пе?» «Суға жүзе білмесең, жалғыз түсуге бола ма?» **Табиғаттағы қауіпсіздік ережелері**			
Үйге қайту **Ата-анаға кеңес**	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Жеке кеңестер, пікір алмасу. Ата-аналарға арналған кеңестер. "Бала белсенділігі - оның денсаулығының кепілі."				

Жазғы сауықтыру кезеңінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
Топ: «»
Балалардың жасы:
Жоспардың құрылу кезеңі:

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **09.06.2025**	**Сейсенбі** **10.06.2025**	**Сәрсенбі** **11.06.2025**	**Бейсенбі** **12.06.2025**	**Жұма** **13.06.2025**
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. **Еңбек:** гүлзарлардағы гүлдерді суару. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру;				

	жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)Еңбек:** құм жәшіктерін құммен толтыру. Мақсат-міндеттер: балалардың бойына еңбекке деген құштарлығын ояту. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу **(еңбек іс-әрекеті)Еңбек:** алаңды қоқыстан тазарту. Мақсат-міндеттер: алаңда тәртіп пен тазалық сақтауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Міне, бүгін ойнадық Ойнадық та, ойладық. Көжектер боп жүгіріп, Сәбіздерді жинадық. Бүгін жаттығу жаңаша, Қалмадық біз оңаша, Біздің балабақшада, Күнде осындай тамаша! Сапқа тізілу, жүру, аяқ ұшымен, өкшемен, жүру, жүгіру (30-40сек), секіре жүріп жүгіру, жүру, тыныс алуды қалпына келтіру; бірнеше бағанға қайта құрылу. Жалпы дамыту жаттығулары (жіппен) кешені. 1. "Жіпті соз" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, жіптің екі шетінен керіп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2- жіпті жоғары көтеру, оған қарау. 3-4- бастапқы қалыпқа келу, "төмен"деу. 2. "Бұрылу" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, жіптің екі шетінен керіп ұстап, иық бойында ұстап тұру. 1- оңға бұрылу, қолды оң жаққа созу. 2- бастапқы қалып, сол жаққа орындау. 3. "Сәл отыру" жаттығуы. Бастапқы қалып: жіптің екі шетінен ұстап тұру.

	1-2- сәл отыру,арқаны түзу ұстап, өкшені көтеру, жіпті екі жағынан ұстаған күйде қолды алға созу, басты тік ұстау. 3-4- бастапқы қалып. 4. "Еңкею" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қолды жіппен желке тұсында ұстау. 1- жіпті ұстаған күйде жоғары созу. 2- оңға еңкею. 3- бастапқы қалып. 4- сол жаққа орындау. 5. "Бүгілу, майысу". Бастапқы қалып: етпетінен жату, жіп тура созылыңқы қолда. 1-3- артқа қарай майысу, жіпті жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. **(дене шынықтыру)**
Гигиеналық шаралар	Мақсат-міндеттер: ас ішу құралдарын дұрыс қолдана білуді дағдыландыру; дұрыс тамақтану мәдениетіне баулу, тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды үйрету. **Көркем сөз** Нан – ардақты адал ас, Кәрі, жас одан аттамас. Ақ дастархан үстінде, Қол жумай оны ұстамас. Нан қоқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар, Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Ө.Тұрманжанов **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы,

	Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Таңғы ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. «Ас адамның арқауы» Асты ішпейміз асығып, Біз әдепті баламыз. Тойып алып тамаққа, Мықты бала боламыз! Астарың дәмді болсын!				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**Жас із кесушілер күні** Дәстүрлі емес сурет техникасымен сурет салу. Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ», «Жалаушаны табу». «Із кесушілер деген кімдер?» жетекші сұрақтар қою арқылы балалармен әңгімелесу. Ертегіні немесе көркем шығарманы оқып беру (үзінді). «Із	**«Кәусар бұлақ»** **Балалар жақсы көретін мультфильмдер тамашалау.** Балалардың көрген мультфильмдерінен алған әсерлерімен бөлісу, олардың қиялын, логикалық ойлауын, сөйлеу тілін дамыту мақсатында жетекші сұрақтар қою. Балалардың қалауы бойынша мультфильм кейіпкерлерінің образын таңдап, қимыл-қозғалыс ойындарын өткізу, патомимика арқылы	**Аңдар мен аңшылар** Альбомдар көру: «Аңдар», «Құстар», «Гүлдер» «Табиғатты қорғау» белгілерін дайындау. Сурет салу: «Жайлаудағы төрт түлік», «Орман аңдары», «Менің сүйікті жануарым» және басқа тақырыптар (балалардың қалауын ескеру ұсынылады). Құм және сумен тәжірибе. Құрастыру «Аңдардың үйшігі». Қоршаған ортаны	**Мейірімді достарым** Аңдар мен үй жануарлары туралы кітап көрмесін ұйымдастыру. Мысықтың өзіне күтім жасауын бақылау (жуыну). «Ерте, ерте, ертеде» тақырыпқа сәйкес аудио ертегілер тыңдату, тыңдалған ертегінің мазмұнын айтқызу. Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау. **Қоршаған ортамен**	**Сыр сандық** Таныс ертегі қойылымдарын сахналау. «Ең үздік қойылым», ойдан шығарылған ертегі қойылымдары байқауын ұйымдастыру. Дене **шынықтырудан ойын-жаттығу** "Жаз да келді пейілді" Мақсат-міндеттер: Балаларды тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп тақтай бойымен жүру

	кесуші» мультфильмін көрсету **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Кім қалай жүреді?" Мақсат-міндеттер: Балаларды тізенің арасына қапшықты қысып, қос аяқтап секіру; балаларда бір сызыққа қойылған заттар арасымен "жыланша" иреленеп жүгіру; допты бір қатарға қойылған заттар арасымен домалату; заттарды аттап өту; баянат (рапорт) қабылдау дағдыларын жетілдіру.**"Домино"** Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды)	кейіпкерді табу ойынын ойнау. **"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары жоғарыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Көрсетеді қолғабыс (Шаңсорғышпен тазалаған сыңай таныту) Кішкентай шаңсорғыш! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда,	қорғау бойынша жаднама құрастыру. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Аңды ізіне қарап таны», «Бақшадағы қояндар», «Қағып ал да ата» (доппен) **"Лото" үстел үсті ойыны (отбасы).** Мақсат-міндеттер: балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді. **(сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)** **Еркін ойын: "Құмдағы суреттер".** Құмның беті тегіс және ылғалды болуы керек және оған таяқшамен немесе бұтақпен бір	**таныстырудан ойын-жаттығу** "Сиқыршы су" Мақсат-міндеттер: Судың қасиеттері туралы түсініктерді бекіту: мөлдір, тұнық емес, түрлі-түсті; суық, ыстық, жылы болуы мүмкін; су сұйық , ағады, құйылады; суды әртүрлі түстермен қалай бояуға болатындығы туралы түсінік беру; сөздік қорын байыту, зейінін, есте сақтау қабілетін, тәжірибе жасау қабілетін дамыту; балалардың педагогты тыңдау қабілетін дамыту **"Өз орныңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: есту және көру зейінін дамыту **(дене шынықтыру)** .	дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіру; 1,5-2 метр арақашықтықтан кегльдерді қағып түсіру іскерліктерін жетілдіру; қимылды ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру. **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".** Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру.

	Өте пысық үтігім (Алақанның сыртқы жағын бі-біріне үйкелеу) Басар киім түтігін! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Аударған А. Кокенова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін	жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Тоңазытқышты ашыңыз, (Екі қолды уқалау) Салқындап тұр асыңыз! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Қолымыз алдыда, жұдырыққа түю, біріне түйістіру) Шәй ішейік шәйнектен (Қолды алдыға сермеу) Ызылдайтың жәйменен! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру) Бізге не көмектеседі? (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Біз оны қосамыз, (Екі қолдың сұқ саусақтары алдыны нұсқайды) Басып қалсаң тетігін, (Екі қолдың әр саусақтарын бір-біріне тигізу) Қайнап кетер тоқ пешім! (Қолды екі жаққа сермеу, иықты көтеру)	нәрсе салуды тапсырыңыз. "Суретшіге" тек бір минут ішінде қателіктерін түзетуге рұқсат етіледі. Бұнда әріптер мен сандарды да жазуға болады. **(шығармашылық іс-әрекет)**		Біз көмекші болып жүреміз, (Бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (Женді түргенге еліктеу) Қолға табақшаны алып, (Саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (Саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (Жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып, айналдыру) Айналдырып, жуып береміз. Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту және дене шынықтыру)**

	карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық іс-әрекет)**				
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).				
Күндізгі серуен	**Серуен №6** **Жәндіктерді бақылау** **Мақсаты:** балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. **Бақылау барысы** **Балаларға сұрақтар:** Жәндіктерге нелер жатады? Жәндіктер қандай	**Серуен №7** **Бағдаршам жұмысына бақылау** **Мақсаты:** бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Сұрақтар:** 1. Бағдаршамның қандай белгісіне жаяу жүргіншілер жүре	**Серуен №8** **Ағаштарды бақылау** **Мақсаты:** Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы**	**Серуен №9** **Аққайың ағашын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың қайың ағашы туралы білімдерін толықтыру, оның әсемдігімен қатар дәрумендік қасиеттері туралы білім беру. Табиғат сұлулығын сезінуге, аялап, қамқор болуға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **«ОЙЛАН-ТАП»**	**Серуен №10** **Құмырсқаны бақылау** **Мақсаты:** Балалардың жәндіктер туралы білімдерін молайту. Құмырсқаның еңбекқорлығы, бірлігі туралы айта отырып еңбексүйгіштікке, бірлікке тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Жұмбақ:** Бәрі бірдей

	табиғатқа жатады? Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. **Балаларға тапсырма:**	бастайды? Машина жүргізушілер қандай белгі берілгенде жүреді? 2. Бағдаршамның төрт жағындағы шамдар қалай жанады? 3.Неге бағдаршамның екі жағынан қызыл шамдары, екі жағынан жасыл шамдары жанады? Бұл нені аңғартады? 4.Бағдаршамның неше жағы бар? 5. Бағдаршамның сары шамы бір сәтте барлық жағына жанады. Бұл нені аңғартады? Бағдаршам дұрые жұмыс істеп тұрса, бір белгі келесі белгімен алмастырылады. Барлығы соған бағынады, сондықтан көшеде тәртіп болады. **Көркем сөз:** **«Бағдаршам»** Ә. Табылдиев Ашса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін. «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» Жүрме жолға таласып.	**Балаларға сұрақтар:** Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? **Көркем сөз:** **«Орманшы»** М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын. Аралап орман арасын, Көрсең де қашан, қай түні, Түспейді аттан бұл кісі. Айтатын сөзі әйгілі: Шырылдатып шыбығын, -Қалың ну-халық саулығы! Аңыратпайды ағашын.	Қай ағаштың қабығы ақ? Қай ағаш қысы-жазы бір түсте? Қай ағаш шырын береді? Қандай ағаш жеміс береді? Тәрбиеші әңгімесі Діңі түзу, ақ қабықпен қапталған қайың ағашы ең әдемі, ең сұлу ағаш. Оны ақындарымыз жырға, халқымыз әнге қосқан. Қайыңның кездейсоқ сынған әр бұтағынан нәрлі де, дәмді шырын тамады. Ұшып келген әнші құстардың көбі қайыңды тоғайға жиналады. Қайың сәуір-мамыр айларында гүлдейді. Қайыңның бүршігін жапырақ жармай тұрғанда жинап, көлеңке жерде кептіреді. Қайың ағашының бүршігінен тұнба дайындап, оны сырқаттанғанда ванна қабылдау арқылы пайдаланады. Ерте көктемде қайың ағашының діңін тіліп шырын алады. Бұл	жұмысқа, Шығатын кім ? - Құмырсқа. **Көркем сөз** **«Құмырсқалар»** М. Әлімбаев Құмырсқаның илеуі-Илеуіне жұмылып, Құмырсқаның үйлері. Инелікті сүйрейді. Бір тілек, бір ниетте, Құмырсқалар тамағын, Барлық тұрғын үйдегі, Еңбекпенен табады. Елгезектер бұйығып, Өзін қорғай алады, Ерінуді білмейді. Шамшандырсаң, шағады! Балаларға сұрақтар Сендер құмырсқа жайлы не білесіңдер? Оларды неге «орман дәрігері» деп атайды? Құмырсқаның адамға қандай пайдасы бар? Құмырсқалар ағаштардан басқа тағы нелерге көмектеседі? Құмырсқалар өте еңбексүйгіш. Олар өздерінің қыстық азағын жаз бойы

	«Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. **Еңбек:** Алаңшаны тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. **Қимылды ойын :** «Аққу - қаздар» **Мақсаты:** белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. ***Халық болжамы:*** ***өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;*** ***өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;*** ***бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа***	Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! **Зертеу жұмысы:** балалармен бағдаршам жұмысын және жол реттеуші жұмысын бақылау. Не көргендерін, не ұққандарын әңгімелеу. **Еңбек:** алаңшада, жол қиылысындағыдай белгі жасау, оны тазалап, сыпырып, жөнге келтіру. *Мақсаты:* жұмыла еңбек етіп, бастаған істі аяғына дейін жеткізу. **Қимылды ойын:** «Бағдаршам». *Мақсаты:* бағдаршамның белгілері туралы балалардың білімдерін бекіте түсу. **Жеке жұмыс:** «Көңілді жолаушылар» тақырыбына шағын	Көк орман-Отан байлығы! **Дидактикалық ойын:** «Қай ағаш екенін тап» *Мақсаты:* тәрбиешінің берген нұсқауымен аталған ағашта табу. **Еңбек:** ағаштар түбінің топырағын қопсыту. *Мақсаты:* балаларға ағаш түптерін не үшін қопсыту керектігін түсіндіру, ағаштарды күтуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Кім ағашқа бұрын жетеді». *Мақсаты:* Берілген белгі бойынша тез жүкіруге жаттықтыру, мақсатқа жетуге деген ынталарын арттыру. **Еңбек:** ағаштардың діңгектерін (жерін, топырағын) қопсыту. **Жаттығу ойындары:** Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* балаларды допты баскетбол ойынындағыдай қимылмен алып жүруге және лақтыруға жаттықтыру.	шырынның құрамында дәрумендер (витаминдер) көп болғандықтан адамға пайдасы зор. **Зерттеу жұмысы** Қайың ағашы мен оның жапырақтарын басқа ағаштармен салыстыру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. **Еңбек:** Қайың ағашының айналасын тазалап, түбін қопсыту *Мақсаты:* Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу, істеген ісіне қуана білуге баулу. **Қимылды ойын:** « Теңге алу» *Мақсаты:* Жүкіріп келе жатып, жердегі затты іліп алуға жаттықтыру. Жеңіске деген құлшыныстары мен ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. **Жаттығу ойындары** Қимылдарын жаттықтыру *Мақсаты:* секіргіш жіппен екі аяқпен, қос аяқпен секіре білуге жаттықтыру ***Эколоиялық***	тынбай дайындайды. Бұл істе олар өте ұйымшылдықпен жұмыс істейді. Құмырсқаның бірлігі мен еңбексүйгіштігін адамдар үлгі тұтып, ертегі, аңыздарға, жыр, мысалдарға қосқан. Оларды өлтіруге, илеулерін бұзуға тыйым салған. **Балаларға тапсырма:** «Еңбекқор құмырсқа» тақырыбына шағын әңгіме құрастыру. **Еңбек:** Құмсалғышты құммен толтыру. *Мақсаты:* Баршаның игілігі үшін еңбек етуге тәрбиелеу, ынтасын арттыру. **Қимылды ойын:** «Орамал тастамақ» *Мақсаты:* Байқампаздыққа, жылдамдыққа баулу.. **Жаттығу ойындары:** шеңбер ішіне қапшық лақтыру. *Мақсаты:* көз мөлшерлерін дамыту, нысанаға тигізуге жаттықтыру

	райы өзгеріп бұзылады. *Экологиялық тәрбие*	әңгіме құрастыру *Экологиялық тәрбие*	***Мақал-мәтел: - Адамның құдыреті жүрегінде,*** ***Ағаштың құдыреті түбірінде.*** ***Қалың ну-халық саулығы,*** ***Көк орман-Отан байлығы***	*тәрбие*	***Халық болжамы: Құмырсқа илеуіне тығылса - жаңбыр жауады***. *Экологиялық тәрбие*
Серуеннен оралу	Өз-өзіне қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Шешінудің бірізділік алгоритмін бекіту. Ұқыптылық дағдыларын үйрету, киім мен аяқ киімді дұрыс күтуге және орнына жинауға қалыптастыру. Бір-біріне көмектесу ге баулу.				
Гигиеналық шаралар	Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтап жуыну. Шектеу шараларына байланысты залалсыздандыру үшін қосымша санитарлық талаптар қойылған болса, оны орындау. Қажеттілігіне қарай, балаларға көмектесу арқылы өз-өзіне қызмет етуге баулу (педагогтің көмегі, бір-біріне көмектесу).				
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Тәтті ұйқы» Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады.	«Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім»,	«Тәтті ұйқы» Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар	«Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру,

	Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	«Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату
Ұйқыдан тұру	**Біртіндеп ұйқыдан тұру (музыка ақырын ойнап тұр).** Бойымызды жазайық Қолымызды созайық Жаттығулар жасайық Ұйқымызды ашайық! Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Тыныс алу жаттығуы:** Ку - ка - ре, ку - ка - ре – ку, ку - ка - ре - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1.«Балапандар серуенге шықты» шық - шық - шық. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. **Көркем сөз**: Балапандарым кәне ұйқыдан тұрайық.				

	Түс мезгілі, түс мезгілі. Балапандар ұйқыға кірісті. Балапандар көреді түсті, Ғажайып сиқырлы әлемді. Балалар ұйқыдан оянады. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. **"Тазалық-денсалық кепілі".** Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру. *Көркем сөз* Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды, Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	**"Не естігеніңді айт?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жауаптарда толық сөйлемдерді қолдануға үйрету; сөздік қорын молайту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларға	**"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға	**"Кемпірқосақ" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: негізгі және қосымша түстер жайлы түсініктерін бекіту. Ойын барысында балалар түрлі түсті жолақтарды таңдайды, түстерді сәйкес рет-	**"Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточкаларды біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, есте сақтау қабілеттерін,	**Дамытушылық ойын. "Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз".** Мақсат-міндеттер: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін

	көздерін жауып, мұқият тыңдауларын (құстардың дауысы, машина сигналы, адамдардың әңгімелескен дыбыстары т.б.) және нені естігендерін анықтауларын өтінеді. Балалар толық сөйлеммен жауап берулерін талап ету керек. Кім ең көп естіген сөзді атайды, сол жеңімпаз болып саналады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **"Сүйікті кітаптарыңыздың кейіпкерлерімен бірге саяхат" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалар жазушыларына деген қызығушылықтарын ояту. Ертегі кейіпкерінің рөлін қабылдау қабілетін дамыту.	лақтырып, "Жер" деген кезде, жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде, суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. "Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде, қолдарын былғайды, "жер" дегенде, қолдарын төмен түсіреді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)** **"Мектеп" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың мектеп	ретімен орналастырып, кемпірқосақ құрайды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Жануарлар бағы".** Мақсат-міндеттер: балалардың жануарлар бағы, қорғауға алынған жан-жануарлар жайлы түсініктерін бекіту; ветеринар дәрігер, орнитолог туралы түсініктерін бекіту; мамандардың жануарлар бағында қандай рөл ойнайтынын анықтау; жануарларға қамқорлық танытуға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге ойын алдында жануарлар бағы жайлы суреттер қарастырады, әлем бойынша қорғалатын аңдар мен құстар жайлы бейнебаян көреді. Ветеринар дәрігер, орнитолог (құстар бойынша маман), зоолог	сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға деген қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Әртүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл; және т.б.. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы"** Мақсат-міндеттер: ойын	дамыту. Барысы. Жүргізуші. 1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді. 2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді. 3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді. Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын."Дәріхана".** Мақсат-міндеттер: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-

	(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)	туралы білімдерін кеңейту және нақтылау. Балаларға рөлді жүзеге асырудың экспрессивті құралдарын (интонация, мимика, қимылдар) игеруге көмектесу. Балалардың оқуға деген ынтасын арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекет, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет, еңбек іс-әрекеті)**	(жан-жануарлар бойынша маман) сияқты мамандардың қызметінің маңызы жайлы талқылау қажет. Балалардың өздері жануарлар бағында жұмыс жасайтын қызметкерлерді атап, таңдайды. Кейіпкерлер өзіне қажет киім үлгілері мен құралдарды алады да, орындарына барады. Қалған балалар қолдарына ойыншық аңдар мен құстарды алады да, оларды белгіленген орындарға отырғызып, қозғалтады, қимылға келтіреді. Мамандар аңдар мен құстардың орындарын қарайды, көмектерін тигізеді. Ойын соңында тәрбиеші балалармен бірге қорытынды жасауы мүмкін: адам жойылып бара жатқан аңдар мен құстар үшін жауапкершілікті сезіну, қамқорлық таныту, тіршілік етуіне қолайлы жағдай туғызу қажет. **(сөйлеуді дамыту,**	арқылы қоршаған орта туралы білімдерін көрсету, кітапхананың әлеуметтік маңыздылығын көрсету; кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: оқырман формулярларын рәсімдеу, кітапханашының өтінім қабылдауы, картотекамен жұмыс, кітап беру, оқу залының жұмысы. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)**	жабдықтар. Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар. Барысы. Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын

			қоршаған ортамен таныстыру)		айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**
Серуенге дайындық	Жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				
Серуен	**"Айгөлек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: ұжымдық ойында күш-жігерді, белсенділікті,ептілікті, шапшаңдықты көрсете білуге дағдыландыру; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Айгөлек ойыны кең алаңда өткізіледі. Ойыншылар саны мен жас шамасына қарай екі топқа бөлінеді де, арасы 15-20 метрдей жерде қол ұстасып қарама-қарсы тізбек құрып тұрады. Ойын жүргізуші екі топтың	**Еркін ойын: "Ыстық картоп". (дене шынықтыру)** Ойынның мақсат-міндеттер: доптың шеңбер бойымен жылдам өтуін қамтамасыз ету. Ойын барысы. Ойыншылар шеңбер бойымен бір-бірінен ұзындыққа тұрады. Шеңбер бойымен жүру. Бір ойыншының қолында ыстық картоп добы бар. Белгі бойынша балалар допты бір бағытта шеңберге айналдырып, мүмкіндігінше жылдам жүргізушінің допты	**"Көбелектер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: сигнал бойынша жүгіру бағытын, тоқтамай, өзгерте білуге машықтандыру; кеңістікті бағдарлау, қимылдарды үлестіру қабілеттерін жетілдіру. Педагог ойын барысында "Оңға!", "Солға!", "Кері!", "Алға!" деп, белгілер беріп тұру мүмкін. Балалар кездейсоқ айтылған белгілерді есті жүріп, жүгіру бағыттарын жылдам өзгертіп, ары қарай	**"Қасқыр қақпан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесіп, ойын шартына, өз рөлдеріне сай, әділ ойнауға баулу; күш-жігерін, зеректікті дамыту; шыдамдылыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу. Балалар "бірінші, екінші болып саналып, екі топқа бөлінеді. Біріншілер "қақпа" болады, екіншілер "қасқырларды" сомдайды. "Қақпан" болып жиналған балалар қол ұстаса, шеңбер құра жүріп, өлең айтады: Қасқыр түссе қораға, Ұстамас оны бола ма? Қол ұстасып тұрайық,	**"Кеглиді көзде", "Допты қуып жет" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: балаларды мергендікке,ептілікке,белгілі бір бағытты көздей білуге үйрету. **"Күн мен түн" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: есту зейінін, кеңістікті бағдарлау, жүгіре білу қабілетін дамыту. **Жеке жұмыс:** қозғалыстарды дамыту. Мақсаты: қабырғаға

	біреуіне кезек береді. Олар барлығы қосылып, төмендегі өлеңді айтады: Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Бізден сізге кім керек? Бұған екінші топтың ойыншылары жауап береді. Айгөлек-ау айгөлек, Айдың жүзі дөңгелек. Теміршіден дем шығар, Үзеңгіден дем шығар. Ақ терек пен көк терек, Шолпан атты қыз керек, - дейді. "Шолпан" деген сөздің орнына басқа бір баланың немесе қыздың атын қойып айта береді. Қарсы топтан шақырылған қыз не бала жүгіріп келген бойы тізіліп тұрған топтың әлсіз жерінен үзіп өтуге тиісті. Егер үзе алмаса, сол топта қалып қояды. Ал үзсе, өзі қалаған ойыншының бірін өз тобына алып қайтады. Ойыншылар	алып кетуіне жол бермеуге тырысады. Жүргізуші шеңбер бойымен қозғалады және оны беру кезінде допты алуға тырысады. Кім жетекші допты алады, ол шеңбердің артында тұрады. Ойын ережелері. Допты көрші ойыншыға беру, ешкімді өткізбеу.	қимылдау тиіс. Сондай-ақ, демалу кезеңін ескеруге болады. Балалар "Гүлдер!" атты белгі бойынша өз орындарына тоқтап қала алады. **"Нысанаға тигіз" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қапшықты нысанаға көзбен мөлшерлеп, лақтыруды жетілдіру; күшін дамыту. Еркін ойындар.	"Қасқыр қақпан" құрайық. Берік қақпан сынбайды, Қасқырларды ұстайды. Қасқыр, қасқыр, келіп көр! Қақпан, қақпан, берік бол! Соңғы сөздерден кейін қақпан-балалар қолдарын жоғары көтереді. Осы сәтте "қасқырлар" шеңберге кіріп керіп, жүгіріп жүреді. Ойын басқарушының (педагог немесе бала) "Қақпаны жап!" десе, "қақпан-балалар" қолдарын тез түсіріп, отыра қояды. "Қасқырлардың" міндеті, қақпа жабылғанша, шеңбер сыртына ытқып шығып кету. Егер шеңберден дер кезінде шыға алмаған балалар қалса, келесі айналымда олар "қақпанға" қосылады. Өтіп кеткен балалар "қасқырлар" болып, ойынды жалғастырады. Ойынның шартын біраз өзгертуге болады: екі бала, өз қалаулары бойынша, ойыншыларды "қақпа" және "қасқырлар" тобына	доппен ойнау техникасын жетілдіру.

	түгел шақырылып болған соң, екі жақтың ойыншылары саналады. Қай топтың саны көп болса, сол топ ұтқан болып есептеледі.			келісіп таңдайды. **"Судан аттап өт" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: қозғалыс координациясын дамыту; қимылды тапсырмаларды орындауды үйрету, мақсатқа жету ұмтылысын қалыптастыру.	
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Ата-аналармен «Тазалық - денсаулық кепілі» тақырыбында әңгімелесу.				

Жазғы сауықтыру кезеңінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
Топ: «»
Балалардың жасы:

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі 16.06.2025**	**Сейсенбі 17.06.2025**	**Сәрсенбі 18.06.2025**	**Бейсенбі 19.06.2025**	**Жұма 20 .06.2025**
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б. **Еңбек:** гүлзардағы топырақты қопсыту, қажет болса суару. Мақсат-міндеттер: гүлдерге күтім жасау, гүлдерге қамқорлық жасауға, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу. Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)Еңбек:** аула тазалаушыға ауланы тазартуға көмектесу. Мақсат-міндеттер: үлкендерге көмектесуге деген ықыласты, еңбекке жауапкершілікпен қарауға баулу.				

	Кезекшілік: табиғат бұрышы, ас бөлмесі, оқу құралдары бойынша міндетін соңына дейін атқаруға машықтандыру; жауапкершілікке тәрбиелеу. **(еңбек іс-әрекеті)**
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. **Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар.** Тобымызда күн сайын, Жаттығу орындайық. Тәртіп бойынша ғана, Жаттығу орындалады: Барлығымыз отырып, Барлығымыз тұрамыз. Оңға - солға бас бұрып, Керіліп, айналамыз. Бір - біріңе жымиып, Күлімсіреп қараңдар! Ешқашан қабақ түйіп, Достарға қарамаңдар! **(дене тәрбиесі)**
Гигиеналық шаралар	Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету **Көркем сөз** Балаларға – тортымыз, Барлық жұртқа құртымыз. Балмен піскен қауыршақ, Балдай тәтті бауырсақ. Қауын –қарбыз, көкөніс, Қанша жидек, көп жеміс. Қане, тойып алыңдар, Тамақтан соң ойын бар . **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас,

	Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Таңғы ас	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**Жел күні** Флюгр, тікұшақ, ұшақ жасау, учаскеде ұшыру, желдің бағытын анықтау **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Үш торай" орыс халық ертегісі" Мақсат-міндеттер: Балаларға ертегі мазмұнын түсіндіру, кейіпкерлердің мінез-құлықтарымен таныстыру; жағымды, жағымсыз	**Құм күні** Құмнан құрылыс тұрғызу, құмға сурет салу, құм аулаларын қарау, құрғақ және дымқыл құмның қасиеттерін зерттеу Құмдарды түрлі-түстерге бояды. **"Жел мен бұлт" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: кеңістікті бағдарлауды жаттықтыру. **(дене тәрбиесі)**	**Ауа күні** Шар үрлеу, бадминтон ойыны, «Ауа қайда жасырынған» эксперименті Ауаны түсіндіру бойынша аулада ойындар ойнату **"Әткеншек" қимылды ойын-жаттығулары, қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздерді іс-әрекетпен үйлестіру мүмкіндігі.	**Су күні** Су әлемі туралы жұмбақтарды болжау, сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу, су температурасын 28-30 ℃ - ден 18 ℃ - ге дейін төмендетіп аяққа құю **"Кім кім болды?" дидактикалық ойыныы.** Мақсат-міндеттер: зейінін, қиялын дамыту. Сипаттама: бала мұғалім атағаннан бұрын болған жағдайды атауы керек.	«Анам, әкем, мен-шығармашылық отбасымыз» отбасылық сурет көрмесіне суреттер салу, суреттер көрмесін балалармен жасау. **"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру.** Мақсат-міндеттер: байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға деген сүйіспеншілікті арттыру.

	жақтарын ажырата білуге үйрету; тілін, сөздік қорларын дамыту; анық, көркем сөйлеуге тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Ақ жаңбыр" Мақсат-міндеттер: Көңілді әуен арқылы көңіл күйді сыйлай білуге талпындыру. Балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Балаларды достыққа, бірлікке,татулыққа тәрбиелеу. **"Суретті құрастыр" үстел үсті ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың бірнеше бөліктерден тұратын, тұтас суретті құрастыра білу қабілетін жетілдіру, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда	**Еркін ойын: "Мысық мен тышқандар".** Мақсат-міндеттер: балаларда төзімділікті, қимылдарды сөзбен үйлестіре білу, ептілікті дамыту. Жүгіру мен иілу жаттығулары, шеңбер бойымен тұру және шеңбер бойымен жүру. Сөйлеуді дамытуға ықпал ету. Ойын барысы. Ойын азғана балалар тобымен бөлмеде (кілем үстінде) немесе далада, жұмсақ шөпті алаңда өткізіледі. Қырынан қойылған гимнастикалық сатының, рейканың немесе кендір жіптің көмегімен тышқандарға арналған орын қоршалады. Мысық таңдап алынады. Ол үлкен орындыққа немесе кесілген ағаштың түбіріне отырады. Тышқандар індерінде отырады. Тәрбиеші былай дейді: Тышқанға сақшы санап өзін мысық, Жатады ұйықтағансып көзін қысып.	**(дене тәрбиесі)** **Қимылды ойын "Қасқыр мен қояндар".** Мақсат-міндеттер: шапшаңдықты, жылдамдықты және кеңістікті бағдарлауды дағдыландыру. Ойын барысы. Ойынға қатысушылардың біреуін қасқыр етіп таңдап алады. Қалған балалар қоянның ролін бейнелейді. Алаңның бір жағында қояндар өздеріне үйшік жасап жатады (дөңгелектер сызады). Ойын басында қояндар өздерінің үйлерінде тұрады, қасқыр - алаңның екінші шетінде (сайда). Тәрбиеші былай дейді: Шоқақ, шоқақ жүгіріп, Қояндар кетіп барады. Тұрған көгі құлпырып, Көгалды іздеп табады. Шөпті жалмап жеседі, - Қасқыр жоқ па? - деседі.	Мысалы: - Ата кім болды? (Ұл) - Ағаш не болды ? (Өркен) **(танымдық іс-әрекет)** **Еркін ойын: "Аралар".** Бір топ бала қол ұстасып, шеңберге тұрады да үш-төртеуі ортаға шығады. Олар "аралар". Баудағы кім? Баудағы кім? Ара болсаң ызыңда З-з-з, ж-ж-ж, з-з-з, ж-ж-ж. Жұмыс істе тығылма. "Жұмыс істе тығылма" - деген сөзді естіген аралар заматта-ақ тоқыма тоқығандай, ағаш жарғандай, еден сыпырғандай т.б. қимылдар жасайды. Топ, топ ара ұшады, Үстімен де бұтаның. Астымен де бұтаның Үстімен де бұтаның. Балалар осылай әндетіп, "аралардың" қимылын қайталайды да: "Тап болсаң бір жалқауға, алып кел оны ортаға", - деп хормен айтады. "Аралар" осы сөзді айта жүріп,	Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу. **(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** **Отбасы туралы мақал-мәтелдерді қайталау.** Мақсат-міндеттер: есте сақтау қабілетін дамыту; халық ауыз әдебиетеіне қызығушылықты арттыру. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)"Айырмашылығын тап" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: есте сақтаған заттарды салыстыру, ортақ ерекшеліктерін анықтап, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу біліктіліктерін, зейінін дамыту. Құралдары: бір қарағанда бірдей болып көрінетін, бірақ бірнеше айырмашылықтары бар суреттер жұптары. **(қарым-қатынас іс-әрекеті)** **Математика негіздерінен ойын-жаттығу**

	қателеспеу, кім тез өз суретін құрастырып, дұрыс атайды сол жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Ойынды қалаған бала жиналғанда, бір тұтас бейне-сурет болатын, ұсақ бөліктер жинақнамаларының бірін таңдап ала алады. Тұтас суретті құрастыру үшін, үстел басында 12 және одан да көп бөліктерді бір тұтас суретке жинау керек. Қажетті құралдар. Бірнеше (12 және одан да көп) бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). **(танымдық іс-әрекет)** **"Қармақ" қимыл-қозғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: секіруден жаттығу жасау, ептілікті дамыту. **(дене тәрбиесі)**	Тышқандар індерінен жүгіріп шығып (сатының баспалдақтары арасынан өтеді немесе жіптен секіреді), жүгіре бастайды. Біраз уақыттан кейін тәрбиеші: Тынышталыңдар, тышқандар, Бекерге шулап күлмеңдер. Ұйқыда жатқан мысықты Оятып алып жүрмеңдер, - дейді. Бұл - мысыққа берілген сигнал; ол орындықтан түседі, төрт аяқтан тұрады, керіледі, қатты даусын шығарып "мияу" дейді де індеріне қашып бара жатқан тышқандарды ұстай бастайды. Ойындарды басқа тышқандармен 3-4 рет қайталауға болады. Алғашқыда мысықтың рөліне мықтылау, тез қимылдайтын балаларды, ал кейін істеген ісін мақтап қойып, ұялшақтау балаларды да қоюға болады. **(дене тәрбиесі, қарым-**	Тың-тыңдайды абайлап. Қояндар үйлерінен жүгіріп-жүгіріп шығады да, алаңда ойнай бастайды. Олар біресе екі аяқтап секіреді, біресе тізерлейді, шөп жұлады, қасқыр келіп қалған жоқ па екен деп жан-жағына қарайды. Тәрбиеші соңғы сөзін айтқан кезде қасқыр сайдан шығады да қояндарды ұстауға ұмтылып, қуа жөнеледі (тиісейін деп). Қояндар өз үйлеріне қарай қашады. Ұстаған қояндарын қасқыр сайға қарай алып кетеді. Қасқыр қетісімен тәрбиеші өлеңнің тексін қайталайды, ойын басынан қайталанады. 2-3 қоянды ұстағаннан кейін басқа қасқыр белгіленеді Балалар үйшікті бір-біріне жақын жасамауын бақылау керек. **(дене тәрбиесі)** **Сөйлеуді дамытудан**	өздерінің қимылын қайталай алмаған "жалқауларды" ортаға шығарады. Енді шеңбер жасап тұрғандар бәрі дауыстап: Ай-ай жалқау бұл құмар, Жалқауды тез қуыңдар. Сөйтіп жалқауды сұқ саусақтарын шошайтып тұрып аластайды. Бұдан кейін ойын қайта басталады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)** **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу** "Су -өмір нәрі" Мақсат-міндеттер: Балалардың су туралы түсініктерін кеңейту; судың қажеттілігі, оның адамның, құстың, жануарлар мен өсімдіктердің тіршілігіндегі маңызы екенін түсіндіру. Су табиғаттың баға жетпес сыйы екенін айту, түсініктерін қалыптастырып дамыту. Суды үнемдеп пайдалану,	"Қалашық тұрғындарына арналған дәмді ас" Мақсат-міндеттер: Заттар топтарын салыстыру қабілетін нығайту; заттарды ұзындығы мен қалыңдығы бойынша салыстыру қабілетін қалыптастыру; сөздерді сөйлеу барысында қолдану дағдыларын дамыту: ұзын-қысқа, бірдей ұзындық; жуан-жіңішке, қалыңдығы бойынша тең; берілген қасиеттері бар заттардың тобын құру қабілетін бекіту; тапсырмаларды өздігінен орындауға қызығушылықты арттыру. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Түнгі қала" Мақсат-міндеттер: Балаларға дәстүрден тыс бейнелеу – граттаж техникасын таныстыру, түстер палитрасына сәйкес қаланың кешкі бейнесін беруді, заттарды кеңістікте дұрыс орналастыра білуге

	Еркін ойын: **"Соқыр теке"** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты,ептілікті, зейінді, есте сақтауды дамыту. Ойын барысы: Ортамыздан біреуімізді сайлаймыз, Орамалмен көзін байлаймыз. Қалғанымыз оны түртіп қашамыз, Тым қырағы, сақ боламыз аса біз. Ұмтылады ол оң мен солына, Тырысамыз түспеуге оның қолына. Кім ұсталса, соның көзі байланар, Ол ұстайтын бейғам бала қайда бар? - деп, ойынға қатысушы балалар бытырап қашады. Ал, көзі байланған бала оларды ұстап алуға тырысады. Қашып жүрген балалар арасында	**қатынас іс-әрекеті)** **Жапсырудан ойын-жаттығу** "Аквариумдағы балықтар" Мақсат-міндеттер: Балалардың шашыны қиғаш етіп екі үшбұрышқа кесу дағдыларын бекіту, үшбұрыштардан балықтың бейнесін өз бетінше құрастыру; судың қасиеттері туралы, балықтардың тіршілік ету ортасы туралы білімдерін бекіту; қайшымен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру; өзбетінше жұмыс жасау барысында алдында алған білімдері мен дағдыларын қолдануға ынталандыру.	**ойын-жаттығу** "Су - тіршілік көзі" Мақсат-міндеттер: Су және оның табиғаттағы, адам өміріндегі мәні туралы бұрын алған білімдерін бекіту, күрделі сөйлемдерді қолдана отырып сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру; мағыналары қарама-қарсы сын есімдерді құрастыру қабілетін бекіту; шығармашылық әңгімелеуде таңдалған оқиға желісін ұстану қабілетін дамыту, логикалық ойлауды дамыту; топта жұмыс істей білуге тәрбиелеу, серіктестің пікірін ескеру, өз пікірін қорғау, өз ісін дәлелдеу, суды үнемдей білуге, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	лайламау керектігін және судың барлық қасиеттерін түсіндіру. **Сурет салудан ойын-жаттығу** "Тұңғиық теңіз түбінде" Мақсат-міндеттер: Кеңістіктегі қатынастарды бекітуге жағдай тудыру; қағаз бетінде бағдарлай білу біліктіліктерін қалыптастыру, заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сөзбен айтқызуды үйрету (сол жақта, оң жақта, төменде, жоғарыда, сол жақтағы жоғарғы бұрышта); сөздік қорларының кеңейюіне ықпал ету; ойлау, көру қабілеттерін, қиялдарын дамыту; тиянақтылыққа тәрбиелеу.	үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, зейіндерін дамыту; туған қалаларына сүйіспеншілікке, өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу.

	алақандарын соғып, дыбыс беріп қояды. Ойында ұсталған бала - ойынды одан әрі жүргізеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, дене тәрбиесі)**				
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту**).				
Күндізгі серуен	**Серуен №8** **Жәндіктерді бақылау** **Максаты:** Балалардың қоршаған ортаны көріп, ондағы тіршілікті байқап, аңғарып, сезінулерін дамыту, табиғатқа аяушылық сезіммен қарауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Жұмбақтар** **1.** Ағашқа қапрай өрмелеп, Жейтін дәмі жапырақ. Бұл не? (құрт) **2.** Ызыңдап ән салып, Жұп-жұқа қанаты. Тәттіге тамсанып, Қоқысқа қонады. (шыбын) **3.** Тор тоқуға	**Серуен №9** **Алма ағашын бақылау** **Мақсаты:** Балаларды алма ағашымен таныстыру. Осы жерде өсіп тұрған басқа ағаштардан оның қандай өзгешілігі бар екендігін зерттеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз:** Алма пісті қызыл алма, ақ алма, Оттай болып басылады жанарға, Сілкіп қалсақ бір бұтағын ақырын, Топырлап бір төгілгені жаман ба? Балаларға сұрақтар • Біздің аулада	**Серуен №10** **Қарақат бұтасын бақылау** **Мақсаты:** Балабақша ауласында өсіп тұрған бұталармен таныстыру, бұтаны ағаштан айыра білуге үйрету, оның пайдасы туралы түсініктерін молайту. **Бақылау барысы** Тәрбиеші әңгімесі Жер бетінде адамға өмір сыйлайтын шипалы қасиетке толы алуан түрлі өсімдіктер өседі. Оларға ағаштар, шөптер, гүлдер, жидектер мен бұталар жатады. Ағаштар ауаны тазартып, адамға ең қажетті оттегіні шығарады.	**Серуен №11** **Емен ағашын бақылау** **Мақсаты:** Балалардың балабақша ауласында өсетін ағаштар туралы білімдерін тиянақтау, оларды қорғап, күтім жасауға үйрету. **Бақылау барысы** **Көркем сөз:** Қарағай, емен сақ, Ортаға қайыңды ап. Бір - бірін аялап, Бір - бірін тұр қорғап. Емен өте баяу өсетін ағаш. Кейбір емендер мың жылға дейін өседі. Қалың ормандарда емендердің жасыл басы көк тіреп, зәулім болып өседі. Ал, кеңістікте	**Серуен №12** **Гүл егілген алаңқайды бақылау .** **Мақсаты:** Гүлді дән себу арқылы еккен кезде, егілген гүл дәнінен алғашқыда жапырақ, содан кейін кішкентай өскін, кейін үлкен гүл өсімдігі өсіп шығатыны туралы балаларға түсіндіру. Гүлге тек қана әсемдік үшін ғана емес, табиғаттың бір мүшесі ретінде қамқорлық жасауға тәрбиелеу. **Бақылау барысы** **Көркем сөз** Кешкілік пе, күндіз бе, Үзіп алсаң сен бір гүл, Өсіп тұрған гүлді үзбе. Үзіп алсам мен бір гүл,

	шебер-ақ, Бірақ киім тікпейді. Өнері де, өнер-ақ, Бірақ ісі бітпейді. (өрмекші) **4.** Ұшқанда өлен айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көрейік, Шешуін кім табады? *(қоныз)* Тәрбиеші сұрақтары • Балалар тағы қандай жәндіктерді білесіңдер? • Жәндіктердің адамға пайдасы бар ма? • Қандай жәндіктерді пайдалы жәндіктер дейміз? Неге? • Қандай жәндіктерді зиянды жәндіктер дейміз? Неге? **Зерттеу жұмысы** Балабақша ауласында кездесетін (көбелек, маса, құмырсқа) жәндіктер мен суреттегі жәндіктерді (ара, сона, шегіртке)	өсіп тұрған қандай ағаштар бар? • Ал, мынау қандай ағаш? (алма ағашының жанына келеді) • Бұл ағаштың басқа ағаштан қандай айырмашылығы бар? • Жеміс беретін ағаштарды қандай ағаш дейміз? • Жеміс ағаштары көп етіп отырғызылған немесе әртүрлі жеміс ағаштары бар жерді не деп атайды? (бақ) • Балалар, жабайы алмалар да болады. Ал, мынау нағыз алма ағашы. Жабайы алма ағашының жемісін жеуге болмайтынын естен шығармаңдар. **Зерттеу жұмысы** Алма ағашының жемісін көру, ұрығы, түйіні, жасыл алмалары қандай? Ағаштағы көк алма мен әбден піскен алманы салыстыру.	Ағаштан үй тұрғызады, жиһаздар, кемлер, вагондар т.б. жасайды. Ал, әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың да өзіндік құпиясы, өзіндік емдік қасиеттері мол. Адамдар өсімдіктердің емдік қасиетін жануарларды бақылау арқылы тапқан. Ит пен мысықты шөп жейді деп кім ойлаған. Бірақ олар ауырған кезде өсімдіктерді жеп емделеді екен. Қарақат та сондай өсімдіктің бірі. Бұл өсімдіктің құрамында «С» дәрумені (витамині) көп екен. Оның тосабын салқын тиіп ауырғанда да ем ретінде қолданады. Оның жидектерін әбден піскенде ғана жеуге болады. Піскен жидектерін үзгенде өте ұқыпты болу керек,яғни бұтаның бұтақтарын сындыруға болмайды. **Зерттеу жұмысы**	өскен емен қатты жасыл жапырақ жамылған әулетті қалың бұтақтарын кең жая өседі. Емен ағашы көктемде басқа ағаштардан кешірек бүршік жарады. Емен гүлдейді. Бірақ, оның гүл жарғаны білінбейді, себебі гүлдері ұсақ, сарғылт жасыл, сырғалар тәріздес болады. Еменнің жасыл жапырақтары майысқақ болады. Сарғайып кеткен өлі жапырақтар кейде қыс бойы ағаш басында үзілмей ұзақ тұра береді. Емен суда шірімейді. Еменнің діңі су астында ондаған, жүздеген жылдар бойы жатып қарайып кетеді. Кезінде осындай қарайған еменнен қымбат бағалы жиһаз жасаған. Бұл-ағаш жөнінде көп ертегі, мақал - мәтелдер, ән де бар. Емендей күшті, емендей мықты, емендей көп жаса деп те айтылады. **Зерттеу жұмысы** Емен ағашының жапырағын қарау. Құрлысына назар	Туған жерді далаға, Не қалады сиқынан, Тастағалы жүрміз бе? Қызыл-жасыл жердің бұл Жайнап өсіп далада, Көздің жауын ала ма. Бірде – бірін жұлғызба, Қасыңдағы балаға. Гүл біздің өмірімізге қуаныш сыйлайтын әдемілік әлемі. Қатар-құрбыларымыз бен туыстарымыздың туған күндеріне гүл сыйлаймыз. Мерекелерде аналарымызды қуанту үшін гүл ұсынамыз. Ең алғаш мектеп табалдырығын аттағанда да гүл алып барамыз. Үйде, аулада гүл өсіреміз. Осы бір табиғаттың әсем мүшесін күтіп, баптау кезінде өзіміз қандай керемет әсерде боламыз десеңші!

	салыстыру. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын табу. **Еңбек** Гүл егетін жерді қопсыту, гүл отырғызуға көмектесу *Мақсаты:* еңбек қуанышын сезінуге тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Орныңды тап». *Мақсаты***:** жылдам жүгіруге жаттықтыру. **Жаттығу ойындары:** Қимылдарын дамыту . *Мақсаты:* керілген арқан үстінен екі аяқпен секіріп өтуге жаттықтыру. ***Эколоиялық тәрбие***	Бұл ағаштың діңі, жапырағы, гүлі қандай? **Еңбек:** алма ағашына су құйып, айналасындағы топырақты өңдеу. *Мақсаты:* табиғатқа жанашырлықпен қарауды үйрету, еңбекке баулу. **Қимылды ойын:** «Бәйге» *Мақсаты***:** Тез жүгіруге, ептілікке үйрету. **Жеке жұмыс:** «Алма бағы» тақырыбында асфальтқа сурет салу. ***Жұмбақтар:*** ***1. Көктемде ақ гүлге оранады,*** ***Күзде қолға доп боп оралады. (алма)*** ***2. Ортасында қазығы,*** ***Бұтағында азығы. (алма)*** ***3. Күн нұрымен піседі,*** ***Уылжып қолға түседі. (жеміс)*** ***Мақал-мәтел: Көк алманы үзбе, өзі***	Жабайы қарақат бұтасын зерттеп, көру. Қарақат бұтасының ағаштардан айырмашылығы қандай? Жемісіне назар аудару. **Еңбек:** Қарақат бұтасына су құю. Піскен жемісті теру. *Мақсаты:* Табиғатқа жанашырлықпен. қамқорлықпен қарап. оны сақтауға тәрбиелеу.. **Кимылды ойын:** «Күн мен түн” **Мақсаты:** Жылдам жүгіруге жаттықтыру, зейіндерін дамыту. **Жаттығу ойындары:** нысана көздеу. Мақсаты: көз мөлшерлерін дамыту, ыждаһаттылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. ***Халық болжамы:*** ***Жазда жидек көп болса, қыс қатты болады.*** ***Қайыңнан шырын көп ақса, жаз жаңбырлы болады.*** ***Эколоиялық тәрбие***	аудару, басқа ағаш жапырақтарымен салыстыру. **Еңбек:** Аула сыпырушымен бірге жас ағаштар түбін қопсытып, ағаштарға су құю. *Мақсаты:* ересек адамдарға қолқабыс жасауды үйретіп, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. **Қимылды ойын:** «Айлакер түлкі». *Мақсаты:* тез жүкіруге жаттықтырып, байқағыштық дағдыларын қалыптастыру. **Жеке жұмыс:** Ағаштар туралы әңгіме құрастыру. Мақсаты: балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, тілдерін дамыту ***Мақал - мәтелдер:*** ***Ағаш та ылғалды жерде көгереді.*** ***Эколоиялық тәрбие***	**Зерттеу жұмысы** Балалармен гүл егілген алаңқайға барып, өніп шығып келе жатқан гүл өскінін қарау. Дәннен кішкентай ғана жапырақ, одан өскін, одан гүл өсіп шығатынын түсіндеру. Әр гүлдің жапырақтары мен сабақтары арасындағы айырмашылықты қарау. **Еңбек:** Балалармен гүл егілген алаңға сусепкішпен су себу. **Мақсаты:** Балаларды еңбексүйгіштікке баулу, жас гүлдерді суды себу арқылы суғаратынын көрсету. **Қимылды ойын**: «Ақ серек-көк серек» *Мақсаты:* Бірлесе ойнауға,ойын шартын сақтауға баулу. **Жаттығу ойындары:** «Волейбол ойыны» *Мақсаты:* Бір-біріне доп беру, кері лақтыру. ***Болжам: Гүлдердің ішсі одан сайын аңқып шықса, жауын***

		үзілер күзде. ***Экологиялық тәрбие***			***жауады.*** ***Экологиялық тәрбие***
Серуеннен оралу	**"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Гигиеналық шаралар	Мақсат-міндеттер: майлықты қолдануды дағдыландыру. Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Көркем сөз** Тағы міне, таң атты, Дайын дәмді тағамдар. Үлпілдеген тиінге, Жарып берем жаңғақты. Қою сүтті беремін, Мысық пенен күшікке. Түлкіге қою айран, Тышқанға дәндер салам. Ақ қоянға тәтті нан, Тосап беремін араға. Таңғы ботқа береміз, Бақшадағы балаға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау. **Көркем сөз** Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар				

	Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	«Қазақтың ертегілері» кітабынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	«Қазақтың ертегілері» кітабынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.
Ұйқыдан тұру	Велосипед жаттығуы. Аяқтарыңызды кезек-кезек сермеңіз, қолдарыңызды және аяқтарыңызды жоғары көтеріңіз. Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүріңіз. Алған білімдерін бекіту және мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру. **(дене тәрбиесі)**				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. «Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары. «Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	**"Бұл қай кезде болады?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың құбылыстар туралы білімдерін бекіту; ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші кез-келген маусымға тән құбылысты сипаттайды, балалар құбылыстың, жыл мезгілінің атауын табуға міндетті.	**"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып "Жер" деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, "су" дегенде	**Біз не істегенімізді айтпаймыз, бірақ не істегенімізді көрсетеміз" дамытушы ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілетін, елестету қабілетін, логикасын, тапқырлығын дамыту. Ойын барысы: 1-нұсқа. Тәрбиеші ыммен жұмбақтарды көрсетеді, балалар затты, жануарды,	**"Не, қалай естіледі?" дидактикалық ойыны. (Табиғат құбылыстары)** Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарының қандай дыбыстарды дыбыстайтынын ажыратуға, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қолдана отырып, табиғи дыбыстарды білдіруге шақыру; дыбыстарды есту, дыбыстардың артикуляциясын, қиялын дамыту; әдептілікке,	**"Аңдардың әңгімесі" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың сөздік қорын кеңейту, артикуляциялық дағдыларын дамыту. Ойынды жүргізу үшін балаларға доп дайындау жеткілікті. Балалар сапқа тұрады, ал тірбиеші олардың алдында тұрып, балаларға ойын ережелерін айтады: ол

	Балаларды өз жауаптарын тек бір сөзбен ғана емес, сонымен қатар құбылыс қандай себеппен болғанын түсіндіруге шақыру керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Кім тез жинайды?" ойыны.** Ойын мақсат-міндеттер: көгөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру. Ойын шарты: Тәрбиеші балаларға ойын шартын түсіндіреді. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп	суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, "ауа" дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. "Ауа" дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, "Су" дегенде қолдарын алға созып жүзеді, "от" дегенде қолдарын былғайды, "Жер" дегенде қолдарын төмен түсіреді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **Еркін ойын: "Торғайлар мен мысық"** Мақсат-міндеттер: балаларды ойынның шартын бұзбай ойнауға, белгі бойынша қимыл-қозғалыс жасауға дағдыландыру,	құбылысты көрсетеді. 2-нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезекпен көрсетеді. 3-нұсқа. Шеңберде немесе отырған (тұрған) әр бала кезек-кезек қимыл көрсетеді. Барлық балалар жұмбақты шешуге тырысады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Зообақ" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың жабайы жануарлар туралы, олардың сыртқы түрі, әдеттері, тамақтануы туралы білімдерін байыту. Балалардың зообақ қызметкерлерінің міндеттері туралы түсініктерін кеңейту. Балаларда құрылыс материалын қолдана отырып ойын сюжетін шығармашылықпен	зейінділікке тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: табиғат құбылыстарының дыбыстық жазбалары. Ойын барысы: тәрбиеші балалардың алдына түрлі жетондар қойып, өзіне таңдап алуды ұсынады. Таңбалаудағы құбылысты белгілей отырып, оны аудиожазбалар арасынан табу керек. Балалар табиғат құбылысы қалай естілетінін білген соң, оның дыбыстарын артикуляция арқылы көрсетуге тырысады. Мысалы, «жел ш-ш-ш» немесе «уу-уу-уу» сияқты естіледі. Жаңбыр «тақ-тоқ-тақ-тоқ» және т.б. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)** **"Табиғи қорық" сюжетті-рөлдік ойыны.** Мақсаты: балаларға қорық, "Қызыл кітап" туралы түсінік беру; қорықта қызмет ететін орманшы, аңшы, ағаш кесуші, мал дәрігері туралы түсініктерді бекіту; орман	жануарлардың атын атап, допты бірінші ойыншыға лақтырады. Бала допты ұстап, осы жануардың қандай дыбыстар шығаратынын атап, допты жүргізушіге қайтаруы керек. Содан кейін доп келесі ойыншыға лақтырылады. Ойын саптағы соңғы ойыншы допты қабылдағанда және тапсырманы орындағанда аяқталады. Ойынның екінші нұсқасын ойнатуға болады: жүргізуші дыбыстарды атайды, ал балалар айтқан жануарды болжауы керек. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті)** **Қимылды ойын: "Допты тап"** Мақсат-міндеттер: балалардың байқағыштығын,

Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды;3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою;

	2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**
Гигиеналық шаралар	Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді, Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы Сабын деген осы. **(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. ***Ойын- жаттығу:*** Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу.

	Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Таңғы ас	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**«Ұлы дала баласы»** «Жас спортшылар», балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін тренажерлардың көмегімен таза ауада жаттығу. «Бәйге», «Арқан тарту», «Көкпар»	**«Жүгіреміз, зырлаймыз»** Денсаулық зор байлық», «Дені саудың тәні сау» тақырыптарында әңгімелесу, балаға өз денсаулығын қорғаудың маңыздылығын түсіндіру. Жауапкершілікке,	**«Спорттық ойындар күні»** Балалардың сүйікті қимыл-қозалыс ойындарын ойнату. Жаңа ойындарды үйрету. Қимыл-қозғалыс ойындарына атрибуттар әзірлеу. Санамақтар жаттау.	**«Менің көңілді добым»** Балалармен әңгімелесу «Допты спорт түрлері». Доппен ойнау. Допты нысанаға лақтыру. Сурет салу, мүсіндеу «Менің көңілді добым». **Дене шынықтыру** "Баскетбол ойын элементтері".	**«Олимпиада алауы»** Отбасылық жарыстар, эстафеталық жарыстар ұйымдастыру. «Спорттың жазғы түрлері», «Менің сүйікті спортым», «Отбасындағы спорт» тақырыптарында балалармен

	ұлттық ойындарымен «Ұлы дала баласы» спорттық сайысын ұйымдастыру. **Біртұтас тәрбие** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын	тиянақтылыққа үйрету (тісін тазалау, жуыну, қолын жиі жуу, тазалықты сақтау және басқа) Көркем шығарма оқып беру (немесе үзінді оқу). Таза ауада ұлттық ойындарды ойнау: «Ақ серек, көк серек», « Орамал тастамақ» және т.б. **"Адымдар" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту. Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі. Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап,	**"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Бақшада ма, бақта ма?" дидактикалық ойыны.**	**Мақсаты:** балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету. **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы.	әңгімелесу. Спорт туралы жұмбақтар, сұрақтар қою. Санамақтар мен өлеңдер жаттау. Спорттық жаттығулар жасату, ойындар ойнату (бадминтон, футбол, волейбол). Құрсаумен және секіртпемен ойнайтын ойындар. Ұлттық ойындардан байқау өткізу: «Бес темше», «Көкпар», «Асық ойындары» **Дене шынықтыру** **Біртұтас тәрбие** **"Сөз мағынасы" ойын-жатығуы.** Мақсат-міндеттер: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның қолданылуының негізгі түрін көрсете

	жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** **"Қайсы ең ауыр?" логикалық жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері	адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру)	Мақсат-міндеттер: түрлі жидектер жайлы білімдерін бекіту, сөздік қорларын кеңейту, зейіндерін дамыту. Сипаттау. Әр бала, кез-келген жидектің жартысы бейнеленген суретті таңдайды және суреттейді, екінші жартысы ұстаған бала шешуін тауып, өзіне алады, егер қарсыласы таппаса, онда карточка өзінде қалады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** «Лунтик пен оның достарының саяхаты»	Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)**	білуге үйрету. Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру", "күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең" және т. б.. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен,

	жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын	Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** Ы. Алтынсарин "Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету; анаға деген құрмет	Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардың теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Маусымжан" Мақсат-міндеттер: Балалардың педагогпен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың	**Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".** Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, (""Түймедақ"" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша,	адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу** "Ертегідегідей гжель" Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік

	айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). (	сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу.	мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.	Көбелек пен аралар (""Аралар"" мен ""көбелектер"" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған.(""Бүлдірген дер"" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. **(көркем әдебиет)**	қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б. *«Ыдысты құрастыр» ойыны.* **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құлпынайдан жасалған тосап" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен

					жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру.
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				
Күндізгі серуен	**Серуен №28** Табиғатты бақылау Мақсаты: Қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Жаз мезгілінің соңына қарай табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай мезгіл?» А. Меңжанова Қойның толы жеміске,	**Серуен №1** **Жаздың белгісін байқау** Мақсаты: балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқай білу және оны анықтап айта білу дағдыларын дамыту. (күннің ұзаруы, өсімдіктер дүниесінің әсемдігі, ауа-райының өзгешелігі т.б.). Бақылау барысы	**Серуен №2** Табиғатты бақылау Мақсаты: қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Табиғатқа, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Жаз» Ә. Ахметов Нұр тұнып, құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып,	**Серуен №3** Жәндіктерді бақылау Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Жәндіктерге нелер жатады? Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? Қандай жәндіктер	**Серуен №4** Бағдаршам жұмысына бақылау Мақсаты: бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Сұрақтар: 1. Бағдаршамның қандай белгісіне жаяу жүргіншілер жүре бастайды?

	Көк майсалы еңісте, Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлапйсың? Балаларға сұрақтар Бүгінгі ауа-райы қандай? Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? Ағаштар жапырақтары неге түсіп жатыр? (кейбір ауыратын немесе кәрі ағаштардың жапырақтары ерте түседі) Майда жәндіктер қалай тіршілік етеді? Қазір ауа-райынан қандай өзгерістерді сезуге болады? (таңертең және кешке күннің салқындағанын) Жаз несімен қызықты? Зерттеу жұмысы. Балалардың назарын	Көркем сөз: «Жаз» С. Оспанов Ауыл қонды жайлауға, Дала жатыр жадырап. Қой қаптады қойнауда, Қозы, лақтар жамырап. Жаз жайдары, алақай, Жатыр жайнап даламыз. Жүр, қанекей, балақай, Шомылуға барамыз. Балаларға сұрақтар Көктем мен жаздың қандай айырмашылықтары бар? Жазда ауа-райы қандай болады? Біз жазды не үшін жақсы көреміз? Айналаны қарағанда қандай көрністерді көреміз?	Алма ағаш бақтағы. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Балаларға сұрақтар Бүгінгі ауа-райы қандай? Жазда жан-жануарлар қалай тіршілік етеді? Майда жәндіктер қалай тіршілік етеді? Жәндіктердің қандай пайдасы бар? Жазғы ағаш бейнесі туралы не айтуға болады? Жаз несімен қызықты? Зерттеу жұмысы. Балалардың назарын жәндіктерге аудару.олардың тіршілік әрекеттерін бақылау. Еңбек Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: топырақты	пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады? Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына,	Машина жүргізушілер қандай белгі берілгенде жүреді? 2. Бағдаршамның төрт жағындағы шамдар қалай жанады? 3.Неге бағдаршамның екі жағынан қызыл шамдары, екі жағынан жасыл шамдары жанады? Бұл нені аңғартады? 4.Бағдаршамның неше жағы бар? 5. Бағдаршамның сары шамы бір сәтте барлық жағына жанады. Бұл нені аңғартады? Бағдаршам дұрые жұмыс істеп тұрса, бір белгі келесі белгімен алмастырылады. Барлығы соған бағынады,

	жәндіктерге аудару. Олардың тіршілік әрекеттерін бақылау. Еңбек Түскен ағаш жапырақтарын жинау.. Мақсаты: Алаңда тазалық сақтауға, жинақылыққа, айналаны таза ұстауға тәрбиелеу.. Қимылды ойын: «Көкпар». Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру, жылдамдықтарын, күштерін дамыту. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту Мақсаты: екі аяқпен бірдей бір орында секіре білуге, тұрған жерінде секіруге жаттықтыру. *Халық болжамы: Жаз жауынды, күз жылы болса, қыс*	Зерттеу жұмысы Балалармен көктемгі ағаштар бейнесі салынған суреттермен, қазіргі ағаш бейнесін салыстыру. Еңбек Гүл отырғызатын гүлзардағы еңбек (жерді тазалау, қопсыту). *Мақсаты*: Балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Өз орныңды тап» *Максаты:* денесін тепе – тең ұстап, бір аяқпен бірнеше рет секіруге үйрету. Ойын тәртібін бұзбау. Жаттығу ойындары: Доппен жаттығу: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу	қалай қопсыту керек екенін көрсету, маңызын түсіндіру. Қимылды ойын: «Бәйге». Мақсаты: Тез жүгіруге жаттықтыру,жылдамдықтарын дамыту. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту Мақсаты: екі аяқпен бірдей бір орында секіре білуге, тұрған жерінде секіруге жаттықтыру. *Халық болжамы: құмырсқа илеуіне тығылса (ұясына) күн күркірейді; егер күн ұясынан шығарда ауа райы қапырықтау болса - кешке жақын жаңбыр жауады.*	қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: «Құмырсқалар илеуі» тақырыбына бормен сурет салу. Еңбек: Алаңшаны тазалап, түтікті су құбырына біріктіріп, шөптерге су құю. Мақсаты: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу. Табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. Қимылды ойын : «Аққу - қаздар» Мақсаты: белгі берісімен тез жүгіруге жаттықтыру. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып,әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. *Халық болжамы: өрмекші ауын*	сондықтан көшеде тәртіп болады. Көркем сөз: «Бағдаршам» Ә. Табылдиев Ашса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін. «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін, жасқанба! Зертеу жұмысы: балалармен бағдаршам жұмысын және жол реттеуші жұмысын бақылау.

	ұзақ болады. *Күзде құмырсқа илеуі биік болса, қыс ұзақ, қатты болады.*	Мақсаты: допты жерге лақтырып, екі қолмен қағып алу. *Халық болжамы:* *1.Торғайлар топ - тобымен ұшып жүрсе - ауа райы құрғақ, күн жылы болады.* *2.Ыстық жел тұрса - жаңбыр жауады.*		*тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады;* *өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі;* *бақалар бақылдап тыныштalмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады.*	Не көргендерін, не ұққандарын әңгімелеу. Еңбек: алаңшада, жол қиылысындағыдай белгі жасау, оны тазалап, сыпырып, жөнге келтіру. *Мақсаты:* жұмыла еңбек етіп, бастаған істі аяғына дейін жеткізу. Қимылды ойын: «Бағдаршам». *Мақсаты:* бағдаршамның белгілері туралы балалардың білімдерін бекіте түсу. Жеке жұмыс: «Көңілді жолаушылар» тақырыбына шағын әңгіме құрастыру
Серуеннен оралу	**"Өз шкафыңды тап" дидактикалық жаттығуы.** Киімге арналған шкафтың не үшін керектігі, қалдай қолдану керектігі жайында айтып, таныстыру; заттық кеңістікті бағдарлай алу қабілетін қалыптастыру; шкаф, есік, сөре, ашу, жабу, қою, бүктеу, ілу сөздері				

	арқылы балалардың сөздік қорын байыту және белсендіру.				
Гигиеналық шаралар	Мақсат-міндеттер: майлықты қолдануды дағдыландыру. Нанды қопсытпау, орындықты итеру, тамақ үшін алғыс айту, аузыңды шайып алу, тамақ қабылдауға жағымды қатынасты тәрбиелеу. **Гигиеналық дағдылар** Мақсат-міндеттер. Қолды көбік пайда болғанша сабындау, мұқият шаю, құрғақ етіп сүрту дағдыларын пысықтау. *Көркем сөз* Ас ішудің мәдениетін Сен есіңнен шығарма. Арқаңды түзу ұста, Жан-жағына қарама. Асыңды ішіп, болған соң, "Рақмет" айт аспазға. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. Тамақтану кезінде асықпай шәйнау, үстел басында өздерін әдепті ұстауды, нан қиқымын түсірмей жеуді, үлкендерге алғыс айтуды қайталау. **Көркем сөз** Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар Нанда адамның еңбегі мен ары бар. Нан өмірдің ана сүті арқауы Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Күндізгі ұйқы	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-	«Қазақтың ертегілері»	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-	«Қазақтың ертегілері» кітабынан ертегілер	Жағымды қазақ әндері қосу:

	әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	кітабынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	«Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.
Ұйқыдан тұру	Көзімізді ашайық, Бойымызды жазайық. Қолымызды созайық, Жаттығулар жасайық. **Жалпы жетілдіру жаттығуы:** 1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға, солға бұрады. 2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созып, жұдырықтарын қысады. 3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебеді. 4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ - қолды созады. 5. Балалар төсекте отырып, бір - біріне қарап сәлемдеседі. Тәрбиеші: Балалар, қане шеңбер құрайық. **Тыныс алу жаттығуы:** Ку - ка – ри-ку, ку - ка - ри – ку, ку - ка - ри - ку. Табанды шынықтыру массаждары: 1.«Балапандар серуенге шықты» шиқ - шиқ - шиқ. 2. Табанға арналған денсаулық кілемшелерімен жүру. 3. Ілгекті жолмен жүру. 4. Тастардың үстерімен жүру. 5. Кірпі тікенектеріне ұқсас төсеніштермен жүру. 6. Табандар арқылы жүру. Бастапқы қалыпқа келу.				

	Ойын- жаттығу: Ас ішерде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені, Елемейміз білмейміз.				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. «Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары. «Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	**"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау біліктіліктерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".** Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге	**"Ғажайып қап" дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: балалардың кейбір бұйымдар жайлы түсініктерін бекіту; байланыстыра сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту, зейіндерін тұрақтандыру. Жүргізуші балалардың алдына қап қояды. Ойыншылар қапқа қолдарын салып, сипап сезу арқылы затты анықтау керек. Кейін затты	**"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жалпылама сөздер "Жидектер", "Жемістер" жайлы түсініктерін бекіту. Сөздік қорларын молайту. Барысы. Балалардың алдына бақшаның, ағаштың, бұталардың, макеті қойылады. Бала бір жемісті немесе жидекті таңдайды, оны сипаттайды және сәйкес ағашқа, бақшаға немесе	**"Түлкі, қоян және әтеш" үстел үсті театры .** Мақсат-міндеттер: сөйлеу тілі мен тілдік қарым-қатынасты дамыту. Ертегі мазмұндауына қосылу. Дыбысты нақты дыбыстау. Рөлдерге бөлу барысында балалар өзара келісіп, бір-біріне шыдамдылық және сыйластық танытуға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **Сюжетті-рөлдік**	**"Компот немесе тосап" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: жемістер мен жидектерді ажыратып, өсу орнын анықтау біліктіліктерін дамыту. **(қоршаған ортамен таныстыру)** **Сюжетті-рөлдік ойын "Театр".** Мақсат-міндеттер: балаларды өзіне жүктелген рөлге сәйкес әрекет етуге

	үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің	сипаттап, неден жасалғанын, пайдаланылуы жайлы айтады. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыур)** **Сюжеттті-рөлдік ойын: "Ұшақпен саяхат"** Мақсат-міндеттер: балалардың әуе көліктері, ұшақ оның қолданысы, ұшаққа қызмет көрсету әдістері жайлы білімін кеңейту. Жер пейзаждарының сұлулығын көре білуді үйрету, ұшқыш мамандығына құрметпен қарауға, батылдыққа тәрбиелеу, сөздік қорларын кеңейту: "ұшақ", "ұшқыш",	бұтаға бекітеді (жапсырады). **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)**	**ойын"Пиццерия".** Мақсат-міндеттер: өз бетінше рөлдерді бөлу және рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету. Балалардың достық қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. Балаларды ойын барысында қоршаған өмір жайлы білімдерін кеңінен қолдануға жетелеу. Керекті-құралдар: алжапқыштар, ыдыс-аяқ жиынтығы; подносы; ас мәзірі; скатерти; орамалдар; майлықтар; азық-түлік жиынтықтары; пиццерия. Ойын барысында балалар өз дербестіктерін көрсетеді, үстелді таңдау; ас мәзірімен танысу; тапсырысты қабылдау; тапсырысты дайындау; ас ішу;	үйрету. Балалар арасындағы достық қарым-қатынас қалыптастыру. Мәдени ошақтар олардың әлеуметтік маңызы жайлы ұғымдарын бекіту. Балалардың театр, театр труппасы, театр қызметкерлері жайлы білімдерін бекіту. Театр жұмысының ұжымдық мінезін көрсету, сөйлеу мәнерін дамыту. Құрал-жабдықтар: ширма; әртүрлі театр түрлері; афишалар; билеттер; бағдарлама; костюм элементтері. Барысы. Балаларға театр таңдау ұсынылады; билеттер, афишалар дайындау; көрермендердің

	театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	"стюардесса", "ұшу". Балалар ұшқыш, стюардесса, диспетчер, жүк тасушы, әуе жай қызметкері рөлдерін өзара бөліп алады. Қайтып оралғаннан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**		тапсырысты төлеу; үстел үстін жинау, ыдыстарды жуу. Тәрбиеші диалог кезіңде, әдеп ережелерінің сақталуын реттеуі мүмкін. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**	театрға келуі; әртістердің спектакльге дайындығы; театр қызметкерлерінің сахнаны қойылымға дайындау; антракті бар спектакль. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)**
Серуенге дайындық	Жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				
Серуен	**"Жұбыңды тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: кеңістіктегі жүгіруді,	**"Доп ұстаған пингвиндер" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: екі аяқпен секіруді	**"Суық - ыстық" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты: аяқтың ішкі бөлігімен допты соғу жаттығулары;	**"Өрмекші мен шыбын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)** Мақсаты-міндеттер түрлі бағыттарға, қимылдарды үлестіре	**"Бұлттар неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**

	бағдарлауды дамыту. **Жұмбақтар** Ұзын-ұзын ұз келеді, Ұзын бойлы қыз келеді. Қасы қалтырап, Көзі жалтырап. (Су) Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (Су) **Еңбек:** ағаш діңдерінің жерін босату. **(еңбек іс-әрекеті)** Мақсат-міндеттер: қопсытудың өсімдіктер үшін маңыздылығын түсіндіру.	қиындатып, екі аяқпен, көзді жұмып, алға секіру, затты екі аяқтың ортасына қысып қозғалу. Қауіпсіз жолды ескеру. **"Доппен ойын" қимылды ойын-жаттығулары. (дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: спортпен айналысуға деген құштарлығын дамыту. Еркін ойындар.	жүрудің бұрын игерілген түрлерінде дұрыс техниканы игеру. **"Допты лақтыр" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)** Мақсаты: шапшаңдыққа, алғырлыққа тәрбиелеу. **Жеке жұмыс:** тепе-теңдікті сақтауға арналған жаттығулар. **(дене шынықтыру)** Мақсат-міндеттер: төзімділікті дамыту. Еркін ойындар.	жүріп, жүгіре білуге дағдыландыру; тепе-теңдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Балалар "өрмекшіні" санамақ арқылы тағайындайды. "Өрмекші" бала алаңның ортасында тұрады, балалар белгі бойынша бір шеттен екінші шетке өтіп кетпекші болады. "Өрмекшінің" міндеті - "шыбындарды" қолмен түртіп ұстап алу. Көңілді шыбындар Жан-жаққа ұшады. Өрмекші бұрышта Қармағын жаяды. - Көңілді шыбындар! Зуылдап ұшыңдар! Ойынның соңында "өрмекшінің" ұстап алғандарын санап алуға болады. Ойында екі "өрмекшіні" де тағайындап алуға	Мақсат-міндеттер: қиялын дамыту, заттарды қабылдау қабілеті. Ойын үшін әртүрлі пішіндегі бұлттардың бейнесі бар карточкаларды дайындау керек. Бұл карточкалар балаларға таратылады. Олар кескіндерге қарап, бұлттың қалай көрінетінін айтып беруі керек. Бұл әрекетті мектепке дейінгі жастағы балаларды аспанға қарап, бұлттарды сипаттауға шақыра отырып, серуендеу кезінде жасауға болады. Ойынның тағы бір нұсқасы: мұғалім кез-келген затты атайды, ал балалар оған ұқсас

				болады.	бұлт салуы керек.
Үйге қайту Ата-анаға кеңес	"Балаларға қандай ойыншықтар керек?" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.				

Жазғы сауықтыру кезеңінің циклограммасы
4 апта

Білім беру ұйымы:
Топ: «»
Балалардың жасы:
Жоспардың құрылу кезеңі: 21.07.2025-25.07.2025

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі Гүлдер күні**	**Сейсенбі Менің достарым**	**Сәрсенбі Ұлтттық ойындар күні**	**Бейсенбі Ғажайыптар әлемі**	**Жұма Су әлемінде**
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және				

	т.б. **Табиғат бұрышындағы бақылау:** табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесі түсетін жерде тұратындығына ; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екендігіне; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. **(еңбек дағдылары)**
Таңғы гимнастика	**Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. (ата-аналарымен өткізуге кеңес беріледі)** **«Көршіңе көрсет» ойыны:** Б.қ: Аяғымыз алшақ, қолымыз сылдырмақпен кеуде тұсында. Орындалуы: Жанымызға бұрылып,қолымыз түзу, сылдырмақты сылдырлатып, «сылдыр-сылдыр» деп бастапқы қалыпқа оралу. Қайталау: 3-рет әр жаққа. **«Шарлар» ойыны:** Б.қ: Арқаға жатып, сылдырмақ жоғары жақта. Орындалуы: Қолымызды ішімізге әкеліп, тіземізді бүгу «шар сияқты домалақ боламыз» б.қ оралу. **Тыныс алу жаттығулары:** **«Қаздар»** ойыны: Б.қ: Аяғымыз алшақ,қолымыз белімізде. Орындалуы: Алдыға қарай еңкейеміз,дыбыс шығару «ш-ш-ш»,түзу тұрамыз. Демімізді алып,аузымыздан шығарамыз. **«Ағаш жарамыз»** ойыны: Аяқ алшақ, екі қолды алдыға сермеп, «уф-уф-уф» дыбыс шығару. «Кубикпенен жаттығу». **(дене шынықтыру)**
Гигиеналық шаралар	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайы. **Мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық

	дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. **Ойын- жаттығу:** Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**
Таңғы ас	**Гигиеналық дағдылар** Мақсаты: балаларды ас қабылдау кезінде қолдайтын, эмоционалды жағымды орта туғызу. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы,

	Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**Гүлдер күні** Гүлдер туралы әңгіме, жұмбақ, «Бағбан» сюжеттік-рөлдік ойыны. Гүлзар, гүлбақ егу, қопсыту, суару. Ең жақсы гүлзарға арналған байқау **Қимылды ойын:** "Футбол ойыны". **Мақсаты:** балаларды доғаның астынан оң бүйірмен алға еңбектеп кіруге үйрету.**Еркін ойын:**«Тауық пен оның балапандары» **Тақырыбы:** «Саяхатқа дайындық» Сан	**Достар күні** Отбасындағы сүйіспеншілік, сыйластық, мейірімділік туралы әңгімелесу. Адамдар бір-бірін жақсы көретінін ұғындыру, дос болуға баулу. Көркем шығарма оқып беру. Сюжетті-рөлдік ойын «Тату-тәтті отбасы» **Музыка** **Мақсаты:** Музыка арқылы көтер-іңкі көңілмен басқа-лармен қарым-қатынас жасауын қалыптастыру. Әннің кіріспесін, шумағын, қайырмасын ажырату. Балалар музыка	**Ұлттық ойындар күні** Ұлттық ойындар фестивалі, қимыл-қозғалыс ойындары «Ханталапай», «Аударыспақ», «Сақина салу», «Алтыбақан», «Ақ серек-көк серек», «Арқан тарту», «Тақия тастамақ», «Күш сынаспақ» **Біртұтас тәрбие** **Қазақ тілі.** **Тақырыбы:** Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: **Мақсаты:** Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету	**Ғажайыптар әлемі** Балалармен табиғат құбылыстары туралы әңгімелесу (жаздағы маусымдық өзгерістер, балалардың киінуі, күн сәулесінің адамға, табиғатқа әсері, аспандағы бұлттар және басқа). Серуен кезінде балаларды табиғат көріністерін бақылауға үйрету және кері байланыс жасау. Табиғат туралы өлең оқып беру, жұмбақтар шешу. «Артық суретті тап» дидактикалық ойын. **Қимылды ойын.** "Баскетбол ойын элементтері".	**Су әлемінде** Сумен шынығудың пайдасы туралы әңгімелесу. «Судың қасиеті», «Мөлдір-лай», «Ауа мен су» тәжірибесі, балалардың зерттеушілік қызығушылықтарына қолдау көрсету. Су бетінде сурет салу. **Қазақ тілі** **«Қарап алда есіңе сақта»** **Мақсаты:** балаларды көрген суреттерді есіне сақтап, көз алдына елестете отырып, әрқайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларын, аңдарды және құстардың жалпы

	мен цифрды сәйкестендіру. Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауды жетілдіреді. Математикалық ұғымдарды түсінеді, берілген тапсырмаларды орындайды. Өзінің айналасындағы заттардың орналасуын (оң, сол, алда, артта, жоғарыда, төменде, алыс, жақын) анықтау дағдыларын жетілдіреді. «Суреттерді орналастыр» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлайды, заттарды топтастыра алады.	залына көңілді маршпен кіреді. **Музыка тыңдау:** «Borboletinha»Musicas Infantis Төселген кілемшелер арқылы музыка ырғағымен секіріп орындарына отырады Қимылмен көрсету. **Әуенді ырғақты қимыл:** «Би билейік»(1,2,3,4) **Ән айту:** «Аққала» 2-інші шумағын жаттату **Аспапта ойнау:** Шулы аспаптармен ырғақты жаттығу. **Тақырыбы:** «Жайлауда» өлеңі Н. Жанаев **Мақсаты:** Өлең желісі бойынша сұрақтарға жауап береді. Өленді жатқа айту дағдыларын . бекітеді. Табиғатқа	**Музыка "Әжеміздің әні тамаша". Мақсаты:** балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.**Әуенді ырғақты қимыл:** «Біз балақай томпақтар» **Ән айту:** «До,ре,ми» Нүсіпбаев **Аспапта ойнау:** Шулы аспаптармен ырғақты жаттығу. **Мүсіндеу Тақырыбы:** «Гүлзардағы гүлдер»	**Мақсаты:** балаларды бубеннің жиі дыбысына қысқа, кібіртік адымдарды жасауға және бубеннің сирек дыбысына кең адымдарды жасауға үйрету. **Тақырыбы:** «Көжекпен ойналық» **Мақсаты:** Ұсынылған тақырыпқа әңгіме құрайды. Сөз ұйқасын таба отырып, сөйлем құрастыру дағдыларын жетілдіреді. Еңбексүйгіштікке тәрбиелейді «Кім көп айтады?» Мақсаты: Балалардың қызығушылықтары н, сөздік қорларын дамытады.	аттарын айтқызу.Оларды қорғауға, қамқоршы болуға тәрбиелеу. Шарты: әр түрлі суреттерді теледидардан көрсетіп шығады. Балалар бірінші суреттен үй жануарларын, екінші суреттен жабайы аңдарды атап шығады. Жалпы және жеке ұғымдарды бекітіп, оларға қамқоршы болу үшін не істейтіндері сұралады. **Тақырыбы:** «Мен тұратын қала (ауыл)» **Мақсаты:** Ауыл шаруашылығындағы ересектер еңбегі туралы білімдерін қалыптастырады. Ауыл шаруашылығы

	Өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыланады. **(математика негіздері)** **Тақырыбы:** «Көңілді жаз» Мақсаты: Заттарды қағаз бетіне тұтастай орналастыра отырып, мазмұнды композиция салу дағдыларын дамытады. Балаларды шығармашылыққа, жауапкершілікке тәрбиелейді. Сюжеттік сурет салу: «Жаз» **(Сурет салу)**	деген сүйіспеншілігін арттырады. Кубизм әдісі «Кім тапқыр» Кубикті лақтыру арқылы қай жыл мезгілі екенін айтады. **(көркем әдебиет)** **Дене шынықтыру** "Тауға шыққан альпинисттер". **Мақсаты:** балаларды бытырап жүргіру; сапта бір-бірден түрлі бағытта жүгіру; гимнастикалық орындық арқылы еңбектеп өтуге үйрету.	(ұжымдық жұмыс) **Мақсаты:** Қоршаған әлемнің әсемдігін эмоционалды қабылдайды. Ұжымдық жұмысқа қатысады және қызығушылық танытады. Еңбексүйгіштікке тәрбиелейді. Қол қимылдарын дамытады. **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Гүл жина» Мақсаты: Қамқорлық, эстетикалық сезімдерін қалыптастырады.	**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** «Қош келдің, жаз!» **Мақсаты:** Жазғы уақытта болатын маусымдық өзгерістер туралы түсініктерін қалыптастырады. Құрдастарымен және ересектермен қарымқатынас барысында танымдық-зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын дамытады. **Құрылымдалған ойын:** «Алуан түрлі гүлдер» Мақсаты: Қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастырады. Табиғаттағы әдемі гүлдердің олардың	жұмысшылар еңбегінің мәнін түсінеді (қала мен ауылдың байланысы) Диханның еңбегі туралы білімдерін қалыптастырады. «Алаңқайдағы бәйшешектер» Мақсаты: Кеңістікті бағдарлайды. Сол жаққа көк бәйшешек, оң жаққа сары бәйшешек орналастырады. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**

				пайдасы туралы білімдерін кеңейтеді. **(Қоршаған ортамен таныстыру)**	
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Күндізгі серуен	**Серуен №6** Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен	**Серуен №7** Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен	**Серуен №8** Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен	**Серуен №9** Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен дүрбісі. Ауырлатпайды ауасын.	**Серуен №10** Ағаштарды бақылау Мақсаты: Балабақшаның ауласында өсіп тұрған ағаштрды жапырақтары бойынша танып, атын атай білу. Табиғат байлығы ағаштарға қамқор болуға, үлкендер еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Ағаштардың бір-біріне қандай ұқсастығы бар? Айырмашылығы кандай? Ағаштардың қандай пайдасы бар? Қалың ағаш өсетін жерді қалай атайды? Орманды қалай сақтау керек? Орманды қорғайтын адамдарды қалай атайды? Көркем сөз: «Орманшы» М. Әлімбаев Орманшы менің нағашым, Лайлатпайды тұнығын, Омырауында үлкен

Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**«Нан күні»** - Нанды қолдан пісіруден анасы мен баласының, әжесі мен немересінің бірлескен әрекетінен алдын-ала дайындалған челлендж материалдарын қарау; - Наубайхана жұмысымен таныстыру; - «аспазшы» сюжетті рөлдік ойынын ойнату; - тақырыпқа сәйкес ата-аналармен бірге ән байқауын ұйымдастыру. **Дене шынықтыру 11:00** **Маман жоспары бойынша** **«Сабын көпіршіктері мен бантиктер» (ойын-сауық)** «Сабын көпіршіктерімен ойын» (ауладағы жазғы ойын әрекеті) **Мақсаты:** 1.Балаларға сабын көпіршіктерімен ойнау ережелерін үйрету; 2.Терең дем алу, дем шығару жаттығуларын	**«Достық күні»** Балада дос, достық туралы түсінік қалыптастыру. Достық қарым-қатынасты сипаттайтын қысқа диалогтік көріністерді бірге ойнай отырып, баланың санасында «достық» ұғымын нығайту. Достық туралы ән тыңдау, бірге айту. Жапсыру, «Досыма сыйлық». **Дидактикалық ойын:** «Шуақты күн» **Мақсаты:**шеңберден шықпауға ,одан қарапайым композиция жасауға ,таныс пішіндерді бейнелеуге үйрету; ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту; ұсақ қол моторикасын дамыту .Табиғатты аялауға тәрбиелеу. ***1 – аялдама:*** Тәрбиеші «Күн шуақтары» суретін көрсете отырып әңгімелейді. -Күн – бүкіл жер шарына, әлемге жарық, жылу беретін табиғат сыйы. Күнсіз адам тіршілік етуі	**«Сиқырлы әрекет күні»** Адамгершілік қасиеттерді, мәдени-гигиеналық дағдыларды, қарым-қатынас пен мінез-құлық нормаларын қалыптастыру; балаларға қонаққа барамыз, оларға сыйлықтар береміз, учаскені ретке келтіреміз. **«Жас зерттеушілер»** (магниттік, ағашш шыны заттармен тәжірибе жасау **Магнитпен ойындар** Балаларды магнитпен және оның қасиеттерімен таныстыру, заттарды бақылауды үйрету, білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; қоршаған ортаның құпиясын табуға және қорғауға тәрбиелеу. **«Табиғи лупа»** Ағаштарды күтуге оң сезімдерін жалғастыру. Балаларға «қабақ» ұғымымын анықтату,ол ағашқа қандай қызмет көрсетеді. Ағашты сырт пішініне қарап оны тануға үйрету. Ағаштың жасы туралы түсіндіру	**«Мейірімділік күні»** Денсаулық, салауатты өмір салты, мейірімділік туралы әңгімелесу. «Ертегі кейіпкерлерінің жақсы істері» ертегі еліне саяхат, пікірталас **«Халық музыкасы»** деп аталатын халық әндері мен күйлері топтастырылған екінші бөлімге кезек берейік. Ойынды ұпай саны аз топ бастайды. Нота таңдаңыздар. *Ойыншылар нотаны таңдайды.* **Жүргізуші:** Нотада жасырынған әуенді тыңдайық. *Әуен тыңдалады. Тетікті бірінші басқан топ жауап нұсқасын айтады. Дұрыс жауап берсе, ойынды жалғастырады. Жауап қате болса, келесі топқа кезек беріледі.* **«Балғын шақ әуендері»** бөліміне кезек берейік. Сонымен, ребусты бірінші болып дұрыс шешкен топ, нота таңдауларыңызға болады. Бұл бөлімдегі нешінші нотаны таңдайсыздар? *Ойыншылар нотаны*	**«Достық аллеясы»** Табиғи материалдардан құрастыру, мүсіндеу. Ұлттық ойындарды ойнату: «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Білектесу», «Алтын сақа». **"Жеміс-жидектер" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: Жеміс-жидектер туралы білімдерін бекіту. Балалардың жеміс-жидектердің атын атай алады ма? Бір бірінен ажырата алады ма, соны тексеру. Балалардың қолымен ұстап, ажырату көзбен көріп тану, иісінен ажырату қабілетін дамыту. Мына сөздерді қолдану. Піскен, піспеген, тұздалған, тұздалмаған, қысқа, дөңгелек, сопақ. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **"Айна" қимылды ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: зейіні мен қиялын дамыту; қимылдардың реттілігін есте сақтауға жаттықтыру. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда еркін орналасады және келесі тапсырмаларды орындайды: жүргізушінің

	ойын арқылы дамыту; 3.Қауіпсіздік ережелерінің қарапайым қағидаларын есте сақтауға, достарна қамқор бола білуге тәрбиелеу. **"Жау, жау, жаңбыр!" сөзді-ырғақты жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жаңбыр туралы түсініктерді тиянақтау; көркем сөзді мәнерлеп, ырғақпен айтуға машықтандыру. Жау, жау, жаңбыр, селдетіп, Күткеніміз сең едің. Жас егін де ер жетіп, Желкілдетсін желегін. Жау, жау, жаңбыр, тағы да, Дала, тауға көрік бер. менің еккен бағымда, Өссін жүзім, өріктер. **(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)** **"Бақшада ма, бақта ма?" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: түрлі жидектер жайлы білімдерін бекіту,	мүмкін емес. Күннің жарығы көрінетін және көрінбейтін сәулелерден тұрады. ***Билингвалдық компонент:*** күн-солнце ***2 – аялдама:*** Күннің неге ұқсайтынын анықтауға тапсырма береді. Күнге қандай заттар ұқсайды? ***3 – аялдама:*** «Заттарды не ысытты?» зерттеу жұмысы. Серуен барысында тәрбиеші отырғышты көрсетіп: Күн шұғыласы отырғышқа түсіпті. Кәне, ұстап көрейікші (бәрі ұстап көреді). Қандай жылы! Оны не жылытты? ***4- аялдама***: Көлеңке деген не? Ол қалай пайда болады? Күн сәулесінің жолында бір кедергі пайда болса, көлеңке болады. Көлеңке түсіріп ойнатады. ***Ойын «Көлеңке»*** ***5 – аялдама:*** «Күн шұғыласы» ойынын ойнату. Тәрбиеші бірнеше	**«Бұлт жасаймыз», «Судың сіңіруі»** Балаларды судың қасиеттерімен таныстыру: судың өзіндік пішіні жоқ, ағымдағы, су заттарды ерітеді. Балаларға суды неге кей кезде тазартып отыру қажеттілігін түсіндіру. Зертханалық тәжірибелер жасау кезінде зерттеу дағдыларын дамыту, шыны және мөлдір ыдыспен жұмыс жасау дағдысын бекіту. Таныс емес ертінділермен жұмыс жасауын бекіту, зерттеу кезінде тиісті қауіпсіздік ережелерін сақтануын қадағалау. **Табиғи материалдармен тәжірибелермен жұмыс** Табиғи материалдар туралы білім беру. Металл және оның түрлері туралы мағлұмат беру. Қазақстан жерінің табиғат байлығына мақтаныш сезімін	*таңдайды.* **Жүргізуші:** Нотада жасырынған әуенді тыңдайық. *Әуен тыңдалады. Тетікті бірінші басқан топ жауап нұсқасын айтады. Дұрыс жауап берсе, ойынды жалғастырады. Жауап қате болса, келесі топқа кезек беріледі.* **«Жұлдыздар әні»** (қазіргі эстрада жұлдыздарының орындауындағы әндер). Әр бөлімде берілген ноталардың біреуін ғана таңдап, ондағы жасырынған әуенді табуларыңыз керек. Бір топ таңдап алған нотаны екінші топ таңдай алмайды. Әрбір дұрыс жауапқа бір ұпай беріледі. Алдарыңыздағы тетікті қай топ бірінші басады, сол топ жауап береді. Жауаптарыңыз дұрыс болса, ойынды әрі қарай жалғастырасыздар. Егер жауаптарыңыз қате болса, басқа топ жауап беруге мүмкіндік алады. Ал, тетікті баспай жауапты дауыстап айтып жіберсеңіздер, жауаптарыңыз қабылданбайды. Ойын соңында ең көп ұпай	артынан бір қимылды қайталау; жүргізушінің артынан бірқатар қозғалыстарды белгілі бір ретпен қайталау; құстың, жәндіктің қимылын қайталау. Үздік ойыншы жалпы дауыс беру арқылы анықталады және оған сыйлық немесе ұпай беріледі. **(дене шынықтыру)** **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу** "Б.Майлин "Жау-жау, жаңбыр"" Мақсат-міндеттер: Балаларға жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстары туралы мағлұмат беру; өлең жолдарын түсініп, мәнерлеп жатқа айтуды үйрету; байланыстыра сөйлеуге, тілдік қорларын молайту; табиғатты сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу. **Музыкадан ойын-жаттығу** "Астана нұры" Мақсат-міндеттер: Балалардың музыка жетекшімен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер

	сөздік қорларын кеңейту, зейіндерін дамыту. Сипаттау. Әр бала, кез-келген жидектің жартысы бейнеленген суретті таңдайды және суреттейді, екінші жартысы ұстаған бала шешуін тауып, өзіне алады, егер қарсыласы таппаса, онда карточка өзінде қалады. **(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту)** **Математика негіздерінен ойын-жаттығу** «Лунтик пен оның достарының саяхаты» Мақсат-міндеттер: Санақ негізінде екі топ заттардын теңдігі мен теңсіздігі туралы білімдерін бекіту; 5 шегінде санау қабілетін қалыптастыру; зейін мен есте сақтауды дамыту; ұқыптылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.	баланың қолдарына кішкентай айналарды таратады да, күн шұғыласын түсіріп ойнатады. -Күн көзінде көп жүруге болмайды. Денсаулыққа зияны бар. -Күннің нұры пайдалы болса, оған қоса зиянды да болады. -Бөлмеге түскен күннің көзі микробтарды және бактерияларды өлтіреді. -Күннің көзінде көп жүрген адамның басы айналып, мұрынынан қан ағуы мүмкін. Сондықтан жазда адамдар далаға шыққанда бас киім киіп шығуы керек.	тәрбиелеу. Табиғи материалдармен таныстыруы жалғастыру. Жүннің , түйе шудасының пайдасы туралы, былғары және оның шығу тегі, пайдасы туралы білім беру. Әр түрлі аттарды санына қарай теңестіруге үйрету. **Магнитті сынау** Балалардың пайдалы азбалар және олардың қасиеті туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту. Жауапты дұрыс беруге тәрбиелеу. Балаларды магниттің кейбір заттарға тартқыш қасиеті бар екенін түсіндіріп, таныстыру. Балалрды тәжірибе қоюға пәндік – тізбек моделін құрастыруға үйрету. Маңызды белгілердің негізінде кең таралған материалдарды тұрмыс – салттарда танып біліп және бұл туралы айтуға үйрету.	жинаған топ жеңімпаз болады.	қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Музыка мен қимылдардың мәнерлілігін қабылдау қабілетін жетілдіру; музыканы және қимылдарды қабылдаудың тұтастығын дамыту.
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту)**.				

Күндізгі серуен	**Серуен №23** Аспан мен күн көзін бақылау. Мақсаты: Жазда аспан ашық, күн жарқырап шығып тұрғандағы ауа-райының ерекшелігі, тірі табиғат пен өлі табиғат арасындағы байланыс туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау барысы Көркем сөз А. Меңдібай Көкпеңбек аспан әлемі, Көлеңкені саялап, Нұрын төккен алтын күн. Көл жағасын жағалап, Қыздырып құмы табанды, Суға түсіп салқындап, Бебеулеткен жазғы күн. Жан сергіткен жазғы күн. Балаларға сұрақтар: Балалар жазғы күннің басқа жыл мезгілдерінен қандай ерекшелігі бар? Жазда көбіне ауа-райы қандай болады? Жазда күн ұзақ па, түн ұзақ па? Жаз мезгілін неге «ең қызық мезгіл» деп айтамыз? Бүгінгі ауа-райы қандай? Ыстық күннің айнала қоршаған ортаға яғни адамдарға, жан-	**Серуен №24** Аула сыпырушының еңбегін қадірлей біл. Мақсаты: Үлкендер еңбегңмен таныстыруды жалғастыра отырып, аула қараушы еңбегін бағалауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз. «Аула тазалықшысы» А. Меңдібай. Балабақша ауласында, Көмектесем мен де оған, Таң атқаннан кешке дейін, Жинап қоқыс, қағаздарды. Тынбай еңбек ететін Құметтеймін, қадірлеймін, Бар тазалық сақшысы. Еңбексүйгіш адал жанды. Ауланы да тазалайды, Ағашты да бұтайды. Су себеді гүлдерге де, Шаршамайды, тынбайды. Балаларға сұрақтар: Балалар біздің балабақшамызда кімдер еңбек етеді? Ал, біздің ауламыздың әсем де, таза болуына кім қарайды? Аула сыпырушы қандай жұмыстар атқарады? Біздер ол кісіге қандай көмек көрсете аламыз? Аула сыпырушының да балабақшада өзіндік үлкен	**Серуен №25** Ағаштар мен бұталарды бақылау. Мақсаты: Балаларды айнала қоршаған ортамен, таныстыруды жалғастыру. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру. Балабақша ауласында өсіп тұрған ағаштар мен бұталар туралы балалардың білімдерін молайту. Бақылау барысы Тәрбиеші әңгімесі Жер бетінде адамға өмір сыйлайтын, шипалы қасиетке толы алуан түрлі өсімдіктер өседі. Ағаштардың шөптердің, гүлдердің, бұталардың әрқайсысының орны әр бөлек. Олардың өздеріне тән қасиеттері бар. Ағаштар ең қажетті оттегін бөліп, ауаны тазартады. Өмірде тұрмысқа қажетті көптеген заттар жасалады. Өсімдіктердің ішінде шөптерге, гүлдерге, бұталарға тоқталсақ, олардың түрі біздің елімізде өте көп. Олардың емдік қасиеттері ертеден белгілі. Осындай өсімдіктер біздің	**Серуен №26** **Сутоғанға мақсатты серуен** Мойыл өсімдігін бақылау. Мақсаты: Балаларға мойыл өсімдігі, оның пайдасы туралы білім беру. Табиғат байлығына деген құрмет сезімдерін арттыру. Бақылау барысы Балалар біздің осыдан біраз уақыт бұрын су жәағасына келгеніміз естеріңде ме? Ол кезде су жағасы қандай еді? Қазір айналадан не көріп тұрсыңдар? Су тоған жағасының жазғы кейпі қандай екен? Тәрбиеші әңгімесі Балалар біз бүгін сендермен мойыл өсімдігімен танысып, бақылаймыз. Мойыл өсімдігі су жиегінде көбірек өседі. Мойыл- тек қана емдік өсімдік емес, сәндік те өсімдік. Мойыл гүлдеген кезде сәнділігімен көздің жауын алады. Оның хош иісі мұрын жарады. Мойыл мамыр-маусым айларында гүлдейді. Гүлдері ұзақ уақыт тұрмайды, бірнеше күн аралығында қардай борап жер бетін жабады. Мойылдың жемісі тамыз-қыркүйек айларында піседі.	Серуен №27 Гүлдерді бақылау Мақсаты: Балабақша ауласына отырғызылған гүлдердің өсуі мен гүлдеуін бақылау, олардың әртүрлілігіне, әсемдігіне, гүл шешегінің құрылысына, иісіне назар аудару. Бақылау барысы Көркем сөз «Гүлдер» А. Меңдібай Аула іші жайнайды, Қызыл-жасыл гүлдермен. Көз қараса тоймайды, Әсем еді не деген! Өзім қолмен еккен ем, Әсем гүлді көптеген. Бойын салып сыланып, Күн мен судан нәр алып, Өсіп қапты әдемі-ақ! Тәрбиеші сұрақтары: Балалар, ең алғаш бұл жерге не сепкен едік? Дәннен не пайда болды? Гүлдің өсу жолы қалай жүреді? (әуелі жапырақша, сосын өскін, одан кейін гүл пайда болады) Мына гүлдер қалай аталады? Гүлдер туралы қандай мақал мәтелдер, тыйым сөздер білесіңдер? Зерттеу жұмысы Аулада өсіп тұрған бархат, астра,

	жануарларға, өсімдіктерге қандай әсері бар (егін піседі, құстар балапан шығарады, аралар гүлдерден бал жинайды т.б)? Балалар, назарларыңды жарқыраған күн көзіне, мөп-мөлдір аспан әлеміне аударыңдаршы. Керемет емес пе?! Күн көзі жер ананы, барша табиғатты мол шуағына бөлеп тұр. Осы күннің шуағынан нәр алған ағаштар мен гүлдер жайқалып өсуде. Алтын күн төккен нұр, Аспаным көктеңбіл. Алмайық кірлетіп, Айнаны мөп-мөлдір. Еңбек: Құмсалғышты құммен толтыру. *Мақсаты:* Балаларды өз-өзіне қызмет етуге, өз қажеттіліктерін түсініп әрекет етуге баулу. Қимылды ойын: «Күн мен түн». Мақсаты: Ойын ережесін сақтап ойнауға дағдыландыру, зейіндерін дамыту. Жеке жұмыс: «Табиғатым тамаша» тақырыбында асфальтқа сурет салу.	орны бар. Ол балабақша ауласының тазалығына, гүлдер мен ағаштардың жақсы өсуіне, аулады сендерге зиян немесе кедергі келтіретін бөгде заттардың болмауына қарайды. Ол кісінің еңбегін дұрыс бағалап, көмектесіп отыруымыз керек. Қажетсіз заттарды кез келген жерге лақтыруға, ауланы бүлдіруге болмайды. Еңбек: аула сыпырушыға көмек жасау: кесілген бұтақтарды, жиналған қоқыстарды тасу. *Мақсаты:* Үлкендер еңбегін бағалауға, көмек көрсетуге тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Итеріспек» *Мақсаты:* Күштілікке, ептілікке, ойын кезінде бірін-бірі түсіне білуге баулу. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту. *Мақсаты:* кедергілер арасынан, затты құлатпай ирелеңдеп жүгіруге жаттықтыру. *Мақал-мәтелдер: Ердің атын еңбек шығарар. Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті.*	балабақша ауласында да кездеседі. Балаларға сұрақтар Біздің балабақша ауласында қандай ағаштар өседі? Қандай гүлдер өседі? Қандай бұталар бар? Ағаштар мен бұталардың қандай айырмашылықтары бар? Зерттеу жұмысы Терек ағашы мен сирень бұтасының жапырақтарын салыстыру, айырмашылықтарын атау. Еңбек Ағаштар түбін қопсыту. *Мақсаты:* Ағаштарға күтім жасау, еңбекке баулу. Қимылды ойын: «Ақ серек, көк серек» *Мақсаты*: ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ойын шартын сақтап ойнауға баулу. Жаттығу ойындары: Қимылдарын дамыту *Мақсаты:* Допты оң және сол қолмен 10 реттен үздіксіз жерге соғу. *Мақал-мәтелдер:* *Гүл-араға, бал-балаға.* *Дана көптен, дәрі шөптен.* *Құнарлы шөп, қосымша*	Қоңыр күзде жемістер өте дәмді болады. Мойылдың емдік қасиеті өте жоғары: іш ауруларын, көз ауруларын, безгек ауруларын осы мойылдың жидектерінен, гүлінен, қабығынан жасалған дәрілер арқылы емдейді. Мойылдың емдік және көңілге қуаныш ұялататын қасиетін ескере отырып, оның бұтақтарын сындырмай, гүлдерін жұлмай сақтаған дұрыс. Себебі келесі көктемде тағы да мойыл өсіп шығуы керек екенін ұмытпаған жөн. Зерттеу жұмысы. Мойыл өсімдігінің бұтақтары мен жапырақтарының құрлысын қарау. Басқа өсімдіктерден қандай айырмашылықтары бар екенін табу. Су жиегінен алыстау алаңқайда балалармен ойындар өткізу. Қимылды ойын: «Ормандағы аюда» *Мақсаты*: Балаларды аңғарымпаздыққа, кеңістікті бағдарлай білуге баулу. Балалармен айналаны, табиғат көрнісін қызықтау. Жәй ойындар ойнау.	георгин гүлдерінің жапырақтарын, сабақтарын, шешектерін, бойларын салыстыру, түстерін атау. Иіскеп көру. Еңбек: Гүлзардағы гүлдерге су себу, айналасын тазалау. *Мақсаты:* Гүлдерді күтіп, оған қамқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: Тез жүгіруге, аңғарымпаздыққа баулу. Жаттығу ойындары: Секіру. Мақсаты: Балаларды жүгіріп келіп ұзындыққа секіруге жаттықтыру. *Жұмбақ:* *Үзуге қимайсың,* *Достарға сыйлайсың.* *(гүл)*

			сүт.		
Серуеннен оралу	Серуеннен оралу кезіндегі ескертулер: - учаскіден шығар алдында, аяқ-киімді, қалталарды құм-қоқыстан қағу; - балабақшаға кірер алдында балаларға аяқтарын жақсылап құрғату; - ғимаратқа тыныштықпен, есікті тарс жаппай кіру; - серуенге шығарылған жабдықтар мен ойыншықтарды белгілі жерге тізіп қою; Балалардың жүйелі түрде жылдам шешіне білу, киімдерді шкаф сөрелеріне ұқыпты орналастыра білу қабілеттерін жетілдіру. Жеңдерін түріп, қолдарын сабындап, суды жан-жаққа төкпей, тазарғанша жуа білу дағдысын дамыту. Айнаның алдында беті мен үстін бақылап, шашын тарап, асқа толық қанды дайын түрінде келуге машықтандыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Гигиеналық шаралар	**Гигиеналық дағдылар** Үстелге дұрыс отыру, ұқыпты тамақтану, тамақты қасықпен ғана қабылдау, майлықты қолдану қабілеттерін бекіту; тамақтану мәдениетін жетілдіру. **Көркем сөз** Нәйім-нәйім, бауырсақ, Қойға қарай жүгірсек, Қой ішінде көк ісек, Жақсы бала малсақ, Жаман бала үй күшік. Нәйім-нәйім бауырсақ, Бауырсақты қуырсақ. Жақсы бала малсақ, Жаман бала ауылсақ. (І.Жансүгіров) **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Түскі асқа дайындық	Қажет болса, тамақтанар алдында балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, қолдарын жуғызу.				
Түскі ас	Ас қабылдау алдында бір-біріне жақсы тәбет тілеп, лебіз айтуға үйрету. Тамақтану ережесін сақтау, ас құрал-жабдықтарын дұрыс пайдалану. Әдепті тамақтану. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын!				

	Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Күндізгі ұйқы	Тәтті ұйқы» Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	«Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату	Жағымды қазақ әндері қосу: «Әлди-әлди ақ бөпем», «Балбөбегім», «Ұйықтасын тыныш сәбилер», «Кішкентай адам», т.б.	«Тәтті ұйқы» Ұйықтар алдында шығыс әуені қойылады. Балалар сиқыршыға айналып, кілем үстінде малдас құрып отырады. Қолдарын тізелеріне қойып,иектерін тізелеріне тигізіп, көздерін жұмып, денелерін бос ұстайды. Әуен біткен кезде ақырындап, үндемей төсектеріне барып жатады.	«Қазақтың ертегілері» кітапбынан ертегілер оқып беру, балалардың денесін сипалау, уқалау арқылы ұйықтату
Ұйқыдан тұру	Гимнастика элементтерімен баяу көтерілу. Ауа процедураларын қатайту (контрастты). Аяқ массажы. Мақсат-міндеттер: төсекте жатып гимнастикалық жаттығуларды қалай жасауға болатындығын үйрету. Резеңке төсеніштермен және ағаш жолмен жүре отырып, аяқты уқалауды үйрету. Гимнастиканы дұрыс және синхронды түрде орындау. Гимнастикалық жаттығуларға сай өлеңдер жаттау. **(дене шынықтыру, қарым-қатынас іс-әрекеті)**				
Бесін асқа дайындық. Бесін ас	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. **"Тазалық-денсалық кепілі".** Мақсат-міндеттер: қолды жуу ережелерін бекіту; ойын-жарыстар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балаларды өзін-өзі бақылауға дағдыландыру. *Көркем сөз* Тиін жаңғақ жарады, Ешкі шөп жеп барады. Құстар дәнді шоқиды,				

	Ұлу отыр қоқиып. Сүйекті жеп күшігім, Ара балды сорады. Жемге тойған бұзауым, Қамаулы тұр қорада. Ботқа жеймін дейсің бе? Қазір жасап беремін. Сүт ботқасын көп жесең, Жылдам өсіп кетесің. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, қарым-қатынас іс-әрекет)**				
Тәрбиеші мен баланың еркін әрекеті	**"Табиғат және адам" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың адам не жасайтыны, табиғат адамға не беретіні туралы білімдерін жүйелеу. Ойын барысы. "Адам не істеді?" - тәрбиеші сұрақ қойып, бір затты ойыншылардың біріне береді (немесе допты лақтырады). Бала жауап беріп, допты немесе затты жақын тұрған балаға береді. Осылай шеңбер бойымен бір-біріне затты немесе допты береді. Шеңберді аяқтағаннан кейін тәрбиеші жаңа сұрақ қояды: "Табиғат нені тудырды?" Ойын шеңбер бойымен жалғасады; жауап бере алмаған бала шеңберден шығып, оны өткізіп жібереді, бірақ егер ол сөзді ойлап тауып,	**"Өсімдікті керекті дыбыспен ата" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларда фонематикалық естуді, шапшаң ойлауды дамыту. Ойын барысы. Тәрбиеші айтады: Атауы «А», «К», ... дыбыстарынан басталатын өсімдіктер туралы ойла». Кім көбірек қоңырау шалса, сол жеңеді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)** **"Ақ сүйек" қимыл-қолғалыс ойыны.** Өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуге дамытуды жалғастыру, ереженің нормасын және тәртібін орындау. **(дене шынықтыру)**	**"Не естігеніңді айт" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: толық сөйлемдерді жауаптарда қолдануға үйрету; фразалық сөйлеуді дамыту. Ойын барысы. Педагог балаларды көздерін жауып, мұқият тыңдап, қандай дыбыстарды естігендерін анықтауға шақырады (жаңбыр шуы, көлік сигналдары, құлап тұрған жапырақтың сыбдыры, өтіп бара жатқан адамдардың әңгімесі және т.б.). Балалар толық сөйлеммен жауап беруі керек. Ең көп естілген дыбыстарды атайтын адам жеңімпаз болады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**“Көбелектер, бақалар” қимыл-қолғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын , бұлшық еттерін жетілдіру, ойын арқылы көңіл-күйлерін көтеру. Ептілікке, шапшаңдыққа, қызыға ойнауға баулу, ойынға деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру. Жәндіктерге қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу. Ойынның барысы. Батпақтың шекарасы төртбұрышты етіп белгіленеді. Мұнда бақалар өмір сүреді. Гүлдерге көбелектер ұшып келіп қонады. Үлдар бақа сияқты секіреді, қыздар көбелектер сияқты ұшады. **(дене шынықтыру)**	**"Жер, су, ауа, от" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру. Ойын шарты. Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, ұй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың атарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды. Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады. «Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде

	атаса, оны қайтадан ойынға қосады. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**	**"От- су" қимыл-қолғалыс ойыны.** Мақсат-міндеттер: жүргізушінің есептеуді таңдау талабын нығайту; белгі бойыша әрекет етуге үйрету. "От" - бәрі отыра бастайды, "Су" - айналым бойынша бір жаққа ағады. Ойында жолдастарының және өзінің ойын нәтижесін дұрыс бағалауға үйрету. **(дене шынықтыру)**			қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді. **(қарым-қатынас іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет)**
Серуенге дайындық	Серуендеудің мақсаттары мен міндеттеріне байланысты педагог гигиеналық талаптарға сай қажетті сыртқы материалды, санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес келетін балалар қызметінің әр түрлі нұсқаулықтарын дайындайды. Педагог балалардың өзіндік іс-әрекеттерін қадағалап отыруы керек: олардың толық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, нұсқаулықтарды мақсатына сай қолдануға үйрету, серуендеу барысында балалардың іс-әрекетін үнемі бақылау. Серуендеуге дайындық топта да жүреді: терезеден қарап, бізді тосын сый күтіп тұрғанын немесе біреу күтіп тұрғанын айтуға болады (бұл алдын-ала дайындалған ойыншық болуы мүмкін). Балаларға ескерту: киіну бөлмесіндегі тәртіп ережелерін, киіну ретін, қажет болған.				
Серуен	**Еңбек:** Асбұршақ тұқымын отырғызу. Мақсаты: -асбұршақ тұқымын отырғызу дағдыларын қалыптастырады; **Педагог жетекшілігімен ойын:** «Алакүшік» Мақсаты: -жылдамдыққа, тез шешім қабылдай білуге, сергектікке үйретеді. (жанама бақылау)	**Еңбек:** Гүлдер отырғызу. Мақсаты: -тәрбиешінің берген тапсырмасын орындайды, топпен жұмыс жасай алады. -өсімдіктің өсуі мен дамуы туралы білімдерін бекітеді;	**Еңбек:** Қураған ағаштарды жинау. Мақсаты: -еңбек етуге, тапсырманы орындағанда жауапкершілікке тәрбиелеуйді; **Еркін ойын:** «Қуалап соқ» Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа баулиды. (тікелей бақылау)	**Педагог жетекшілігімен ойын:** «Хан алшы» **Мақсаты:** - қазақ халқының әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен танысады -еңбекқорлыққа, мәдениеттілікке тәрбиелейді; (жаппай бақылау)	**Еңбек:** Алаңдағы сынған бұтақтарды жинау. Мақсаты: -еңбекке оң көзбен қарауға тәрбиелейді, тапсырманы жауапкершілікпен орындайды. **Еркін ойын:** «Ақсерек» Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа баулиды. Ұжымшылдыққа тәрбиелейді. (тікелей бақылау)

Үйге қайту **Ата-анаға кеңес**	Ата-анамен күн нәтижесі және алдағы күнге жоспарланған күн тәртібі туралы әңгімелесу. Сұрақ-жауаптар: "Баланың сұраныстары мен қажеттерін қалай ескересіз?"				

Жазғы сауықтыру кезеңінің циклограммасы

Білім беру ұйымы:
Топ: «»
Балалардың жасы:
Жоспардың құрылу кезеңі: 11.08-15.08.2025 жыл
Тақырыпша: «Мен және қоршаған орта»

Күн тәртібінің кезеңдері	**Дүйсенбі** **«Би күні»**	**Сейсенбі** **«Қаланың сәулет құрылыстары күні»**	**Сәрсенбі** **«Әдептілік-әдемілік»**	**Бейсенбі** **«Музыка күні»**	**Жұма** **«Балабақша күні»**
Балаларды далада қабылдау	Балаларды қабылдау, әр балада жайлы психо-эмоционалдық көңіл-күй қалыптасуына жағдай жасау. Серуендеу, балалармен әңгімелесу, басқа балаларды қабылдап болғанша өз бетімен еркін ойнауға немесе басқа балалармен бірге ойнауға болатын ойын түрлері, ойыншықтары бар ойын алаңдарын дайындау және т.б. **"Кірлеген орамалдарды ауыстыру".** Мақсат-міндеттер: еңбекке деген тұрақты қызығушылықтарын, тапсырманы тиянақты орындау ұмтылыстарын қолдау. Орамалдарды бөлек ұяшыққа ілуге үйрету. Еңбектенуге, ересектерге көмектесуге деген ниетке тәрбиелеу. **(еңбек дағдылары)**				
Таңғы гимнастика	Бала ағзасының физиологиялық белсенділігін арттыратын ойын, жүгіру, ырғақты қимыл-қозғалысты қамтитын кешенді гимнастикалық жаттығу түрі. Жаттығу барысында балалардың дұрыс тыныс алуын бақылауда ұстау. **Жалпы дамыту жаттығулары (таяқшалармен)** 1. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - бастарына қояды;3 - таяқшаны жоғары көтереді; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.				

	1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - қолын түзу ұстап, оң жаққа иіледі; 3 - таяқшаны жоғары көтеріп, тіктеледі; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - 2 - отырып, таяқшаларын жоғары көтереді; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: дене тік, таяқшаны артқа ұстайды. 1 - 2 - таяқшаны жоғары көтеру; 3 - 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: жерде отырады, аяқ алшақ, таяқшалар бас жағында. 1 - таяқшаларын жоғары көтереді; 2 - иіліп, таяқты оң аяғының басына тигізеді; 3 - тіктеліп, таяқты жоғары көтеру; 4 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 6. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқша төменде. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяқты алшақ ұстап, секіру; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, қолды бүгіп, таяқшаны көкірек тұсында ұстау. 1 - таяқты жоғары ұстап, аяғын оң жаққа аяқтың ұшымен қою; 2 - бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)**
Гигиеналық шаралар	Мәдени тамақтану дағдыларын қалыптастыру: тағамды төкпеңіз, сорпаны нанмен жеңіз; майлықты қажеттілігіне қарай қолдануға үйрету Сабындаған кезінде Ашытады көзіңді, Бола білсең төзімді, Тап-таза етер өзіңді. Тазалықтың досы Сабын деген осы. **(көркем әдебиет, дене шынықтыру)** Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. ***Ойын- жаттығу:*** Дастарханның басында, Әдептен біз озбаймыз. Үлкендердің қасында, Қолды бұрын созбаймыз.
Таңғы асқа дайындық	Балалармен бірге ойыншықтарды орнына жинау, олардың жауапкершіліктерін арттыру мақсатында кезекшілік ұйымдастыру. Тамақтанар алдында қол жуу ережесін сақтап жуғызу. **Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру.** **Көркем сөз.** Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды.

	Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**				
Таңғы ас	**"Қолдарымызды тап-таза ғып жуайық" ойын жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: жуу алгоритмін бекіту. Тамақ ішу мәдениетімен таныстыру. Қасықты, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Тамақтанғанда, шай-су ішкенде сөйлемеу. Тамақ ішкеннен кейін қолды және бетті жуғызу. **Көркем сөз.** Сабынымды аламын, Алақанға саламын. Көпіртемін жақсылап, Қолды жуам мұқият. Білек, бетті, мойынды, Жуамын да, сүртемін. Тап - таза, көңілді боп, Мен үнемі жүремін. Осы сөздерден кейін балалар таңғы асты іше бастайды. Таңғы ас кезінде педагог балалардың орындықтарда дұрыс отыруын қадағалайды. Егер үстел басында отырған бала өз қалпын сақтамаса, оған жақындап, дұрыс отыруды сұрау. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**				
Тәрбиеші мен балалардың еркін әрекеті	**«Би күні»** «Халық биі» бейнесін көру, би: импровизация, жаңа би қимылдарын үйрену **Іс-шара мақсаты:** патриотизм мен Еліміз - Қазақстан Республикасы, бас қаламыз - Астана үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту. **Дене шынықтыру**	**«Қаланың сәулет құрылыстары күні»** Қаланың сәулет құрылыстары туралы бейнероликтерді, иллюстрацияларды қарау, олар туралы әңгімелесу **"Адымдар" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: сөздік қорларын кеңейтуге ықпал ету, тілді дамыту. Сипаттау: екі топ бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Олардың арасынан бөлу сызығы жүргізіледі.	**«Әдептілік – әдемілік»** «Жақындарыңды немен және қалай қуантуға болады?», «Кішкентай көмекшілер», «Менің жақсы істерім», әңгімелесу. «Әдепті бала», балалармен бірге қысқа диалогтарға құрылған көріністерді ойнату арқылы, оның бойында әдептілік қалыптастыру. Көркем шығарма оқып беру. **Дидактикалық ойын «Досыма достық**	**«Музыка күні»** «Әнші балапан» ән байқауы) Би алаңы **"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны.** Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері.	**«Балабақша күні»** Балабақша туралы әңгіме, «Біздің сүйікті балабақша» сурет көрмесі, құмнан «Балабақша» құрылысын салу, «Балабақша» сюжеттік-рөлдік ойыны **Дене шынықтыру 09:30** **Маман жоспары бойынша** **"Сөз мағынасы" ойын-жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: өз ойын нақты жеткізуге, заттың ерекшелігін сипаттай отырып, оның

	11:00 **Маман жоспары бойынша** **"Домино" дидактикалық ойыны.** Мақсат-міндеттер: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс атауға, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. **(танымдық дағдылар)** **"Қайсы ең ауыр?"**	Әртүрлі тақырыптарды қолдануға болады, қажет сөзді атап, адым жасауға болады. Бөлу сызығына бірінші жеткен топ, жеңіске жетеді. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **"Қызғалдақтай саусақтар" саусақ жаттығуы.** Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Қызғалдақтай саусақтар, Өсіп тұр қатар-қатар. (Саусақтарды жыбырлату) Бір - саусақ, қызғалдақ, Екі - саусақ, қызғалдақ, (Саусақтарды кезегімен жұдырықтан шығарып отыру) Үш, төрт, бес саусақ, Барлығы да қызғалдақ. (Қолдарды тік ұстап, айналдыру) Қолда бір шоқ қызғалдақ, (Алақандарды өзара уқалау) Шапалақ қақ, шапалақ. (Шапалақтау) Д. Ахметова. **(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** **Көркем әдебиеттен ойын-**	**лебізім». Сюжетті-рөлдік ойын «Супермаркет», «Сән салоны» «Құм әлеміне саяхат».** Балалар біз құм әлеміне саяхатқа барамыз. (тізбектеліп билеп барады) Құм әлемінеде келдік. Құм жол құрылысына жұмсалады. Оны цементке қосып, дайындалған лай ертіндісін үй салған кезде кірпіштерді ұштастырады. «Құммен сурет салуды үйренеміз». Осы ұйымдастырылған оқу қызметінде балалармен бастапқы кезеңде әрқайсысымен жекелеп өткіземін. Бір заттың бейнесін саламыз немесе көшірме қағаз арқылы бейнелейміз. Суреттің ортасына жіңішке қылқаламмен желім жағып үстіне құм себеміз, 1-2 минуттан соң артық құмды алып тастаймыз да, қайта өз ыдысына қалдық құмды саламыз.	Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорғалайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. **(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)** **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".** Мақсат-міндеттер: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру. Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар	қолданылуының негізгі түрін көрсете білуге үйрету. Балаға сөздің мағынасын түсіндіруді ұсыну: "велосипед", "пышақ", "қалпақ", "доп", "хат", "қолшатыр", "жастық", "шеге", "есек", "гауһартас", "біріктіру", "күрек", "қылыш", "ыңғайсыздық", "ержүрек", "батыр", "өлең" және т. б.. **(сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)** **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу** "Жидектер" Мақсат-міндеттер: Балалардың жидектер туралы, олардың сыртқы түрінің ерекшеліктері, өсу орындары туралы, олардың түрлерімен, адам өміріндегі пайдасымен таныстыру; жидектер мен олардан жасалатын өнімдердің атауларына байланысты сөздік қорларын байыту, "жидектер" туралы жалпылама түсініктерін қалыптастыру; еске сақтау, байланыстырып сөйлеу, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу. **Мүсіндеуден ойын-жаттығу**

	логикалық жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың заттардың өлшемдері жайындағы түсініктерін бекіту; заттың жеңіл немесе ауыр екенін суретке қарап білуге дағдыландыру; ойлау қабілеттерін дамыту, зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: заттар және олардың заттық суреттері (алма, кесе, сопақ пішінді шар, дөңгелек пішінді шар, жұмыртқа, қарбыз, лимон, доп, қияр) Педагог әуелі дөңгелек пішінге ұқсайтын, содан соң сопақшаға ұқсайтын заттарды салыстыруға ұсынады. Жауаптарын айтып болғаннан кейін балалар шынайы заттарды қолға алып, қайсы жеңіл не ауыр екендігін тексеріп табады. Жаттығуды тек екі заттан салыстырып көруге болады. Балалар заттың көлемі мен оның салмағы бірдей еместігін	**жаттығу** Ы. Алтынсарин "Аурудан аяған күштірек" (әңгімесін оқу, мазмұны бойынша әңгімелеу) Мақсаты: Балаларды өмірдің әртүрлі жағдайларында саналы әрекет жасауға үйрету; анаға деген құрмет сезімдерін тәрбиелеу, орын алған жағдайларды бағалай білуге дағдыландыру; өзіне және өз күшіне сену қасиеттерін дамыту; анасына деген құрмет сезімге тәрбиелеу.	«Суретті құммен саламыз». Ұйымдастырылған оқу қызметінде түрлі түсті гуашпен боялған және түрлі табиғи реңкі бар құмдарды қолданамыз. Түрлі түсті құмды біртіндеп желіммен әр түсті жеке алып отырып, суретті шығарамыз. **№1 тәжірибе** Ыдыстағы құмды тутікше арқылы үрлейміз.желдің әсерімен жылжып төбешіктерге айналады ия. Енді ылғалды құмды байқайық,құмды үрлеп көрейік үрленбейді. **№2 тәжірибе** Жақын көрсететін шынымен қарап құмның пішіндерін анықтайық. Енді ылғалды құмды байқайық олар бір-біріне жабысып пішіндер көрінбейді.құмның түсі қандай? Сары,ақшыл ,ал ылғалды құм қаратүсті.	бейнеленген суретті-бетперделер. Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, (""Түймедақ"" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар (""Аралар"" мен ""көбелектер"" жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Шөп арасын қарасаң, Бүлдірген бар қызарған.(""Бүлдіргендер"" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды) Жасырынып жатқаны, Көзге түспей, тәп-тәтті! Еңкейіп кеп, ерінбей, (Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады) Теріп салам себетке. Кіп-кішкене, моншақтай, Әсер етер тәбетке. Аударған А. Көкенова. **(көркем әдебиет)**	"Ертегідегідей гжель" Мақсаты: "Ертегідегідей Гжель" тақырыптарында балалардың сөздік қорын дамыту. Балаларды ермексазбен дәстүрлі емес тәсілдермен жұмыс істеуді үйретуді жалғастыру; ұсақ қол маторикасын дамыту; өткен мүсіндеу тәсілдерін бекіту; тегістеу, кесектен үзіп алу; гжель ыдысы, ертеде, қолөнер шеберлері, т.б. *«Ыдысты құрастыр» ойыны.* **Дене шынықтырудан ойын-жаттығу** "Құлпынайдан жасалған тосап" Мақсат-міндеттер: Балаларды бір орында тұрып екі аяқпен секіруге үйрету; балаларда сапта бір-бірден аяқтың ұшымен жүру; аяқтың ұшымен жүгіру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы құрсауларды домалату іскерліктерін жетілдіру.

	түсіндіреді. Педагог заттардың қасиеттеріне көңіл аудару туралы айтады. Мысалы: әуе шары жеңіл ауаға толған, қарбыз - жидектің шырыны мен тұқымдарына толған (яғни су салмақты қосады). (				
Серуенге дайындық	Киіміне арналған шкафты білу, өз киімін танып, көрсетуді, атауды дамыту. Киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию. Ойыншықты ұқыпты ұстап әрекет жасауға ынталандыру. (**өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ мотериканы дамыту)**.				
Күндізгі серуен	**Серуен №28** Табиғатты бақылау Мақсаты: Қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Жаз мезгілінің соңына қарай табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай мезгіл?» А. Меңжанова Қойның толы жеміске, Көк майсалы еңістe, Көбелек қуып ойнайтын, Қай мезгіл деп ойлапйсың? Балаларға сұрақтар Бүгінгі ауа-райы қандай? Айналадағы ағаштар бейнесі қандай? Ағаштар жапырақтары неге түсіп жатыр? (кейбір ауыратын немесе кәрі	**Серуен №1** **Жаздың белгісін байқау** Мақсаты: балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқай білу және оны анықтап айта білу дағдыларын дамыту. (күннің ұзаруы, өсімдіктер дүниесінің әсемдігі, ауа-райының өзгешелігі т.б.). Бақылау барысы Көркем сөз: «Жаз» С. Оспанов Ауыл қонды жайлауға, Дала жатыр жадырап. Қой қаптады қойнауда, Қозы, лақтар жамырап. Жаз жайдары, алақай,	**Серуен №2** Табиғатты бақылау Мақсаты: қоршаған ортаны, табиғатты, ауа – райын бақылау. Табиғатқа, табиғаттағы тіршілік иелеріне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Көркем сөз «Жаз» Ә. Ахметов Нұр тұнып, құлпырып, Айнала жайнады. Тұр күнге ұмтылып, Алма ағаш бақтағы. Өзен жай ағады, Жағасы балауса. Көбелек қағады, Қанатын жалауша. Балаларға сұрақтар Бүгінгі ауа-райы қандай? Жазда жан-жануарлар қалай тіршілік етеді?	**Серуен №3** Жәндіктерді бақылау Мақсаты: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау жұмыстарын жалғастыру. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: Жәндіктерге нелер жатады? Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп-ақ. Олардың өз	**Серуен №4** Бағдаршам жұмысына бақылау Мақсаты: бағдаршам туралы балалардың білімдерін бекітіп, тереңдете түсу, жолда жүру ережесін қатаң сақтауға тәрбиелеу. Бақылау барысы Сұрақтар: 1. Бағдаршамның қандай белгісіне жаяу жүргіншілер жүре бастайды? Машина жүргізушілер қандай белгі берілгенде жүреді? 2. Бағдаршамның төрт жағындағы шамдар қалай жанады? 3.Неге бағдаршамның екі жағынан қызыл шамдары, екі жағынан жасыл шамдары жанады? Бұл

